TAMOS education

STUDENT'S Handbook

Мазмұны

Миссия туралы мәлімдеме, «TAMOS Education» мектебінің мақсаттары мен міндеттері 4

1 Мектептің жалпы саясаты

1.1 Желіні қолдану қағидалары 6
1.2 Қорлауға қарсы іс-әрекеттер саясаты 8
1.3 Балаларды қорғау саясаты 13
1.4 Оқушыларды қорғау саясаты 17
1.5 Оқу процесінің регламенті 19
1.6 Киберқудалау саясаты 21
1.7 Дербес деректерді қорғау саясаты 24
1.8 Оқушылар туралы ақпаратқа қол жеткізу құқығы саясаты 26
1.9 Тепе-теңдік пен әртүрлілік принциптері саясаты 29
1.10 «TAMOS Education» тілдер саясаты 30
1.11 Қауіпсіздік талаптарына сай қадрлік саясат 33
1.12 Қатыгез қарым-қатынас белгілері анықталған кездегі мектеп саясаты 37
1.13 Тәртіп бұзушылықтар туралы ақпараттандыру саясаты 40

2 Ата-аналар саясаты

2.1 «TAMOS Education» мектебінің күн тәртібі 43
2.2 «TAMOS Education» сабақтарына қатысу саясаты 45
2.3 Тәртіп ережелері 46
2.4 «TAMOS Education» мектебіне қабылдау саясаты 48
2.5 Академиялық саясат 52
2.6 Ата-аналардың шағым беруі мен оны қарастыру рәсімдері 55
2.7 Мектеп автобусын қолдану саясаты 61
2.8 Оқушылардың тәртіп кодексі 64
2.9 «TAMOS Education» дресс-коды 66
2.10 Өзіндік жұмыс саясаты 68
2.11 Тәртіптік жаза саясаты

3 Денсаулықты қорғау және қауіпсіздік саясаты

3.1 Өрт және эвакуациялау саясаты 72
3.2 Денсаулықты қорғау мен қауіпсіздік негіздері 73
3.3 Медициналық қызмет көрсету саласындағы саясат 79
3.4 Бала жоғалту кезіндегі саясат 81
3.5 Қауіп-қатерді бағалау саясаты 82

Кембридж бөлімінің Директорының сөзі

Құрметті ата-аналар мен оқушылар!

«TAMOS Education» мектебіне қош келдіңіздер! Біз сіздермен осы және одан да кейінгі жылдары ынтымақтастықта болуды асыға күтудеміз!

Мұғалім ретінде біз Қазақ, Орыс немесе Кембридж бөліміне түскен әр оқушы үшін ең үздік білім беруге ұмтыламыз. Біз әр оқушының өз әлеуетін жүзеге асыруына мүмкіндік беретін стратегияларды әрдайым іздеп, құрастырып және енгізіп отыруға, өз білімімізді сынып деңгейінде және одан ары қарай таратуға тырысамыз. TAMOS білім беру саласындағы біздің негізгі мақсатымыз оқушыларымызды белсенді әрі тәуелсіз, халықаралық бірлестіктегі әлемнің азаматы ретінде шығармашыл, сыни және әдепті ойлауына мүмкіндік беретін өмірге дайындау болып табылады.

Біз әр оқушының бірегей дарындылығын анықтау үшін оқытудың әдістерін құрастырудағы жауапкершілігімізді жақсы түсінеміз. Оқушыларымызды академиялық салада ғана емес, сынып кабинеттерінде, сахнада, спорт алаңдарында, пікірталас залдарында жеткен жетістіктерін көрсете отыра, оларды ары қарай дамытуға тырысамыз.

Мектеп - қоғамның көрінісі, «TAMOS Education» мектебінде де оқушыларымыз ата-аналарының, өзге оқушылар мен өз істеріне адал қызметкерлеріміздің сансыз қолдауының арқасында үлкен жетістіктерге жетеді. Өйткені баланы тәрбиелеу үшін отбасының керегі анық.

Бұл нұсқаулық ата-аналар мен оқушыларға мектеп жұмысы туралы ақпараттарды беру үшін дайындалған. Ол мектеп ережелері мен рәсімдері туралы сіздер қойған көптеген сұрақтарыңызға жауап береді. Егер сіздің қосымша сұрақтарыңыз болса, мектептегі өз мұғаліміңізге хабарласып, сөйлесе аласыз. Сонымен қатар www.TAMOS-education.kz мекенжайы бойынша өтіп, мектептің веб-сайтына кіре аласыз.

Біз оқушыларымызға қамқорлық жасауда өз міндеттерімізге асқан байыптылықпен қараймыз, сондықтан бізде қауіпсіздік ережелері жоғары деңгейде. Алайда сіз сынып жетекшіңізбен немесе осы сұраққа қатысы бар қызметкермен кездесу туралы келісіп, әрқашан мектепке келе аласыз.

Оқу жылы барысында бізде көптеген сан түрлі іс-шаралар өткізіледі және мектебімізге ата-аналарымыздың келгенін асыға күтеміз.

Келер оқу жылында сіздер мен балаларыңызға халықаралық, жан-жақты білімді, академиялық және әлеуметтік тәжірибе әкеледі деп үміттемін.

Біз өзіміздің оқушыларымызға және TAMOS отбасысына сенеміз.

Ізгі ниетпен:

Пол Колльер-Вудс

Кембридж бөлімінің директоры

Кіріспе

«TAMOS Education» Физико-математикалық мектебі 1997 жылы құрылған. 2007 жылы қазақ бөлімі ашылып, 2016 жылы физико-математикалық мектебі мен лингвистикалық гимназия ашылған болатын, ал 2018 жылдың ортасында – балабақша, 2019 жылы – мектепке дейінгі сыныптар есігін алғаш рет ашты.

«TAMOS Education» екі кампуста орналасқан. Бірі Алматының қақ ортасында болса, екіншісі қаланың шетінде орналасқан. Алматының ортасында, Ә. Кекілбайұлы көшесі, 129/4 мекен-жайы бойынша орналасқан кампус екі мектептің ең ескісі, 1998 жылы ашылған. Онда бастауыш мектеп, 1-4 сыныптар білім алады. Жалпы білім беруден басқа онда арнайы физико-математикалық сыныптар бар. Онда 16 сынып бөлмесі, 4 мектепке дейінгі сынып, 2 көркемөнер сыныбы, 2 компьютер сыныбы, 2 үлкен спорт зал, би студиясы, 2 музыка сыныбы, 2 жабдықталған театр сыныбы, 1 жаратылыстану, 1 шахмат бөлмесі, 15 тіл кабинеті, медицина орталығы, әкімшілік ғимараты және қауіпсіздік орталығы орналасқан. Барлық сынып бөлмелері Smartboard, проекторлар және компьютерлермен жабдықталған.

Екінші кампус Бостандық ауданы, Жұлдыз 100/1 мекенжайында орналасқан, және де ол бес ғимарат пен спорт орталығынан құралған. Алғашқы ғимараттың құрылысы 2016 жылы, екіншісі - 2017 жылы, үшіншісі - 2018 жылы аяқталған. Аталмыш үш ғимарат өзара дәліздер арқылы біріктірілген. Сондай-ақ, онда медициналық орталық, әкімшілік ғимараты, кітапхана мен негізгі басқару кеңсесі орналасқан. Оған қоса, қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі, тарих пен математика кабинеттері, биология, физика, химия бойынша арнайы зертханалар мен бейнелеу өнері, керамика, әскери дайындық, АҚТ сабақтары, өзін-өзі тану, музыка мен фортепиано кабинеттері, хореография, телестудия, 2 мәжіліс залы мен театр бөлмесі бар. Төртінші ғимарат 2018 жылы аяқталып, онда балабақшаның арнайы сыныптары, ойын алаңдары, медицина бөлмесі мен жатын аймақтары орналасқан. Отбасылық TAMOS клубы 5-ғимаратта орналасқан. Орталық үш қабатты, оған бассейн, шешінетін бөлмелер мен жекпе-жекке арналған бөлмелер, ойын, хореография, музыка, шахмат, күштемелі әрі фукнционалды жаттығуларға арналған залдар жатады. Сондай-ақ, ғимаратта сауна, сұлулық салоны мен медицина орталығы бар. Әрине, тиісінше дәретханалар мен қол жуғыштар, ас үйі, асханалар мен қызмет көрсету алаңдары да бар.

Оқушылардің санының артуына байланысты, әсіресе қазақ бөлімінде, қазақ бөліміне арналған жаңа ғимарат салу туралы шешім қабылдадық. Ол ғимарат келесі 2020-2021 оқу жылына дейін дайын болуы керек.

TAMOS Education басты міндеті – өмір бойы белсенді болатын оқушыларды шығару. Біз өз оқушыларымызды әлем бірлестігінің үлгілі мүшесі болуына мүмкіндік беретін ынталы, ашық болып, интеллектуалды әрі тәртіпті азаматтармен серіктестікке әрдайым дайын болуға үйретеміз. Біздің оқушылар - өмір бойы білім алып, оны білімі, серіктестік пен рақымшылдық арқылы бірлестіктің жан-жақтылығын көрсететін, қазақ пен әлем қоғамына инновацияны қолданып, өз үлестерін қосатын оқушылар.

Біз оқушыларымызға халықаралық оқу бағдарламаларын күшейтілген басшылыққа ала отырып, жайлы оқу ортасында академиялық үстемдігі мен жаһандық азаматтық жетістіктерге жетуіне мүмкіндік береміз. Біздің мектеп жылы шырайлы болып табылады, біз барлығына құрметпен қарап, барлық жағдайда тәуелсіздікті, рефлексивті әрі сыни ойлауды, сенімділік және әркездеде білім беруді алға қоямыз.

Біздің орыс және қазақ бөлімдеріміз оқу мен ғылым бағдарламаларының стандарттарын сақтайды. Ағылшын тілі сабақтарында қазақ және орыс бөлімдеріндегі ағылшын тілінің оқу жоспарына негізделіп, сағат сандарын бөлу арқылы қосымша білім беріледі: төртеуін ағылшын тілін тасымалдаушылар өткізеді, ал екеуін жергілікті мұғалімдер өткізеді. Математика, жаратылыстану ғылымдары, география мен ағылшын тілі бойынша қосымша сабақтарды ағылшын тілін меңгерген филиппин мұғалімдері жүргізеді.

2019 жылдың мамыр айында мектеп Кембридж атағын алуға өтініш беріп, халықаралық дәрежеге ие болды, ал 2019–2020 оқу жылының басынан бастап математика, ағылшын тілі, АҚТ, ғылым, физика, химия мен биология сынды негізгі пәндер бойынша Кембридж халықаралық оқу бағдарламалары қолданылатын Cambridge English бөлімін енгізді.

Мектеп оқу бағдарламасынан тыс макулатураны қайта өңдеу, ағаш отырғызу және тарихи оқиғаларды, қазақ мерекелерін тойлау, әр түрлі шараларда концерттер, театрмен өнер көрсету сияқты сан түрлі жобаларға қатысады.

МИССИЯ ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ

«TAMOS Education» мектебінің негізгі міндеті – белсенді білім алатын түлектерді шығару. Біз өз оқушыларымызды белсенді, ашық, әлемдік бірлестіктің үлгілі мүшесі болуға және мүмкіндік беретін зияткерлік пен мінездік қасиеттерге ие болуға тәрбиелейміз. Біздің оқушылар – үздіксіз өмір бойы білім алатын, болашақтағы инновацияларды қолдана отырып, Қазақстан мен әлемдік кеңістіктің дамуына білімі, жан жақтылығы мен қоғамдастығы арқылы өзіндік үлесін қосатын адамдар.

Біз оқушыларымызға динамикалық халықаралық оқу бағдарламасын, басқару, академиялық және жаһандық жетістіктерге жетуге мүмкіндік береміз.

ҚҰНДЫЛЫҚ ПЕН СЕНІМ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

«TAMOS Education» мектебінің 5 негізгі құндылығы:

- **Көшбасшылық:** Көшбасшылық оқушылардың, әлемдік білім салаларының барлық қызметкерлеріне ұдайы әрі үздіксіз дамуына септігін тигізеді.
- **Қызмет көрсету шеберлігі**: Білім саласындағы қызмет көрсетудегі басымдылығы. «TAMOS Education» білім беру мен академиялық жетістікке жетудің ең жоғарғы деңгейін қамтамасыз етуге талпынады.
- **Тұтастық:** «TAMOS Education» адалдық, әділеттілік, теңдік, этика принциптерін қатаң ұстанады.
- **Ынтымақтастық:** Біз ата-аналармен, қоғаммен, салалармен бірге серіктестік қарым-қатынаста болуды және кәсіби өсуді ең үздік әдіс деп білеміз.
- **Дәстүр:** Біз қазақ тарихының дәстүрлерімен бөлісіп, халықаралық деңгейде дамытатынымызға сенеміз.

БІЗДІҢ ФИЛОСОФИЯМЫЗ:

Әр оқушының қауіпсіз қоғамдық ортада оқуға құқығы бар. Әр оқушының өзінің тез оқу қабілеттілігі және сандаған өнері бар. Және де әр оқушының керемет потенциалдық қабілеттілігі бар, оны ынталандыру үшін біз оларға бағыт көрсетіп, биік шыңдарға шығарамыз.

Оқыту танымдық, сындарлы процесс арқылы танылады. Біздің халықаралық оқу жоспарымыз сапалы деңгейде өтуде. «TAMOS Education» білімінде біз балалардың жеке оқытуына және топта жұмыс жасауына, ата-аналар мен мұғалімдер арасындағы қоғамдастыққа кеңінен көңіл бөлеміз.

Барлық халықаралық бірлестік мүшелерінің жоғарғы стандартын мінез-құлыққа жәрдемдесу мен қамқорлық қатынасын дамыту, ауызбіршілік, құрметтеу мен қолдау көрсетуге үйретеміз. «TAMOS Education» мектебі төзімділік, оқушылар арасындағы қарым-қатынасты, ұлттар мен мәдениетті насихаттайды. Біз барлығына адамгершілікпен, ізгілікпен және жомарттықпен қараймыз, төзімділік пен адалдық қасиеттері адамға лезде берілмейді, бірақ оны оқытып үйретуге болады. «TAMOS Education» қоғамдастығы осы мінездемелерді әрқашан ұстануы тиіс.
Біз өзіміздің білім беру қоғамдастығымызды ашық, этикалық түрде және кең ауқымды түрде басқаруға және барлық оқушыларға, клиенттерімізге, ішкі және сыртқы мүдделі талаптармен ұзақмерзімді, өзара тиімді серіктестік құратын іскер серіктестерге құнды қызметтер ұсынуға тырысамыз. «TAMOS Education» жеке және ұйымдастырушылық жетістіктерін атап өтетін басқа отандық, аймақтық және халықаралық ұйымдармен байланыста.

Біздің басты мақсатымыз - көңілді және ынтамен жұмыс жасау, үздіксіз білім беру ортасын құру, жаңа жүйелер мен креативтілікті дамыту және ең бастысы оқу процесін ұнату.

«TAMOS EDUCATION» МАҚСАТТАРЫ

«TAMOS Education» заманауи халықаралық оқу бағдарламаларымен, жоғарғы білімді факультеттермен, заманауи оқу орындары мен оқушылардың жоғарғы әлеуметіне қол жеткізе алатын орта түрінде сапалы білім беруді қамтамасыз етуге тырысады.
Сол себепті, біз келесі ұстанымдарды алға тартамыз:

- Жоғары деңгейлі, ұлттық және халықаралық университеттерге түсуге мүмкіндік беретін жан-жақты халықаралық оқу бағдарламаларын ұсыну;
- Білікті, тәжірибелі, икемді және жоғарғы қабілетті мұғалімдерді жұмыс орнына тарту және де жоғарғы деңгейде ұстау, олардың жетілуіне, жетістіктеріне және үздксіз кәсіби өсуіне ықпал ету;
- Біздің халықаралық қоғамдастықтың барлық мүшелері арасындағы мінез-құлық пен қамқорлықтың, түсінушіліктің, құрмет пен қолдаудың жоғары стандарттарын алға тарту;
- Жергілікті институттардың ішінде және одан тыс жерлерде әртүрлі мәдениеттер мен этникалық топтарды түсіну, бағалау және құрметтеу сезімдерін дамыту;
- Оқушыларды үздіксіз білім алуға дайындау және әлемде болып жатқан кез-келген оқиғаға өздерін сенімді қылып тәрбиелеу;
- Оқушыларды заманауи жаһандық қоғамдастықта еркін қарым-қатынас жасай отырып, өзіне деген сенімділікті, өзін-өзі тәрбиелеуді және жоғары этикалық нормаларды дамытуға көмектесу.

1.1 Желіні қолдану қағидалары

ШАРТТАР

«TAMOS Education» АҚТ, компьютерлік желі мен дамыту технологиялары, оның ішінде барлық оқушылар, қызметкерлер мен ата-аналарға оқыту мен білім беруді дамыту үшін барлық мүмкіндіктерді қолданады.

Оқушыларға, қызметкерлерге бұл қызметтерді көрсету барысындағы біздің мақсат - білім беру сапасын көтеруге үлес қосу, әлем бойынша озық оқыту ресурстарымен алмасу, сондай-ақ коммуникациялық және ғылыми инновацияларды енгізу.

Алайда, бұл мүмкіндіктермен қатар технологияларды қауіпті және керегінше дұрыс пайдалануға жауапкершілікпен қарау керек екенін көрсетеді. «TAMOS Education» оқушылары жүйені қолдана алу үшін алдымен олар барлық бекітілген нұсқаулықтарды орындап, оларды қабылдау керек. Нұсқаулықтағы принциптерді орындамау немесе технологияларды тиісті деңгейде қолданбау қызметкерлерге де, оқушыларға да тәртіптік рәсімдер қолдануға әкелуі мүмкін.

Біздің саясат мыналардан тұрады:

ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҰСТАНУ

- Барлық ғаламтор қолданушылары ғаламторда отырып жаһандық қауымдастыққа кіретінін білуі керек, және барлық олардың жасаған әрекеттері мектеп пен олардың аттарына әсер етуі мүмкін.
- Барлық пайдаланушылар желіде, мектеп компьютерінде немесе жеке құрылғыда болған кезде өз тәртіптері үшін жауапты.
- Барлық қолданушылар этикалық, моральдық және заңды принциптерге сай өздерін ұстау керек.
- Желілік этикет үнемі қатаң сақталуы тиіс.
- Желі қолдану қағидалары – бұл «TAMOS Education» тәртіп кодексіне, мұғалімдер мен оқушылардың нұсқауларына және мектеп ережелеріне қосымша ережелер.
- Кез-келген желіні қолданудағы қателіктер тәртіптік жазалауға әкелуі мүмкін, сонымен қатар істі қарау уақыты аяқталғанға дейін желіні қолдануға тыйым салынады.
- Әкімшілік қандай әрекеттер орынсыз екенін, қандай мінез-құлықты тәртіпті бұзушылыққа жататынын, алдын-ала хабарландырусыз желілік қолданысты тоқтату сияқты мәселелерді қарастырады.

ЖЕЛІНІ ҚОЛДАНУДАҒЫ РҰҚСАТ ЕТІЛМЕЙТІН ЖАЙТТАР

Желіні қолданудағы рұқсат етілмейтін жайттарға келесілер жатады, бірақ онымен шектелмейді:

- плагиат немесе авторлық құқықты бұзу;
- мектеп құрылғысын, жұмыстар мен өзге қолданушылардың файлдарын істен шығару, жою;
- қағаз немесе диск сынды ресурстарды әдейі жұмсау;
- өзге адамдардың жеке өмірін бұзу, құпиясөздерді ашу, суреттер мен мәтіндерді рұқсатсыз енгізу;
- рұқсатсыз өзгенің есеп жазбасын қолдану, өшіру, көшіру, файлдар мен деректерді өзгерту;
- нормативке сай емес лексиканы қолдану, ұрыс немесе орынсыз материалдарды қолдану;
- әдейілеп компьютерлік вирустарды тарату;
- тыйым салынған материалдарды жіберу, алу немесе жариялау;
- жеке қауіпсіздікті қауіп-қатерге тігетін ақпарат енгізу;
- бағдарламалық жасақтаманы заңсыз қолдану, тегін немесе кез келген бағдарламаларды әкімшіліктің рұқсатынсыз қолдану;
- кез-келген компьютерге лицензиясыз бағдарламалық жасақтамаларды енгізу;
- мектеп тыйым салған сайттарға кіру;
- компьютерлік бұзып-жару;
- тіркеусіз чаттарды қолдану;
- мұғалім немесе әкімшіліктің рұқсаты мен бақылауынсыз дерек тасушыларды қолдану;
- оқытудан тыс мақсаттарға желіні қолдану (мысалы, жеке бизнес, қызметте көтерілу және т.б.).

ИНТЕРНЕТКЕ КІРУ

«TAMOS Education» оқушыларды заңсыз, әдепсіз, қорлайтын және жалған материалдардан қорғау үшін келесі сақтық шараларын қабылдайды.

- Оқушыларға интернет желісін дұрыс қолдануды үйрету;
- Желідегі оқушылардың жұмысын қадағалау және мониторингілеу;
- Кірмейтін интернет сайттарға қолжетімділікті шектеуге арналған ақпараттар;
- Оқушыларды киберқылмыс әсері туралы ақпараттандыру;
- Оқушылар қауіпсіздігінің мәселелері сияқты сыртқы пайдаланушылар тарапынан қатыгез қарым-қатынастың әлеуметті қауіптерін тануға үйрету.

ЖЕКЕ ҚАУІПСІЗДІК

Оқушылар мен қызметкерлерге мекен-жайы, телефон номері, жұмыс орнының мекен-жайы сияқты жеке ақпарат таратуға болмайды.

Оқушылар мен мұғалімдерге оқу процесінен басқа заттарға интернет желісін қолдануға болмайды.

Оқушыларға басқа сайттарға кіруге, «TAMOS Education» ақпаратынан бөлек басқа ақпараттар іздеуге тыйым салынады. Біз мұндай материалдарға кездейсоқ ауысуға болатынын түсінеміз, бірақ біз оқушылардың жауапты екенін көрсете отырып, ол сайттардан тез арада шығып, сондай-ақ өз мұғалімін проблема туралы хабардар етеді деп күтеміз.

Басқа адамдар желіге қол жеткізе алмайтын кезде, шамадан тыс желілік ресурстарды талап ететін интернеттегі әрекеттерге тыйым салынады.

Интернет желісіне қорлайтын, қорқытатын, қажет емес тондағы ақпараттар салуға тыйым салынады.

Компьютерлерді, интернетті пайдалану нормаларын бұзатын оқушылар немесе қызметкерлер тексеріске тартылады, оның нәтижелері бойынша бұзушылықтың маңыздылығына байланысты тәртіптік жаза қолданылады.

1.2 Қорлауға қарсы іс-әрекеттер саясаты

МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

«TAMOS Education» білім беру мекемесі қоршаған ортаға деген құрмет, тәрбие мен ар-ұяттан құралады. Біз өз міндеттеріміз жайлы әрі қауіпсіздік ережелерін бұзусыз, қорлаудың түрлі үлгілерінен аулақ орта құрып, балаларымыздың өз потенциалдарын аша білуі үшін барымызды саламыз. Біз балаларымыздың, ата-аналар, мұғалімдер мен қызметкерлердің бір-біріне мейірімділік пен достық қарым-қатынаспен қарап, оқушыларымыздың еркін ортада білім алуын күтеміз. Мектеп бірлестігінің барлық мүшелері бір-біріне қамқорлық пен қолдау көрсетуге міндетті.

Ата-аналар мен тәрбиелеушілер «TAMOS Education» жоғары тәртіп стандарттарын сақтауда маңызды рөл атқарады. Үй мен мектептің бір-бірімен тығыз байланыста болуы өте маңызды. «TAMOS Education» ата-аналармен ынтымақтастықта болу бұл біздің басты философиямыз деп білеміз. Бұл саясатты қабылдау - біздің стандартты шарттарымыздың бірі. Бұл саясатты оқушылардың және болашақ оқушыларымыздың ата-аналары сұраныс арқылы алады, мектеп веб-сайты мен ата-аналар және мұғалімдер анықтамасында жарияланған.

«TAMOS Education» қорлауға әрдайым көңіл бөледі, оның ішінде физикалық немесе эмоциональды зардап шегу жағдайларына да аса назар аударылады. Мұндай жағдайлар мектептің теңдік пен әртүрлілік саясаты мен әлеуметтік әрі моральдық принциптеріне қарсы келеді. Қорлаудың ауырлығы сонша ол психологиялық жарақаттар, дұрыс тамақтанудың бұзылуы, зардап шегушінің өзіне-өзі зиян келтіруі және өзін-өзі өлтіруге де әкелуі мүмкін. Оған қоса, құрдастарының тарапынан қатыгездікке ұшырау да қорғау мен қауіпсіздікті қамтамасыз ету органдарына әкеледі.
Біз өз оқушыларымыздың қатысуымен болған, оқу уақытынан тыс, мектептегі немесе мектеп сапары кезінде, мектеп маңында орын алған оқиғаларды тексеруге құқылымыз.

ҚОРЛАУҒА ҚАРСЫ «TAMOS Education» ӨТІНІШІ

- Қорлау мен агрессияның физикалық немесе эмоциональды көріністері мектеп принциптеріне қарсы келгендіктен «TAMOS Education» саясатына жат қылықтар болып есептеледі және біз бұған әрдайым аса назар аударамыз.
- Қорлаушы – ұзақ уақыт аралығындағы әдейі басқа адамға немесе адамдар тобына физикалық немесе эмоциональды зиян келтіретін адамдар немесе адамдар тобы.
- Қорлауды түрлі үлгіде қабылдауға болады. Мысалы, нәсілі, діні, жынысы, жыныстық бағдарлығы немесе асырап алынуы және т.б.. Бұл оқушылар арасындағы нақты немесе айқын айырмашылықтармен дәлелденуі мүмкін.
- Зорлықты тоқтату мен физикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету ең алдымен мектептің міндеті болып табылады, бірақ эмоционалдық қорлау физикалық қорлаудан да қатты болып келеді. Мектеп әр жағдай бойынша шешімді жекелей қабылдауы тиіс.
- Көбінесе, құрдастарына қатыгездік таныту қорлаудың бір формасы болып табылады және мектептің қауіпсіздік саясатына сай кез келген қатыгездікпен қараған жағдайлар қауіпсіздік сұрағы деп танылып, қауіпсіздікті қамтамасыз ету басшылығына беріледі. Қосымша толық мәліметтер үшін балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету саясатын қарауыңызды өтінеміз.

Көптеген эксперттер қорлау агрессор мен зардап шегуші арасындағы дисбаланспен байланысты деп тұжырымдайды. Бұл кінәлілердің қатынасын бақылап, өздері қорқытатын адамдарды қорғауда қиындыққа тап болуымен байланысты. Билік дисбалансы бірнеше әдіспен байқалуы мүмкін, ақыл-ой ерекшеліктеріне байланысты немесе әлеуметтік изоляциядағы мүмкіншіліктеріне немесе белгілі топ өкілдерінің қолдауына қатысты орын алуы мүмкін. Бұл адамды немесе адамдар тобын жәбірлеу қаупі немесе ол адамдарды физикалық түрде шеттетуге әкеледі.

- Қорлау үшінші тұлғаны ренжіту мақсатымен жасалуы мүмкін. Бұл тікелей қатысу ретінде, жеткіліксіз тәжірибе әкелуі мүмкін. Дегенмен, ұқыпсыз немесе жаман мінез-құлықпен қасақана жасалынған іс-әрекеттер жарақат болып саналады.
- Қорлау көбіне жасырын, анық және қауіпті болады.
- Қорлау кез келген жерде және кез келген уақытта болып, оқушыларды, басқа жастарды, қызметкерлер мен ата-аналарды да қамтуы мүмкін.

- «TAMOS Education» барлық мүшелері өмір мен бостандықтың қызығын көруге құқылы. Өзін қорыққан, құдаланған деп есептейтін кез келген адам Мектеп оған құлақ асып, мәселені тез, әрі зардапсыз шешуге ат салысады деп күтуге құқылы. Мектеп оқу уақытынан тыс немесе мектеп аумағынан тыс жерлерде орын алған барлық оқиғаларды қарастыратын болады;
- Егер сіз қорлауға ұшырасаңыз, онда біреумен әңгімелесіңіз: мектеп директоры, өз бөліміңіздің жетекшісі, Директор, орынбасарлар немесе көмекшілермен. Оған қоса, өз ата-аналарыңызбен де сөйлесіп, мәселені талқылауға болады;
- Сіз өзгелердің өзіңізге қалай қарағанын қалайсыз, өзгелерге де тура сондай құрметпен қарауыңыз керек. Егер оқиға болып кетсе, қорлауға қатысты өз пікіріңізді міндетті түрде көрсетуіңіз керек;
- Егер қорлау туралы ешкім білмесе, онымен ешкім бетпе-бет келмесе, онда ол ешқашан тоқтамайды. Егер сіз біреуді қорлау үстінде деп ойласаңыз, онда қызметкермен сөйлесіп, жағдайды бақылаңыз. Біз тәртіп бұзушылықтарды хабарлаған тұлға жазаланбай, керегінше қолдау алатындығына кепілдік береміз;
- Егер сіз құдалап жатқан көрініс көрсеңіз, және де оны көріп ешқандай әрекет жасамасаңыз, онда сіздің оған ортақтастығыңызды мойындау керек. Жағдайды елемеу куәгерді қорлаудың ортақтасы етеді. Егер сізге мектептегі қорлау ережелері мәлім болса, онда дереу басшылыққа немесе мектеп қызметкеріне хабарлаңыз.

ҚЫЗМЕТКЕРГЕ НҰСҚАУЛЫҚ

Барлық жаңа қызметкерлерге мектептегі қорлауға қатысты нұсқаулық беріліп, қорлауға айып кезінде не істеу керектігін түсіндіреді. Жаңа қызметкерлер мектеп ережелерін өзінің міндеттерінің бірі ретінде оқуы тиіс. Толық ақпарат мұғалімдерге арналған анықтамада көрсетілген.

Қуанышымызға орай, мұндай жағдайлар «TAMOS Education» мектебіне қалыпты жағдай емес, бірақ біз кез-келген уақытта орын алып, немесе осы жағдайлар қайталануы мүмкіндігін біліп, тіпті қорлаудың жәбірленушілері де басқаларға зиян тигізуі мүмкіндігін білуіміз шарт.

Сондықтан, біздің мектепке деген қамқорлығымызды қырағылығымызбен көрсете аламыз. Мұғалімдер дөрекі әзілдердің сынын анықтай білуі керек: сыныптан тыс, бос жүрген оқушы құрбан болуы мүмкін. Осыған ұқсас жайттар мектеп ойындары мен басқа да жағдайларға да қолданылады. Күн тәртібінің, түскі ас пен үзіліс уақыттары – жәбір мен агрессия орын алатын негізгі уақыттар. Оған қоса, оқушылардың қауіпке ұшырайтын орындары: киінетін бөлмелер, спортзалдар, дәліздер мен ойын алаңдары болып табылады. Біз әрдайым орынсыз сөздерге немесе әрекеттерге назар аударып жүруіміз керек. Біз қорлауға және де тәртіпсіз қылықтарға жол бермеуіміз керек.

Құрдас топтардың арасындағы қорлау көбіне кіші сынып оқушылары арасында орын алады. Кейбір оқушылар өзгелерге қарағанда осал: ұялшақ, мақтаншақ, басқалардан ерекшеленуі мүмкін. Оларға тәртіптерін орнықтыру, агрессияның құбылыстары мен қорлаумен күресу мақсатында кеңес беру керек.

Біз мектеп ретінде барлық қорлау оқиғаларына аса зор мән беруіміз қажет. Кеңесшілер мен сынып жетекшілері арасында талқылауды оқиға нығаймас бұрын іске асырып, іс одан сайын насырға шаппас бұрын, мәселе кішкентай болсын барлық оқиғаларды қарастырумыз керек. Бұл қорлаудың ауыр зардаптарын болдырмау қаупін төмендетеді.

ҚОРЛАУДЫҢ АЛДЫН АЛУ

Оқушылар «TAMOS Education» мектебінде ешкімнің есерсоқтық тәртіпті құптамайтындығын және егер мектептегі қорлауды білсе, өте нақты әрі дереу шаралар қолданатындығын білуі керек. Қорлауға қарсы кодекс құрастырылады. Қорлауға қатыспайтын балалардың көбісі бұл мәселемен күресуде тиімді профилактикалық әрі қорғау күші болып табылады. Сондықтан мәселені нақты түсіну керек.

«Қорлауға қарсы «TAMOS Education» өтініші» барлық оқушылар мен олардың ата-аналарына беріліп, хабарландыру тақталарына ілінеді. Барлық жаңа оқушылар мектегі тәртіп стандарттарымен танысып, қорлауға ұшырағанда не істеу керектігі түсіндіріледі.
Оқушыларды ден қоя тыңдап, оларға сабақ үстінде, ресми болмысын өз көзқарастары мен пікірлерін білдіруге мүмкіндік беріледі.

Біздің мектеп кеңесшілеріміз қолдау қызметінің маңызды бөлігі болып табылады, олар арнайы бағалау мен кеңес беруді қамтамасыз етеді. Олар құпия кеңестер беріп, әлеуметтік, эмоциональды немесе тәртіптік мәселе туындаған оқушыларға кеңестік қолдау көрсетеді. Кейде оларға оқушыларды Мектеп директоры бағыттайды.

ҚҰРДАСТАР ТАРАПЫНАН ЖӘБІРЛЕУ

Құрдастар тарапынан қатыгездікке ұшырау – бір немесе бірнеше оқушыларды басқа оқушыға қатысты жәбір көрсетуі болып табылады. Бұл көптеген қарым-қатынаста көрінуі мүмкін: қорлау, физикалық жәбірлеу, инициациялар, рәсімдер, жыныстық зәбір, гендерлік мәселелер, сексуалды зорлық. «TAMOS Education» оқушылар тарапынан кез-келген жәбірлеуге орын берілмейді және ол контекске сай қаралуы керек деп есептейді. Тіл тигізетін комментарийлер мен диалогтар ешқашан «жай әзіл» немесе «есеюдің бөлшегі» ретінде қаралып, еленбей қалмауы тиіс. Сондай-ақ, қауіпті жыныстық тәртіпті «жай ғана әзілдеді» немесе «бұл жай ғана балалар» деп қарамау керек.

Қосымша ақпарттар үшін қауіпсіздікті қамтамасыз ету ережесін қарауыңызды сұраймыз.

ҚОРЛАНҒАНЫН АНЫҚТАУ

Оқушының қорланғағанын көрсететін мінез-құлқының өзгерістерінің белгілері:

- мектепке баруға ниеті болмауы;
- уайымшылдықтың арқасында бала аз сөйлеп, жуас бола бастауы;
- жұмысты орындай алмау қабілеттілігі артуы;
- кітаптары, сөмкесі және басқа да заттарының жоғала бастауы;
- мінез-қылығының өзгеруі (мысалы: музыка сабағынан бас тартуы және лексикасының өзгеруі);
- өз-өзіне сенімділігін жоғалтуы;
- іш ауыру, бас ауыру себептерімен дәрігерге жиі баруы;
- түсініксіз жарақаттары;
- жиі сабақтан қалу, сабаққа кешігуі;
- ересек балалардың ортасын таңдауы;
- денесін байсалды ұстау және көру қабілетінің нашарлауы;
- ұйқымен мәселелері, жаман түстер көруі;
- өзін-өзі өлтіру немесе қашу туралы әңгімелер.

Кейде жоғарыда аталғандардан басқа да себептер болуы мүмкін, сондықтан оларды ата-аналар немесе мұғалімдер қайта немесе балағаттау амалдарын қарастыру керек.

Расизм

Назар аударуға тиісті расизмнің мысалдары:

- ауызша тіл тигізу, расизмдік әзілдер мен тіл тигізу іс-қимылдары;
- физикалық қауіп-қатер немесе шабуылдар;
- арандату белгілері немесе ерекшелік белгілері;
- расистік қағаздар, комикстер, мектептегі журналдар;
- өзгелерді атыстыру;
- жазбаша зорлық, оған қоса тамаққа, музыкаға, киім мен дәстүрлерге қарсы расисттік граффити;
- жұмыс немесе ойын барысында серіктестіктен бас тарту.

Жыныстық қорлау

Жыныстық қорлауға келесі сипаттар жатуы мүмкін:

- Жыныстық ұсыныстар мен лебіздер;
- Қорлаушы лақап аттар;
- Сыртқы келбет туралы көзқарастар мен пікірлер (мысалы, жыныстық дамуы кезінде);
- Порнографиялық материалдар, жыныстық құрамы бар граффити;
- Ең экстремалды түрі - жыныстық шабуыл немесе зорлау.

Гомофобия

Біз адамның қандай болғанына қарамастан, гей, лесбияндық, немесе бисексуал, жыныстық бағдарлыққа негізделген барлық зәбірлеулер туралы білуіміз керек. Гомофобтық қорлау басқа қорлау түрлеріне ұқсайды, бірақ оған мыналар жатады:

- Ауызша жәбірлеу – біреудің гей болғандығы туралы өсек-аян тарату, оларды төменгі деңгейде деп есептеп, оларды гей деп атайды, мысалы «Бұл жаттықтырушылар - гейлер!»;
- Физикалық жәбірлеуге – ұру, қол, аяқпен ұру, жыныстық тиісу мен қауіпті мінез-құлықтар кіреді;
- Киберқорлау - онлайн-ортаны біреу туралы қауөсек тарату үшін немесе адамды қатынас ортасынан шығару үшін қолданады. Оған қоса, мәтіндік хаттар, видео, мен графикалық хабарламалар болуы мүмкін.

Ерекше білім беру қажеттіліктері мен мүгедектілік

Біз ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар немесе инвалидтер көп жағдайда басқаларға қарағанда қорлауға көбірек ұшырайтынын түсінуіміз керек.

Келемеждеу

Тіл тигізетін пікірлер мен қарым-қатынастарды жай ғана «әзілдеу» деп танымау керек. Мұндай нәсіл, дін, этникалық шығу тегі, мәдениеті, ерекше білім қажеттіліктеріне ие жандарға қатысты пікірлерге жол берілмейді және оларды балағаттау деп қарастырылады.

КЕЗ-КЕЛГЕН КҮДІКТЕРДІ ХАБАРЛАУ

Оқушыларға қорлау жағдайларын сынып жетекшісіне немесе басқа да үлкен жоғары сынып оқушысына хабар берудің маңыздылығын түсіндіру керек. Қажет жағдайда жәбірленушінің достарын көндіру керек: бұл қиын, және оқушылар жиі оны істеуден бас тартады. Біз балағаттау туралы хабарлаған бала еш жазаланбай, бізден қолдау алатындығына кепілдік беруіміз керек. Осы топтағы басқа балаларға жағдайдың қайталануы кезінде хабарлаудың қаншалықты маңызды екендігін есте сақтау керек.

Қандай да бір қорлаудың куәгері болған барлық қызметкерлер мен жоғары сынып оқушылары сынып жетекшіге хабарлауы тиіс. Бұл инциденттер сынып жетекшісі білмейтін жағдайдың бір бөлігі болып табылады.

Мектеп осындай балағаттау туралы хабар беру керектігін бірлестік мүшелері есте сақтауы тиіс. Балағаттау туралы хабар бермеген куәгер оның серіктесі болып саналады.

Мектепке түсер кезінде, оқушылардың ата-аналары бір мәселе туындаса тез арада сынып жетекшісімен байланысып, оны сол арада шешу керектігін білуі шарт.

ҚОРЛАУ ТУРАЛЫ ӨТІНІШТЕРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ ТӘРТІБІ

Балағаттау туралы хабарлама алынған кезде келесі рәсімдер қолданылады:

- Хабар алған немесе оқиғаны көрген қызметкер оны бақылап, тыныштандырып, балаларды қорғау нұсқаулығына сәйкес зәбір көрген оқушыларға қолдау көрсетеді;
- Тез арада қауіпсіздікті қамтамасыз ету туралы жағдайды басшылыққа жеткізу керек;
- Қауіпсіздік қызметінің жетекшісі немесе тексеріске жауапты қызметкер тез арада оқиғаға қатысы бар басқа оқушыларды сұрау мақсатында сынып жетекшісіне хабар беруі керек;
- Жәбірленушіден жеке сұрайды және жазбаша есеп беруін өтінеді;
- Балағаттаудың басқа мүшелерімен бірге күдікті агрессор жекелей сұралады, одан да жағдайды сипаттап беруін өтінеді;
- Жағдай мектеп оқиғаларына кіргізіліп, қол қойылады, күні белгіленіп, кейін Бас директорға жіберіледі;
- Соңғы кезеңдерінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету жетекшісі зәбірленушімен, күдікті агрессордан бөлек тілдеседі. Оған не үшін кек алмау керекті түсіндіріліп, қолдау мен көмек көрсету стратегиясы ұсынылады;
- Қауіпсіздікті қамтамасыз ету жетекшісі күдікті агрессордан жеке сұрап, мұндай қылықтардың жат қылық екендігін, оның әкелген зардаптарын түсіндіреді. Агрессорға тәртіпті өзгерту нұсқаулығы

ұсынылады. Қажет жағдайда мектепте қабылданған рәсімдерге сай тиісті тәртіптік шаралар қолданылады;

- Барлық қатысушылардың ата-аналары мен тәрбиешілеріне хабарлап, мәселені талқылауға мектепке шақыртылады. Олардан да қажет қолдау сұралынады;
- Тәртіптік санкциялар мен кеңес беру әрі іс-қимылдарымен келісу қажет. Қолдау зардап шегуші балаларға да, балағаттауға қатысқан балаларға да қажет екендігін түсінген абзал. Қызметкерлердің жіті бақылауымен, барлық тараптардың қатысуымен өтетін кездесу эпизодтты жабу бойынша, барлық мүдделі тараптар үшін стратегияны әзірлеуге көмектесе алар еді;
- Оқиғаның дамуын бақылау стратегиясы енгізіледі.

«TAMOS Education» саясаты мектептің ішіндегі мұндай мәселелер, шектен тыс қылмыстық жазаға қатысы болмаса, өз тәртіптік рәсімдеріне сәйкес шешеді. Егер осындай іс орын алса, онда басшылық мектеп қауіпсіздігін қамтамасыз ету саясатына жүгінеді, бірақ соңғы шешімді Бас директор өзі қабылдайды.

Мұндай оқушыларға тәртібін түзетуге берілген қолдау өзгеріске әкелмесе және де ауыр мәселелер, балағаттау шеттен тыс қайталана берсе, мектеп оқушыны уақытша немесе толығымен мектептен шығаруы мүмкін.

ҚОРЛАУ ЖАҒДАЙЛАРЫН ТІРКЕУ ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ

Балағаттауға қатысты барлық оқиғалар мен шаралар қолдану, қауіпсіздік жетекшісімен тіркеліп, Бас директорға жіберіледі. Қауіпсіздікді қамтамасыз етуге жауапты қызметкер мінез-құлық үлгілерін анықтау және бақылау үшін барлық инциденттердің орталықтандырылған есебін жүргізеді.

Оқиға хаттамасында зәбірленуші оқушы мен кінәлі оқушының аттары жазылады. Барлық қызметкерлер бұл файлдарды көре алады, сондықтан қандай да бір мәселе туындағанда файлды тексеріңіздер. Бірақ егер қандай да бір балағаттау формасының куәгері болсаңыз, немесе әлдебіреудің қылықтарына күдікпен қарасаңыз, дереу қауіпсіздік қызметкерлері мен сынып жетекшісіне хабарлаңыз. Бұл мектеп басшылығы мен сынып жетекшісі білуі тиіс үлкен оқиғаның бір бөлшегі ғана болуы мүмкін.

ҚОРЛАУДЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

Оқушыларға түсіндірілетін талқылаулар мен семинарлар:

- Олар өздеріне көмек көрсету керектігін түсіну;
- Позитивті және табанды болу;
- Барынша эгоист болмау;
- Барынша агрессивті болмау;
- Достықты қолдау;
- Зәбірленуші болуға мүмкіндік бермейтін бейвербалды реакцияларды білу.

Егер қорлау қайталанса, оқушыларға не істеу керектігін естеріне салыңыздар:

- Сабырлық сақтауға тырысу, өзінің позитивті көңіл-күйіңді көрсету;
- Табандылық пен нақтылығын көрсету, агрессордың көзіне тік қарап, тіл тигізуін тоқтатуын талап ету;
- Оқиғадан барынша тез шығу;
- Мұғалімге немесе басқа үлкендерге жағдайды дереу жеткізу.

Басқаша айтқанда, «TAMOS Education» – агрессияның кез келген көрінісін қолдамайтынын көрсететін, нақты, әрі жалпы түсінігі бар орын болып табылады.

САЯСАТТЫҢ МАЗМҰНЫ

Балаларды қорғау мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуде «TAMOS Education» саясаты 2002 жылдың 8 тамызындағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес келеді.

Балаларды қорғау саясаты мектеп Директоры және құрылтайшыларымен бекітіліп, мектептің веб-сайтында жарияланып, сұраныс бойынша ата-аналарға жазба түрінде беріледі.

Оқушылармен жұмыс істейтін қызметкерлер, Директор, мұғалімдер, немесе еріктілер, мектептен тыс жұмыс атқарса да, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету рәсімдері барлық жерде қолданылады, оған балабақша да жатады.

Әр оқушы өзін кез-келген формадағы зорлық-зомбылықтан қорғалатынын сезінуі тиіс. Мектеп балалар мен жасөспірімдердің қызығушылықтарын арттыруға тырысады және де барлық қызметкерлер мен еріктілер де осы міндетті атқарады деп күтеді. Мектеп барлық орынды шараларды қолданады:

- Балалармен және жасөспірімдермен жұмыс жасауға қызметкерлер, Директорлар мен еріктілерді, сонымен қатар (басқа ұйымнан жалданған қызметкерлерді («TAMOS Education» кадрларының саясатына сәйкес)) тәжірибе аламыз, қауіпсіз қызметкерлердің тексеруге жарамды екендігіне кепілдік береміз;
- Егер балалар өзге бірлестіктердің қызметкерлерімен басқа жерде жұмыс істесе, онда біз сол қызметкерге қатысты тиісті тексерістер мен қауіпсіз жұмысқа алу рәсімдерінің жазбаша дәлелін талап етеміз;
- Балаларға мектепте немесе мектептен тыс қатыгездікпен қарау сипаттарына мұқият назар аударып, барлық оқушыларымызды үлкендерден немесе басқа оқушылардың қатыгез қатынасынан қорғауға тырысамыз;
- Кез-келген қатыгездікпен қараған күдіктер мен шағымдарды тиісті деңгейде қарастырып, зорлыққа ұшыраған оқушыларға қолдау көрсетеміз;
- Мұғалімдер мен өзге де кінәсіз тұлғаларға қатысты теріс айыптардың болмауына кепілдік беретін рәсімдерді құрастыру мен қолдану;
- Медициналық көмекке мұқтаж балалардың қажеттіліктеріне мұқият назар аудару;
- Еңбек қорғау мен қауіпсіздік техникасының сенімді әрі орынды рәсімдерін қолдану, сонымен қатар есірткі, ішімдік пен психобелсенді заттарды қолдануға қатысты нақты саясаттарды жүргізу;
- Балаларды оқыту бағдарламасының, онлайн ресурстардың көмегімен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге үйрету. Сонымен бірге, электронды қондырғылар арқылы ғаламторды қауіпсіз пайдаланумен қатар қауіп-қатерді төмендетуге бағытталған тәртіпті түзетуге байланысты нұсқаулықтар қолдану;
- Мүмкіндігінше мектеп ғимараттарында қауіпсіздік шараларының барлығын қолдану;
- Мектепте немесе басқа орындарда кейбір балалар үшін қажет кез келген өзге де қорғау мен қауіпсіздік сұрақтарын шешудің рәсімдерін құрастыру мен қарастыру;
- 2002 жылы 8 тамызда қабылданған Қазақстан Республикасының «Балалар құқығы туралы» Заңын назарға алу.

Балалардың білім беру саласындағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен балалардың қызығушылығына қолдау көрсетуді (оның ішінде қатыгездіктен қорғау, баланың дамуы мен денсаулығын, зиянкестіктің алдын алу, балалардың үздік нәтижелерге жеткізетін тиісті әрі қауіпсіз ортаны ұйымдастыру мен балалардың өсуін, дамуын қамтамасыз ету) анықталады.

КЕҢЕСШІ (қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі нұсқаулық)

Директор Мектеп басшылығынан тиісті лауазымды және өкілдігі (кеңесші) бар, балалар қауіпсіздігіне қатысты барлық сұрақтарға жауап беретін қызметкерді тағайындайды.

Кеңесшіге уақыт, қаржыландыру, оқыту, ресурстар мен балаларды қорғау бойынша сұрақтарға басқа қызметкерлерге көмек көрсетуге қолдау беру, стратегиялар / бөлімаралық кездесулер мен балаларды бағалауға арналған жиналыстар өз еңбегін енгізуге мүмкіндік береді.

Ата-аналар балаларының мектептегі саулығына қатысты қандайда бір күдіктері пайда болған кезде Кеңесшіге бара алады. Ата-аналар қалауынша мәселені рәсімдерге сәйкес оңашада сынып жетекшісімен талқылай алады. Сынып жетекшілер одан кейін кеңесшімен талқылайды.

Кеңесші болмаған кезде оның қызметін оның орынбасары атқарады.

ШТАТТАҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР МЕН ЕРІКТІЛЕРДІҢ МІНДЕТТЕРІ

Мектептегі барлық қызметкерлер, Директор орынбасарлары мен еріктілер, жалпы заңды міндеттерге ие:

- Балаларға қатыгездікпен қараудан қорғау;
- Саясаттың рәсімдері мен шарттарымен танысып, оны ұстану;
- Саясатта көрсетілген рәсімдерге қолжеткізудің жолдарын білу және керегінше жеке қолдану;
- Саясатқа сәйкес кез келген шағым, әңгіме немесе оқиғаға қатысты есеп жүргізу;
- Кез-келген мәселелік сұрақтарды Бас Кеңесшіге жеткізу;
- Қазақстан Республикасының балаларды қорғау туралы Заңын ұстану.

Егер балаға тікелей қауіп-қатер төнген болса, балаларды қорғау саласындағы мектеп рәсімдері кез келген тұлғаның әлеуметтік көмегі үшін дереу жүгінуінің алдын алуға арналмаған.

ОҚЫТУ

Қызметке кіріспе

Уақытша қызметкер мен еріктілерді бірге алғанда барлық қызметкерлер кіріспе нұсқамадан өту керек, оған мыналар кіреді:

- Саясат;
- Ішкі тәртіптің ережелері;
- Кеңесшінің дербес және байланыс деректері;
- Директордың нұсқауынша немесе талабынша оқыту;
- Қазақстан Республикасының «Балалар құқығы туралы» Заңы.

Балаларды қорғау саласында оқыту

Барлық қызметкерлер осы Саясаттың көшірмесін алып, танысқандығын дәлелдейді.

Барлық қызметкерлер 3 жыл сайын жаңартылатын балаларды қорғау бағдарламасына сәйкес оқытудан өтеді және Бас Кеңесші, Директормен әңгімелеседі.

РӘСІМДЕР

Қатыгез қарым-қатынас шағымдары

Мектептегі немесе мектептен тыс жерлердегі қатыгез қарым-қатынастағы барлық күдіктер мен шағымдар қабылданып, осы саясатқа сәйкес шаралар қолданылады.

Қызметкерлер білуі тиіс қатыгездікпен қараудың типтері мен сипаттарын балаларды қорғау саласындағы оқытуын көрсетеді. Егер қызметкер балаға зиян келтіру мүмкін деп күдіктеніп жатса, оны дереу кеңесшіге хабарлайды. Қызметкер жаман қарым-қатынас туралы естіген жағдайда, онда рәсімді сәйкесінше қолданады. Егер оқушыға қандай да бір сәтте ауыр қатер төндіру қаупі туындаса, онда дереу түрде балаларды қорғау әлеуметтік қызметіне хабарлағаны жөн.

Кеңесшінің әрекеті

Теріс қарым-қатынас туралы күдік немесе шағым алғаннан кейін, кеңесші назарға алуы тиіс:

- шағым немесе күдіктің сипаты мен ауырлығы. Ауыр қылмыстық іске байланысты шағымдар әрдайым балалардың әлеуметтік қорғау жүйесіне, кейде полицияға жөнелтіледі;
- баланың сезімі мен қалауы;
- мүмкіндігінше құпиялықты сақтауға.

Егер істің балаларды қорғау қызметіне жөнелтудің қажеттігіне қандай да бір күдік немесе негіз болса, онда кеңесші бала мен оның отбасы туралы ақпаратты айтпай қызметкерлермен кеңеседі. Алайда, балаға зиян тию мүмкіндігі пайда болса, іс тез арада балаларды әлеуметтік қорғау қызметіне жіберіледі.

Егер алғашқы хабарласу телефон арқылы жүзеге асса, кеңесші сол жағдай туралы балаларды қорғау қызметіне 24 сағаттың ішінде жазба формада жіберуі керек. Егер үш жұмыс күні ішінде еш жауап алынбаса, Кеңесші қайтадан балаларды қорғаудың әлеуметтік бөлімімен байланысады.

Егер оқушы зардап шекпесе, оған қатер төнбесе, бірақ бір немесе бірнеше бірлестіктер тарапынан қосымша қолдауға зәру болса, Кеңесші балаларды әлеуметтік қорғау қызметтерімен тығыз байланыста болып, сәйкес жағдайларда Жалпы жүйелік бағалау мен балаға топтық көңіл бөлу кіретін бөлімаралық бағалау өткізіледі. Егер балаға қауіп-қатер төнуі туралы ешқандай негіз болмаса, бұл шешім ата-аналарымен келісіле отырып қабылданады.

Қызметкерлерге, Директор мен еріктілерге қарсы айыптармен жұмыс

Мектепте балаларды қатыгездіктен қорғау қызметкерлер мен еріктілерді өтірік әрі орынсыз айыптардан аулақ ұстау мақсатында қызметкерлерге, Директор мен еріктілерге қарсы айыптарды қарастыру рәсімдері бар. Ол рәсімдер ата-аналардың шағымдары туралы саясатында берілген.

Директор мен Бас Кеңес мектеп назарына ұшыраған қызметкерлерге, Директор мен еріктілерге қарсы айыптар туралы ақпараттарды бір жұмыс күні ішінде алады.

Оқушылар мен еріктілерге оқушыларға теріс қарым-қатынас туралы айыптар немесе сол оқушылар мен қызметкерлерді қатерге қоятын өздерінің мінез-құлықтары мен әрекеттері туралы толық нұсқаулық беріледі. Бұл нұсқаулықта «Қызметкерлер туралы нұсқаулық» және оқушылармен кездескен жағдайдағы қосымша қорғау шаралары туралы толық ақпарат берілген.

Оқушыларға қатысты айыптар

Оқушыларға қатысты айыптарды саясатта көрсетілген рәсімдерге сай хабарлау керек. Қатыгездікпен қарау туралы айып тағылған оқушы тексеріс жүргізген уақытта мектептен шеттетіліп, оған мектептің тәртіптік, ережені сақтау мен жазалар туралы саясат қолданылады.

Мұндай айыптар кезінде мектеп балалардың әлеуметтік қорғау қызметінің кеңестеріне құлақ асып, оқиғаға қатысқан оқушылардың амандығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін барлық керекті шараларды қолданады.

Егер қатыгездікпен қарау туралы айыпталған оқушымен полиция әңгімелесуі керек болса, онда мектеп балаларды әлеуметтік қорғау қызметінің ұсыныстарын ескере отырып, ата-анасына тез арада хабар береді, және оқушыға үлкендермен сөйлесу кезінде барынша қолдау көрсетеді. Егер баланың ата-анасы шет елде болса, қамқоршысына ұсынылады және онымен ілесіп жүруге мүмкіндік береді.

Егер оқушыға айып тағылса, зардап көруші мен айыпталушы да қатерге ұшырайды, сондықтан саясатқа сай балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету рәсімдері қатаң сақталады.

Бала жоғалуына қатысты рәсімдер

Барлық қызметкерлер іздеуге керекті, мектепте жоқ оқушылар туралы жеке рәсімдерге қатысты ақпарат алады. Рәсімге барлық орын алған оқиғалар, бала жоғалуының мүмкін болатын себептері мен қолданылған шаралар сынды талаптар кіреді.

Толық ақпаратты алу үшін мектептің жоғалған оқушыларға қатысты жеке саясатымен танысуыңызды өтінеміз.

Мектеп аумағының қауіпсіздігі

Мектеп ғимараттардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін барлық мүмкін болар шараларды қолданады.

Мектепке келушілер кітабы холлда толтырылады. Барлық келушілер келген және кеткен уақытын көрсетіп, қол қою керек. Мектеп аумағында келушілердің қасында қызметкер немесе еріктілер ілесіп жүреді. Барлық келушілерге «Келуші» деген бейдж беріліп, ол қонақтың мектеп аумағында жүрген барлық уақыт аралығында көзге көрінетін жеріне бекітіледі.

Мектепте ұялы телефон мен камера қолдану

Желіні қолдануға қатысты мектеп саясаты барлық бөлімдердегі оқушылар үшін шарттар орнатады. Оқушыларға оқу уақыты кезінде ұялы телефондарды немесе өзге де камерасы бар мобильді қондырғыларды қолдануға тыйым салынады.

Ата-аналар ғимаратқа ұялы телефон алып келе алады, бірақ тек қойылым, концерт немесе спорттық іс-шараларды ғана камераға түсіруге рұқсат етіледі. Мұндай суреттерді жариялау заңсыз екендігін ата-аналар ұмытпағаны абзал.

Құпиялылық және ақпарат алмасу

Мектеп балалар қызығушылығын қорғау мен қауіпсіздіктерін қамтамасыз ету мақсатында балаларды қорғау туралы жазбаларды құпия сақтайды. Мектеп Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес балаларды қорғау мақсатында барлық тиісті ақпаратты беруді қамтамасыз ету үшін полициямен және балаларды әлеуметтік қорғау қызметтерімен ынтымақтаса жұмыс жасайды.

Бақылау мен шолу

Кеңесші саясатта көрсетілген рәсімдер мен оның орындалуы, күнделікті қаралуын бақылайды. Мектеп қауіпсіздік саласындағы кез-келген жағдайлар кеңесшінің осы рәсімдерді тексеруі мен есеп құрастырумен жалғасады. Оқиғаға мектептің бас кеңсесінің қызметкерлері істі анықтауға, мектеп рәсімдерін жақсартуға қандай да бір өзгешеліктер енгізуге болатындығын зерттеуге көмектеседі. Балаларды қорғау шараларының кез-келген кемшіліктері мен әлсіз тұстары дереу өзгертіледі.

Оған қоса, Директор саясаттың Кеңесшімен жыл сайын қайта қаралуын қамтамасыз етеді. Кеңесші көрсеткен жыл сайынғы қаралымның қорытындысын соңғы шешім қабылдамас бұрын саясатты және оның рәсімдерінің жүзеге асуын тексеретін Директор орынбасарларына беріледі.

1.4 Оқушыларды қорғау саясаты

КІРІСПЕ

«TAMOS Education» оқушылардың академиялық және жеке потенциалдарын жүзеге асыруға салған күштеріне қолдау көрсетуге тырысады. Сонымен қатар, қызметкерлер мен оқушылар жеке құқықтар мен міндеттерді әртүрлі қажеттіліктер көтере алатын өзара сыйластыққа негізделген. Біз мәдениетке оқытуға жәрдемдесу үшін жұмыс істейтін қоғамдастықты қалыптастырамыз. Осылайша, оқушылардың өз мүддесі үшін мектеп, өзінің жеке және кәсіби мақсаттарына қол жеткізуі және дамуы үшін байытатын ортаны қамтамасыз етеді.

САЯСАТТЫҢ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Бұл саясат әсіресе оқушылардың потенциалын ашуға бағытталған, сондықтан оқушы тәжірибесінде туындауы мүмкін басты тосқауылдарды қарастырады.

Ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды қолдау

Мектептің негізгі принциптерінің бірі – қоғамның әр түрлі топтарынан студенттер жинау. Осылайша «TAMOS Education» оқушылардың орынды және тәжірибе жағынан мүмкін болатын жерлерде оқу немесе бағалау қызметіне бейімделуге әкелетін білім мен жетістіктерді қамтамасыз ету үшін академиялық үрдістерді дамытуға тырысады.

Мектеп барлық болашақ үміткерлер мен қазіргі оқушыларға қолдау көрсетеді. Барлық өтінішдер бірінші кезекте мүгедектікке сілтеме жасамай академиялық үлгерім негізінде қаралады. Кейін колледж мүгедектігі бар немесе қандай да бір ерекше қолдауды қажет ететін кез-келген өтініш беруші студентке тәжірибелік және қонымды өзгерістер енгізуге тырысады. Алайда «TAMOS Education» нақты қажеттіліктеріне сәйкес барлық адамдарды қолдау үшін ойға қонымды түзетулер енгізе отырып, өзінің саясаты мен рәсімдерін ұсынады.

Қазіргі мектеп саясаты көзге көрінетін және көрінбейтін қиындықтарға ие кез-келген оқушылардың ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыруға және де ерекше назар аударатын оқушыларды қолдау жүйелерін ұдайы жетілдіру үшін барлық мүмкін шараларды қолданады. Оқушылардың қажеттіліктері туралы ақпарат, тұрақтанған мектеп тәжірибесіне сәйкес басқарылады.

Инклюзивті амалды және студенттердің жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру мен ары қарай дамыту да оқытушылық және бағалаушылық қызметте көрініс табады. Ол мына мысалдармен көрсетіледі, бағаны орынды өзгерту (бағалауға немесе эмтиханға бейімделуге қосымша уақыт беру) және «TAMOS Education» қабылданған нақты қажеттіліктері бар студенттерді оқуда қолдау үшін (коррекциялық сабақтар, күнделікті бағалар, кеңесшілер және басқа қосымша қызметкерлерге жүгіну).

Оқушылардың қажеттіліктері туралы ақпарат барынша құпиялылықпен қарастырылады және қызметкерлерге тек қажет болған жағдайда ғана, оқу мен көмекші ортаны немесе қызметті жақсарту үшін ашылады. Оқушылар мүгедектігі немесе ерекше қажеттіліктеріне қатысты ақпараттардың қолданылуы туралы хабарланып, қандай да бір ақпаратты қолданбас бұрын олардың келісімдері сұралады. Бұл нақты мәселенің ерекшелігі жалпы заңдар мен ережелерге сілтеме жасай отырып, оқушының және басқа адамдардың өмірі мен денсаулығы үшін елеулі тәуекелге байланысты.

Эмоцияналдық қажеттіліктер

Мектеп оқушыларды еш кедергісіз, кемсітусіз білім алып, кәсіби дайындалу құқығымен қамтамасыз етуге тырысады. Оқушының тәртіптік процесі қорлау мен кемсітуге жол бермейді және ол мектеп мақсаттарына сай емес деген пікірді растайды. «TAMOS Education» қорлауға қарсы саясатында қорқыту немесе қорлаудың кез-келген формасына жол берілмейтіндігі туралы айтылған. Қызметкерлер эмоциональды қажеттіліктері бар оқушылардың барлығына мектепте болсын, одан сыртта болсын қолдау көрсетуге дайын болады. Балаларды қорғау мен қолдау саясатына сәйкес оқушылар мәселелерін мектеп қызметкерлерімен еркін талқылай алады. Барлық қызметкерлер оқушыларға үлгі болып, өзара серіктестік пен мектеп бірлестігінде құрметті болуға септігін тигізеді, сондай-ақ мектептің қорлау мен қорлауға деген қатынасын түсіндіреді.

Мектеп қабылдау кезінде өзінің ұдайы кәсіби дамуының шеңберінде қорлау бойынша мамандардың кеңестері ұсынылады.

Кез-келген қорлық туралы мәлімет Директорға кеңес алуға бара алатын тиісті жетекшіге хабарланады. Қызметкерлер қорқыту немесе қорлау туралы хабар алса, немесе анықталса дереу әрекет етеді. Оқушының тәртіптік рәсімдері қажетінше қолданылады.

Психологиялық қажеттіліктер

Кейде адамның психологиялық денсаулығы жаһандық бірлестіктегі заманауи өмір салтына байланысты әр түрлі факторлар үшін ойдағыдай орнықты болмауы мүмкін. «TAMOS Education» қысымға шыдамдылығына қарап, оқушыларды ешқашан талдамайды. Осы қажеттіліктерді қызметкерлермен талдау әрқашан қолжетімді. Бастапқы және жеке байланыс сынып жетекшісімен, әкімшілікпен, кеңесшілермен немесе көмекші қызметкерлермен болуы мүмкін. Оқушының қолдауына қандай жеке қолдау қажет және ол мектепте қанағаттандырыла ма немесе маманға жолдама талап етіле ме деген сұрақтың ашықтығы мен икемділігі қарастырылады.

Оқушының қабілетіне байланысты алдыңғы келісілген кестеге сәйкес, тиісті біліктілікке ие болып, оқуды уақытша шегеруді зерттеу үшін ыңғайлы уақытта талқылау өткізіледі. Бұл әрдайым оқушы оқуын қайта жандандырып, қалаған біліктілікке жетуді ескере отырып талқыланады.

Жеңілдетілетін жағдайлар

Кейде жоспарланбаған және елеулі әсер етуі мүмкін жағдайлар қабілетті оқушының оқуын жалғастыруға мүмкіндік жасайды. «TAMOS Education» мұны түсінеді және оқытудың балама шарттарымен барлық оқушылырды қолдайды.

1.5 Оқу процесінің регламенті

Жалпы саясат

«TAMOS Education» оқу бағдарламасы екі категорияға бөлінеді: ұлттық және халықаралық.

Ұлттық бағдарлама – бұл бағдарлама екі мектепте оқытылады: қазақ және орыс. Екі мектепте де қазақстандық оқу бағдарламасының стандарттарына сүйеніп, оқушыларды 5, 9 және 11 сыныптардағы ұлттық тестілеуге дайындауға бағытталған.

Халықаралық бағдарлама – біздің мектептегі Кембриджік мектептің халықаралық бағдарламасының қазақстандық оқу бағдарламасымен бірлесе тиісті сыныптарға арналған аралас оқу бағдарламасы. Оқу жоспарлары балаларға халықаралық стандарттағы білімді бере отырып, 5, 9, 11 сыныптардағы мемлекеттік емтихандарға дайындау түрінде жасалған.

Балабақша / мектепке дейінгі мекемелер

Балабақша үшін біз мектептің когнитивті дамыту мен британдық PILES (физикалық, тілдік, интеллектуалды, эмоционалды және әлеуметтік даму сатылары) принципіне негізделген оқу бағдарламасын қолданамыз. Ойын, рөлдік ойындар мен қарапайым жобалық жұмыстар арқылы оқытудың түрлеріне аса назар аударамыз. Біздің оқыту ортамыз – қазақ, орыс, ағылшын тілдері. Пәндер қазақстандық оқу бағдарламысының стардарты мен халықаралық когнитивті дамыту тәжірибесінің негізінде жазылған оқу жоспарлары бойынша оқытылады.

Балабақша (0 сыныптар)

Балабақшада математика мен жаратылыстану ғылымдары бойынша Кембриджік 1-деңгейлі оқу бағдарламасын қазақстандық көрсеткіштермен бірге қолданамыз, ал басқа пәндер бойынша когнитивті дамыту, халықаралық оқу бағдарламалары мен қазақстандық стандартқа сай, Англия мен Уэльстің ұлттық оқу бағдарламаларына негізделіп, арнайы жазылған оқу бағдарламасын қолданамыз. Оқушылар ағылшын тілінен Кэмбридждік емтихан тапсыра алады. Қазақ тілі мен орыс тіліндегі пәндер қазақстандық стандартқа сай жазылған оқу жоспары бойынша жүргізіледі.

Бастауыш мектеп (1-4 және 5 сыныптар)

Бастауыш мектепте Кэмбриджік оқу бағдарламаларын ағылшын тілі, математика, АҚТ мен жаратылыстану ғылымдары қолданылады. Бағдарлама Англия мен Уэльстің ұлттық оқу бағдарламаларына халықаралық және қазақстандық стандарттарға сай жаңартылып жасалған. Қалаған оқушылар Кэмбридж сертификаттары мен FLYERS, STARTERS, KET және PET марапаттары үшін емтихандарға қатыса алады. Қазақ тілі мен орыс тіліндегі пәндер қазақстандық стандартқа сай жазылған оқу жоспары бойынша жүргізіліп, 5 сыныптағы мемлекеттік емтиханға дайындайды.

Орта мектеп 1 (6, 7, 8 сыныптар)

1-деңгейлі орта мектепте Кэмбриджік оқу бағдарламаларын ағылшын тілі, математика, АҚТ мен жаратылыстану ғылымдары қолданылады. Бағдарлама Англия мен Уэльстің ұлттық оқу бағдарламаларына халықаралық және қазақстандық стандарттарға сай жаңартылып жасалған. Қалаған оқушы Кэмбридж сертификаттары мен FLYERS, STARTERS, KET және PET марапаттары үшін емтихандарға қатыса алады. Қазақ тілі мен орыс тіліндегі пәндер қазақстандық стандартқа сай жазылған оқу жоспары бойынша жүргізіледі.

Орта мектеп 2 (9-10 сыныптар)

9-10 сыныптарға халықаралық бекітілген Cambridge IGCSE оқу бағдарламасын қолданамыз. Бұл бағдарлама оқушыларды 9 сыныптан кейінгі әлемнің барлық колледждері мен университеттеріне, әсіресе, Америка Құрама Штаттары мен Біріккен Әмірліктері, жарамды аттестат берілетін мемлекеттік емихандарға дайындайды. Қазақ тілі мен орыс тіліндегі пәндер мемлекеттік емтихандарды тапсыру үшін қазақстандық стандартқа сай жазылған оқу жоспары бойынша жүргізіледі.

Жоғары сыныптар (11,12)

11 және 12 сыныптарға халықаралық университеттерге түсу үшін пәндер бойынша дайындалуға Кембридждік «А» және «AS» деңгейлік бағдарламасын ұсынамыз. Сабақтар саны 12-сыныпта көп болады, сондықтан 11-сыныпта мемлекеттік емтиханға дайындалып, оны тапсыру үшін қосымша уақыттары бар. Сонымен қатар, IELTS пен CPE, BEC (P, V, H) ILEC және ICFE арнайы Cambridge English емтихандарын ұсынуды жоспарладық.

1.6 Киберқудалау саясаты

Кіріспе

Оқушылар желіні қолдану ережелерін сақтауға келіседі және бұл келісімді бұзу желіні қолдануға уақытша тыйым салуға әкеледі.

Анықтама

«Киберқорлау – бұл ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, әсіресе телефон мен Ғаламторды біреуге әдейілеп тіл тигізу үшін қолдану».
Киберқорлау мынадай факторлардың әсерінен терең ықпал етуі мүмкін:

- жеке аймағына басып кіру;
- агрессордың аты-жөнін көрсетпеу (көбінесе басында);
- үлкен аудитория үшін тіл тигізетін хаттар мен суреттерді тез жариялау мүмкіндігі және оның ұзақ уақыт бойы қайталануы.

Киберқорлау формалары

Киберқорлау әр түрлі формада болуы мүмкін:

- электрондық құралдардың көмегімен қорқыту;
- аңду немесе «кибер-қорлау»;
- жыныстық сипаттағы хабарлар;
- диффамация/жала жабу;
- оқушы туралы қорлық жазбалары бар мәліметтерді сайт бетіне шығару арқылы жариялау;
- ғайбаттау мен қаһарлы мәтінді хаттар жіберу;
- араласатын ортасынан шығару немесе құрдастарының жағымсыз қарым-қатынасы;
- желі қолданушысын ауыстыру;
- жеке ақпаратты немесе суреттерді рұқсатсыз жариялау (оған қоса, телефонмен түсіру);
- әлеуметтік желілерде зардап көрушінің өтірік немесе ерсі суреттерді салу;
- әлеуметтік желілердегі аккаунттарын бұзу, өшіру немесе жеке әрі ерсі ақпараттарды тарату;
- манипуляция;
- онлайн «чаттар», мысалы, әлеуметтік желі/ойын сайттары және т.б. арқылы.

Киберқорлаудың кейбір жағдайлары әдейіленіп жасалғаны анық болса, ал кейбіреулері алдын-ала ойластырылмай, білмей жасаған жағдайлар да кездеседі.

Киберқорлаудың алдын алу

«TAMOS Education» бірлестігінің мүшелері киберқорлауды түсінеді және оны талқылайды:

- Киберқорлау анықтамасын тарату;
- Киберқорлау мен оның формаларын талқылау;
- АҚТ қолданудағы біздің жауапкершілігіміз бен бұзушылықтар үшін жазаларды зерттеу;
- АҚТ қолдану ережелері;
- Семинарлар.

Тиісті тәжірибе мен саясаттар:

- Киберқорлаумен күрес стратегияларын жыл сайын қарау және АҚТ желіні қолдануды тексеру;
- Жағдайлары туралы жазба жүргізу;
- Киберқорлау туралы оқушыларды хабарлауын ұсыну;
- Технологияларды оң пайдалануды ынталандыру;
- Технологияларды пайдаланудың ең қауіпсіз әдістерін зерттеу .

Киберқорлау дегеніміз не, оның алдын алу және басқа да қорлау түрлерінен айырмашылығы туралы оқушылардың талқылаулары мен іс-әрекеттері ықпал етеді. «TAMOS Education» оқушылардың интернетті

пайдалануын үнемі бақылайды және адамдармен қатігез қарым-қатынас жасауға негіз бар жерлерде ұялы телефондарды тексеру құқығын өзіне қалдырады.
Технологияларды теріс пайдалану мектеп тәртіптік саясатының объектісі болып, ауыр қылмыс болып есептеледі. Оқушылар өз веб-сайттарында енгізген материалдар үшін жауапты. Егер басқа оқушылардың әл-ауқаты немесе мәдениеті болса, немесе мектеп беделі тәуекелге ұшыраса, санкциялар ұялы телефондарды тәркілеуді немесе Интернетті пайдалануға шектеуді қамтуы мүмкін.

Білім беру:

Технологияларды қолдану мен электронды қауіпсіздікті талқылау мен үйрету киберқорлаудың алдын-алуға және балалар мен жасөспірімдерге мектепте немесе мектептен тыс кез-келген мәселелерді шешуіне көмектеседі. Мектеп киберқорлаудың алдын-алуды барлық мектеп бірлестіктерінде тарататын болады.
Мектеп бірлестіктерінің өкілдері мектепке таралатын келесідей нұсқаулықты сақтауы керек:

- Өзгелерді әрқашан құрметтеңіз – желіде айтатын сөздеріңізге және жіберетін суреттеріңізге аса назар аударыңыздар;
- Бір нәрсе жіберер алдында ойланыңыздар – сіз жіберген нәрсе желіге тез тарап, онда мәңгілікке қалуы мүмкін;
- Бір нәрсе орнатпас бұрын, ойланыңыз;
- Құпиясөзді тіс жуатын щетка сияқты қолданыңыз – өзіңізбен бірге ұстаңыз;
- Ұялы телефоныңыздың нөмірін немесе жеке веб-сайтыңыздың мекен-жайын тек сенімді достарыңызға беріңіз;
- Агрессорға шектеу қойыңыз – шектеуді қалай қою керектігін біліп, өзін агрессивті ұстағандар туралы біреуге хабар беріңіз;
- Кек алмаңыз және тиісуге жауап бермеңіз!
- Дәлелдерді сақтаңыз – ерсі хаттар, суреттер немесе онлайн-әңгімелердің есебін қалай жүргізу керектігін біліңіз;
- Ересек әрі сенімді адаммен сөйлесіп отырғаныңызға көз жеткізіңіз;
- Егер сіз киберқорлауды көрсеңіз, зардап шегушіні қолдап, жағдайды хабарлаңыз. Егер сізге ешкім қолдау көрсетпесе, сіз өзіңізді қалай сезінуші едіңіз?

Киберқаудалауға жауап қату

Жарақат немесе қорлауға ұшырайтын адам тергеуге көмектесу үшін алынған мәтіндерді немесе электрондық хаттарды сақтауға тиіс. Киберқорлаудың таралуын тежеу үшін келесіге назар аудару қажет:

- Ғаламтор қызметінің немесе хост жеткізушісімен байланысу (мысалы, әлеуметтік желі сайтында);
- Телефон / ноутбуктар / планшеттерді тәркілеу;
- Мектеп бірлестігінің өкілдері жағдайдың қайталануының алдын-алу қадамдары туралы ақпарат алады, оған мыналар жатады:
    - Кек алмау және тиіскен адамға жауап бермеу;
    - Қызмет көрсетушілердің тиісті байланыс деректерін жинау;
    - Байланыс деректерін қалай ауыстыру, өшіру немесе чаттан шығу жолдарын білу.

Жәбірлеу туралы барлық айыптар байыпты қабылданады.

Агрессормен жұмыс және «TAMOS Education» жазалау саясаты

Оқушылар мінез-құлқы мен қарым-қатынасын өзгерту үшін шаралар қолдану керек, сонымен бірге кез-келген жағдайда оларға қолдау көрсетуді қамтамасыз ету керек.
Тиісті шараларды қолданбас бұрын келесідей факторларды ескеруі тиіс:

- Зардап шегушіге әсер ететін заттар: агрессор анонимді әрекетте болды ма?
- Қорлайтын материалдар болды ма?
- Материалдың таралуын бақылау қаншалықты қиын болды?
- Агрессордың мотивациясы: жағдай әдейі болды ма немесе өзгелер үшін кек алды ма?

Киберқорлауға қатысқан оқушыларды жазалау уақытша Ғаламтор желісіне шектеу қою немесе мектепке ұялы телефонын әкелуіге тыйым салу сияқты жазалар қолданылуы мүмкін. Стратегияларды таңдау барысында жеке тұлғалар мен топтарға қорлаудың алдын-алуға олардың жауаптылығын және онымен күресуге көмектесу керектігін еске салу үшін кәсіби пікірге жүгінеді. Қорлаудағы зардап шегуші мен айыпкердің ата-аналары хабардар болады, сондықтан әділеттілікті алдыңғы кезеңдерде жүзеге асыруға

болады. Сыртқы бірлестіктер оқиға қылмыстық заң бұзушылық ретінде болғанда мақсатты түрде жұмылдырылады.

Оқиғалар жазбасы

Киберқорлаушының барлық жағдайларын қауіпсіздік қызметінің басшысы жазады. Құдалауға қарсы саясатта көрсетілген шағым жазу үлгісі қолданылады.

1.7 Дербес деректерді қорғау саясаты

«TAMOS Education»

«Қазақстан Республикасының ақпаратты қорғау заңына» сәйкес дербес деректер субъекті сауалға жауап қайтару рәсімдері.

Мәліметтерге қолжеткізу құқығы

Мектептегі оқушылардың мәліметтерге қол жеткізуінің екі құқығы бар:
1. Қазақстан Республикасының ақпараттарды қорғау туралы 2013 жылдың 26 қарашасы шыққан заңына сәйкес, кез-келген тұлға оқушы туралы жеке мәліметтерге қолжеткізу үшін сауал беруге құқылы.

2. 2014 жылғы білім беру ережесінде оқу жоспарлары мен оқу материалдарына қолжеткізу мүмкіндігі бар тұлғалар көрсетілген.

Бұл рәсімдер «Қазақстан Республикасының ақпараттарды қорғау туралы 2013 жылдың 26 қарашасы шыққан заңына» сәйкес субъектілер туралы дербес деректерге қол жеткізу үшін берілетін сауалдарға қатысты болып табылады.

Субъектінің дербес деректері туралы ақпаратқа берілген сауалмен жұмыс

1. Жеке ақпараттар туралы барлық сұраныстар Бас директордың, орынбасарлар немесе мектеп директорының атына жазбаша формада жіберіледі. Егер алғашқы сұраныс керекті ақпаратты нақты анықтауға мүмкіндік бермесе, тиісті ақпараттарды толықтыру үшін қосымша сұраныс жіберіледі. Барлық сұраныстардың кері мекен-жайы, телефон нөмірі мен электронды мекен-жайы болуы шарт.

2. Қандай да бір ақпаратты беру алдында сұратқан тұлға туралы деректер анықталады. Егер тұлғаны мектеп құжаттарынан анықтай алмаса, онда сұратылған баламен туысқандық қатынасты дәлелдеу үшін ары қарай тексеріс жүргізіледі. Тұлғаны келесі құжаттар арқылы анықтауға болады:

- Паспорт;
- Жүргізуші куәлігі;
- Тұрғылықты мекен-жайы бойынша коммуналды қызметтер үшін есеп;
- Туу/неке туралы куәлік;
- Жеке куәлігі;
- Кредиттік карта немесе кредиттік келісімшарттар көшірмесі.

Бұл тізім толық құжаттар тізімі болып табылмайды.

3. Кез-келген адам өзі туралы ақпаратқа қол жеткізуге құқылы. Алайда, бұл балалардың жағдайды түсіну деңгейі мен сұраныстың түріне байланысты (тәртіп бойынша, 12 жастан жоғары). Директор, оқу ісі бойынша орынбасар немесе Мектеп директоры сұранысты оқушымен талқылап, шешім қабылдар алдында оның пікірін ескеруі керек. Жағдайды түсіну үшін жеткілікті құзыреттілігі жоқ балаға оның жазбаларына қол жеткізуден бас тартылуы мүмкін, және шешім қабылдау үшін баланың ата-анасына немесе қамқоршысына хабарласу керек.

4. Субъект туралы жеке ақпаратқа сұраныстың қаралу уақыты сұранысты қабылдаған күннен бастап 14 күнді (мектеп демалыстарына қарамастан, күнтізбелік күн) құрайды. Бірақ сұралған ақпаратты толық анықтамағанша 14 күнді есептеу басталмайды.

5. Қазақстан Республикасының ақпараттарды қорғау туралы 2013 жылдың 26 қарашасы шыққан заңында кейбір ақпараттарды беруге рұқсат етілген, демек ақпаратты толық ашқанға дейін бала туралы барлық ақпараттар қарастырылады.

6. Үшінші жақтан алынатын ақпарат – полиция, жергілікті билік органдары, медициналық қызметкер немесе басқа мектептен алынатын ақпарат. Ақпаратты ашудан бұрын үшінші жақтың келісімін алған абзал, бірақ заңмен бекітілген 14 күндік шарт күшінде болу керек.

7. Оқушының немесе өзге де тұлғалардың физикалық, психикалық денсаулығына, эмоционалды жағдайына әсер етуі мүмкін кез-келген ақпаратты жариялауға тыйым салынады. Бұл ол оқушының немесе өзге тұлғаны қатігездікпен қарауға немесе сотта істің қаралуына әкеліп соғуы ықтимал.

8. Ақпаратты ашу барысында қандай да күдік туындаса, онда қосымша заң жөнінен кеңес беретін мекемеге жүгінген жөн.

9. Егер ақпарат өзгеріске ұшыраса (құпияланып өшірілсе), онда берілген ақпараттың толық нұсқасын сақтау керек. Мүмкін кейін оған өзгеріс енгізеді немесе неге енгізгендігі туралы шағым түсуі мүмкін.

10. Ашылатын мәлімет анық болуы шарт, сондықтан барлық шифрлар мен техникалық терминдердің мағынасын ашып, түсіндіру керек. Егер ақпарат оқуға қиын немесе түсініксіз болса, оны қайта шығару керек.

11. Егер қажет болып жатса Мектепте сұраққа жауап бере алатын қызметкер арқылы ақпарат берілуі мүмкін, немесе ақпарат жеке беріледі.

Сұраныс берушінің пікірін ақпарат беру амалдарын қарастырғанда ескерген жөн. Егер пошта қызметін қолдану керек болса, онда ол хабарландыруы бар заңды хат түрінде болуы керек.

Шағымдар

Жоғарыда аталған рәсімдерге байланысты қабылданған шағымдардарды Бас директорға жөнелту керек. Ол тиісінше шағымды қарастырып, шешім қабылдайды.

1.8 Оқушылар туралы ақпаратқа қол жеткізу құқығы саясаты

«TAMOS Education» мектебіне қатысы бар (Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау заңында көрсетілгендей) қызметкерлер, оқушылар, ата-аналар және өзге де тұлғалар туралы дербес ақпаратты жинайды. Бұндай ақпараттар оқыту мен басқа да байланысты қызметтерді қамтамасыз ету үшін жиналады. Одан басқа, мектеп заң бойынша өзінің жарғылық міндеттеріне сай белгілі ақпаратты жинауға, қолдану мен жариялауға міндеттеледі.

Мектеп «дербес деректердің операторы» болып табылады. Мектеп барлық оқушылары мен ата-аналарына оқушылар туралы ақпараттың қаралып, оны неге сақталатыны туралы хабарламалар жіберіледі.

Мақсаты

Бұл саясат жеке ақпараттарды мемлекеттік директивтер мен басқа да заңнамаларды дұрыс әрі қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз етеді. Ол ақпаратты жинау тәсілдері, қолданылуы, жазбалар, сақталуы мен жойылуы, оған қоса қағаз түрде немесе электронды түрде сақталғандығына, қарамастан қолданыла береді. Дербес деректерді жинау, тексерумен айналысатын барлық қызметкерлер өз міндеттерін жақсы біледі, әрі оны ұстанады.

Дербес деректер/ақпарат дегеніміз не?

Дербес деректер немесе ақпараттар – жеке тұлғаға қатысты, оның деректері мен ақпараттарын басқа қолжетімді ақпараттармен теңестіріп, толықтыруға болатын ақпараттар. Дербес деректерге аты-жөні, туған күні, фотосуреттері, банк реквизиттері мен өзге де тұлғаны анықтайтын мәліметтер жатады.

Құпия дербес деректер дегеніміз не?

Құпия дербес деректерге мыналар жатады: адамның этиникалық шығу тегі, оның саяси және діни көзқарастары, қауымдастықтарға мүшелігі, физикалық немесе психикалық денсаулығы мен жағдайы, сексуалдық өмірі, жасаған немесе жасауы мүмкін деп табылған қылмыстары.

Ақпараттарды қорғау принциптері

Әрдайым сақталуы тиіс, деректерді қорғайтын сегіз принцип бар:

1. Деректер бір немесе бірнеше көрсетілген заңды мақсаттар үшін ғана беріледі;
2. Дербес деректер дәлме-дәл, маңызды болуы шарт;
3. Дербес деректер нақты, керегінше қайта толықтырылып отырылуы тиіс;
4. Кез-келген мақсаттар үшін өңделетін дербес деректер, көрсетілген мақсаттар үшін қажет болған жағдайдан ұзағырақ сақталмауы тиіс;
5. Дербес деректер субъектінің құқығы аясында Қазақстан Республикасының заңына сай қарастырылады;
6. Дербес деректер жақсы қорғалуы тиіс;
7. Дербес деректерді Қазақстан Республикасынан тыс аймаққа немесе басқа елдерге берілуіне тыйым салынады. Егер сол ел немесе аймақ тиісінше ақпаратты қорғай алса ғана мүмкін болады;
8. Дербес деректер заңды түрде қарастырылуы керек.

Жалпы өтініштер

Мектеп жоғарыда көрсетілген принциптерді қатаң ұстануға тырысады. Сондықтан мектеп мына мазмұндарға міндеттеледі:

- Дербес деректің не үшін жиналатынын хабарлау;
- Заңды негіздер жоқ болса, қашан, неге, кімге ақпарат берілетінін хабардар етіп отыру;
- Егер деректерді өңдеудің басқа шарттарының бірі қолданылмаса, құпиялы жеке деректерді өңдеуге дейін келісім алу;
- Ақпараттың мазмұны мен шынайылығын тексеру, уақытылы жаңалау;
- Өкілетті тұлға ғана дербес деректерді алуына болатынына кепілдеме беру;

- Дербес деректердің сақталуына, жоғалуына, ұрлануы мен рұқсатсыз алынбауын қамтамасыз ететін қауіпсіздік шаралар сақталуына нақты кепілдеме беру;
- Жеке деректер тек керек уақытқа ғана сақталатынына кепіл беру;
- Тек заңды түрде өзге тұлғалармен дербес деректермен алмасу;
- Субъекті алдындағы міндеттерді орындау үшін Subject Access Requests сияқты әйгілі рәсімдерді қолдану;
- Жеке ақпараттардың Қазақстан Республикасының аумағынан тыс берілмейтініне кепіл беру;
- Барлық қызметкерлер ережелер мен рәсімдерді білетіндігі мен түсінетіндігіне кепіл беру;
- Шағымдарды қарастыру.

Басты шаралар (саясат мазмұны)

Барлық дербес деректер туралы толық ақпарат, қандай форматта сақталғандығы және кез келген жағдайдағы ақпарат жинау мақсаттары.

Қызметкерлердің жеке ақпараттарын жинауға жатады:

- Аты, мекен-жайы және байланыс телефондары;
- Өтініш пен қызметке тағайындалуы;
- Келесі қызметке тағайындалуы туралы жазба;
- Жұмыстан босатылуы туралы мәліметтер (жұмыстағы үзілістер, балаға қарауға байланысты демалыс, оқу демалысы және т.б.);
- Еңбек кітапшасының ақпараттары (квалификация, оқыту өткен сыныптар т.б.);
- Шағымдар/наразылықтар, оған қоса кеңес беру, әрекет/жақсарту/бағалар жоспарлары туралы мәліметтер.

Жазбалар сақталатын формат – қағазда жазба түрде және компьютердегі жазба.

Кадрлық есеп жүргізудің мақсаты:

- Қызметкерлер ақысын төлеуді жеңілдету;
- Болашақтағы зейнеткерлік төлемдерді жеңілдету;
- Қызметтегі өсу туралы жазба;
- Ұсыныстар;
- Тәртіп бойынша сұрақтар;
- Еңбек демалыстары;
- Денсаулық жағдайы бойынша демалыс;
- Бақылау мен бағалау.

Оқушылар туралы жазбаларға мыналар кіреді:

- Тіркелу кезіндегі беріліп, жазылатын ақпараттар;
- Аты, мекен-жайы, байланыс телефондары мен жеке ісінің нөмірі;
- Ата-анасының/қамқоршысының аты және олардың байланыс телефондары;
- Діні;
- Этникалық/ұлттық тегі;
- Қолданылуы тиіс ерекше шарттар (мысалы, ерекше оқыту мұқтаждықтары, денсаулығындағы ақаулықтар т.б.);
- Алдыңғы оқу орны туралы ақпарат;
- Психологиялық баға;

- Сабаққа қатысу туралы есеп;
- Академиялық анықтама – оқытылған пәндер, сыныптық тапсырмалар, емтихан қорытындылары;
- Маңызды жетістіктері;
- Тәртіптік мәселелер/берілген жазалар туралы жазба;
- Өзге де жазбалар, мысалы жазатайым жағдайлар / жарақаттар т.б.

Аталған жазбалар мына форматта сақталады:

- Қағаздағы жазба түрінде (жүйедегі жеке ісі);
- Компьютердегі жазба.

Оқушылар туралы жазбалар жасаудың мақсаты: әр оқушыға өз потенциалын ашуға мүмкіндік беру, заңнамалық және әкімшілік талаптарды орындау, діни білім беруді қолдау, төтенше жағдайларда ата-аналарға/қамқоршыға хабарласу.

Шағымдар

Шағымдар мектеп саясатына сәйкес қаралады. Ақпаратты талқылау бойынша шағымдар Бас директорға немесе «TAMOS Education» Мектеп директорына жіберіледі.

Қайта қарау

Бұл саясат тек қана керек жағдайда қаайта қаралады, бірақ 2 жылда бір реттен жиі емес. Саясат Бас директормен, Мектеп директоры немесе оның өкілімен қаралады.

Байланыс ақпараты

Егер сізде осы саясатқа қатысты қандай да бір сұрақтар болса, барлық ақпаратқа қол жеткізу үшін оқу бөлімінің меңгерушісіне хабарласыңыз.

1.9 Тепе-теңдік пен әртүрлілік принциптері саясаты

«TAMOS Education» тепе-теңдік пен әртүрлілік идеясын, сонымен қатар өзгешеліктерді құрметтейтін мәдениетті ұстануға тырысады. Біздің мәдениетіміз әр түрлі тегі бар адамдар, біздің жұмысымызға құнды түсініктерді, білім мен мәдениетті қоса алатынын мойындайды.

«TAMOS Education» әртүрлілікті бағалап, оған құрмет көрсетіп және әрдайым даму үстіндегі инклюзивті ұйым болуға тырысып бағуда. Біз әр түрлі жергілікті және әлемдім қауымдастықтарды бейнелейтін сан алуан жұмыс ресурстарына қолдау көрсетіп, өзімізге қолдануға тырысамыз.

«TAMOS Education» кемсітушілік пен негативті факторлармен белсенді түрде күресуде және ешбір тұлға қандай да бір тікелей немесе жанама кемсітушілікке ұшырамауына тырысады.

Тепе-теңдікті кедергілерді бұзу, кемсітушілікті жою және тең мүмкіндіктер мен білім берудің қол жетімді болуын қамтамасыз ету деп сипаттаса болады.

Әртүрлілік – барлығымыздың құндылықтарымыз бен өзгешеліктерімізді қабылдау. Әр адамның өзгеден көрінетін және көрінбейтін өзгешеліктері болады және әркім өзінің құнды екендігін тек адамдарға қатысты емес, оған қоса жергілікті әрі жаһандық қауымдастық үшін де сезінуі ықтимал.

Тепе-теңдік пен әртүрлілік өзара айырбасталмайды, бірақ өзара тығыз байланысты. Құндылықтар мен өзгешеліктерді қабылдамай, тепе-теңдік мүмкіндіктері болуы мүмкін емес.

«TAMOS Education» болашақ пен қазіргі қызметкерлеріне, оқушыларға, ата-аналарға, іздеушілерге немесе барлық кемсітушілік пен жалған сенімнен аулақ аймақ қызметкерлерге әділетті қарым-қатынас орнатуға тырысады:

- жас;
- денсаулық жағдайы;
- жынысын өзгерту;
- азаматтық немесе бір жынысты неке;
- жүктілік пен ана атану;
- нәсілі (терісінің түсі, ұлты және этникалық шығу тегі);
- діні немесе сенімі;
- жынысы;
- жыныстық бағдар.

«TAMOS Education» тікелей кемсітушілікке, ассоциативті кемсітушілік, көзқарас бойынша кемсітушілік, үшінші жақтан қорлау, қорқытуды қоса алғандағы жанама түрде кемсітуге парапар ешқандай қарым-қатынас, мінез-құлық пен процесстерге жол бермейді.

«TAMOS Education» бұл саясатты қолдана алу үшін жетекшілер мен мұғалімдерді және өзге де барлық қызметкерлерді тепе-теңдік пен әртүрлілік принциптеріне оқытуға тырысады. Мысалы, оған Қазақстандық заңнамаға сәйкес ең алдыңғы қатарлы тәжірибе талаптарына сай дін мен көзқарас, жас, инвалидтілік, жыныс, гендерлік біркелкілік, нәсілдік сияқты арнайы дайындықтар кіреді.

«TAMOS Education» кемсітушілікке қатысты барлық шағымдарға аса байсалдылықпен қарап, оған қатысушы тұлғаларға қатысты тиісті шараларды қолданады. Кемсітушілік әлдекімнің белгілі бір адамға немесе адамдар тобына оның жасы, инвалидтігі, жынысын өзгертуі, азаматтық немесе біржынысты неке, жүктілік пен ана атану, нәсілі, діні немесе сенімі, жынысы, жыныстық бағдарлығы сынды сипаттамалары үшін жағымсыз қарым-қатынаста болу кезінде пайда болады.

Мұнда вербалды және бейвербалды тіл тигізетін ескертулер мен өсек-аяңдар сияқты тәртіптің барлық түрлері кірген. Қорлау, кемсіту және қорлауға ұшыраған кез келген қызметкер Директорға барып хабар беруі керек. Мұндай барлық мәліметтер қатаң құпия сақталады. Қызметкерлер кемсітушіліктің барлық формасынан, саясатқа қарсы келетін әрекеттерден аулақ болуы шарт. Саясат қызметкерлерді күнделікті басқарумен қатар, жұмыспен қамту саласында әділетті әрі тең түрде енгізіледі.

1.10 «TAMOS Education» тілдер саясаты

«TAMOS Education» тілдер саясаты қазақ, орыс және ағылшын тілдерін дамытуға бағытталған. Қазақ тілі - мемлекеттік тіл, оны мектеп бірлестігінің әр мүшесі оқуға міндетті; орыс тілі - халықаралық байланыс тілі, ал ағылшын тілі - әлемдік қауымдастыққа кіру мақсатында белсенді түрде оқытылатын тіл.

«TAMOS Education» Қазақстан Республикасының Президентінің 2011 жылы берген білім беру саласы үштілді саясаты туралы жарлығын жүзеге асырады және орындайды (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі 2011). «TAMOS Education» ұлттық саясатқа сай мектептегі оқу ортасын қазақ, орыс және ағылшын тілдерімен жұмыс істейді. Біздің тілдік саясат мектептегі оқу процесінде маңызды рөл атқарады.

«TAMOS Education» Қазақстанның болашағы үшін үш тілді қатар алып жүру, өте маңызды деп есептейді. Осы тілдерді еркін меңгеру мектептің негізгі мақсаты мен міндеті болып табылады. Жоғары деңгейдегі тілдік дағдылар қазақ елінің жоғары білім беру саласында, қалыптасу үшін керек.

Мақсаттары мен міндеттері

Шынайы саясат жоғары сапалы оқытуды қамтамасыз ететін, оқу жоспары мен Cambridge International халықаралық стандарттарына сай ұсынылатын және мектеп оқушылары үшін ұсынған үштілді модельді құруы мен енгізуін бейнелейді.

Жалпы ережелер

«TAMOS Education» тіл саясаты мектептің меншігі және жоғары басшылық, оқытушылар, оқушылар мен мүдделі тұлғалардан тұратын топтардың жалпы әзірлемесі болып табылады. Бұл саясатты Директор мен жоғары басқарушы топ жыл сайын қайта қарастырады.

Стандарттар

«TAMOS Education» тіл саясаты мыналарды сипаттайды:

- Үздік халықаралық және қазақстандық оқыту әдістемесі мен тілді оқыту әдістерімен алмасу;
- Көптілділік туралы идеялар (бір тілден өзге де тілдерді оқытудың оқушылардың жалпы сауаттылығына оң әсері);
- Оқушылардың ана тілін толық қолдау.

Тіл саясатын енгізу

- Үйірмелер, хор, спорттық іс-шаралар мен кітап оқу клубтары сияқты сыныптан тыс шараларда шет тілдерін енгізу;
- Халықаралық шетелдік мұғалімдер әртүрлі тілдік дағдыларды игеруге көмектеседі;
- Мектеп ресурстар орталығының материалдары бойынша тілдерді үйрену кезінде ағылшын тілін шет тілі ретінде емес, керісінше түпнұсқалық мәтіндерді пайдалануға ерекше назар аударылатын тиісті ақпараттық ресурстарды беру;
- Мектеп саясаты мен құжаттарын үш тілде жүргізу;
- Барлық оқушылар мен оқытушыларға ағылшын тілін тәжірибе жүзінде жетік меңгеруге бағытталған әр түрлі дебат, конференция, байқаулар, семинарларға қатысуды қамтамасыз етіп, шет елдік саяхаттарға ынталандыру;
- Ана тілінде сөйлейтін және жетік меңгерген біліктілік әрі куәліктері бар мұғалімдер орыс, қазақ немесе ағылшын тілдерінде оқытушыларға біліктілікті арттыруды ұсынады. Тіл меңгерген оқытушылар - орыс немесе қазақ тілін меңгеруге мүмкіндік алады;
- Біз қазақ тілін ана тілі ретінде оқыту курстарына қатысу үшін оқушылардың жеке қажеттіліктерін қамтамасыз етеміз;
- Оқу жылының басында әртүрлі тілдік қажеттіліктері бар оқушылар анықталады, ал тілдік үйлестіруші жеке қажеттіліктерге сәйкес жоспар жасағанда олармен бірге жұмыс істейді.

Оқытушылар, ата-аналар, қызметкерлер мен өзге де мүдделі тараптардың рөлі

Мектеп тіл үйренуге және тіл үйренудің бастапқы кезеңінде жұмыс істейтін қызметкерлерге жәрдемақы төлеуге міндетті. Мектеп қауымдастығының барлық қызметкерлері, соның ішінде жоғары басшылық құрам, мұғалімдер, студенттер, әкімшілік, көмекші қызметкерлер және ата-аналар мектеп өмірінің барлық деңгейлерінде тіл саясатын жүзеге асыруға және дамытуға қолдау көрсететін болады.

Барлық мектепте орын алатын жағдайлар - тіл үйренуге мүмкіндік беру, барлық мұғалімдер тіл үйрете алады, оған қоса біздің мектепте барлық мұғалімдер өздері де тіл үйренуде. Сондықтан:

- Барлық оқушылар мен мұғалімдер елеулі жетістіктерге қол жеткізіп, оқу жылы ішінде ресми мектеп тілдерін қолдануды білуі керек;
- Мектеп өз қызметкерлеріне тіл үйренуде қолдау көрсетеді және тіл үйренудің бастапқы деңгейіндегі мектеп қауымдастығының мүшелеріне жәрдемақы беріледі;
- Барлық мұғалімдер мектептегі тіл үйрену мүмкіндігін білуі керек. Мектеп жергілікті мұғалімдердің IELTS және KazTEST сертификаттарын алғаны үшін мадақтайды;
- Барлық оқытушылар өз пәндеріндегі белгілер, глоссарийлер, терминдер тізімі үш тілде болуын қадағалауы керек;
- Ата-аналар мектептің тілдік саясатының жүзеге асуын, оқушылардың үш тілді жетік меңгеруге деген ынтасын толығымен қолдау керек;
- Мектеп құжаттары мүмкіндігінше үш тілде болуы шарт.

Балабақшадан кейінгі, негізгі топтардан біршама кейін және ағылшын тілінің меңгеру деңгейі төмен оқушылар қарапайым ағылшын тілінің сабақтарынан босатылып, жеке сабақтар алады. Оған қоса, оқытушының кеңесі бойынша білім деңгейі төмен оқушыларға коррекциялық қосымша сабақтар өткізіледі.

Көптілді оқушылардың ана тілін жоғары бағалап, оны өздерінің артықшылығы деп түсінуі өте маңызды. Қызметкерлер ағылшын тілін қосымша тіл ретінде оқитын оқушылардың қажеттіліктерін біледі және есепке алады; ата-аналармен жұмыс барысында ана тілін орынды қолданады. Оқытушылар да жапсырғыштарды, плакаттарды, фотосуреттер мен сәйкесінше кітаптарды қолданады.

«TAMOS Education» тіл дамыту саясаты қазақ, орыс және ағылшын тілдерін дамытуға бағытталған. Қазақ тілі - мемлекеттік тіл, оны мектеп бірлестігінің әр мүшесі оқуға міндетті; орыс тілі - халықаралық байланыс тілі, ал ағылшын тілі - әлемдік қауымдастыққа кіру мақсатында белсенді түрде оқытылатын тіл.

«TAMOS Education» Қазақстан Республикасының Президентінің 2011 жылы берген білім беру саласы үштілді саясаты туралы жарлығын жүзеге асырады және орындайды (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі 2011). «TAMOS» ұлттық саясатқа сай мектептегі оқу ортасын қазақ, орыс және ағылшын тілдерімен жұмыс істейді. Біздің тілдік саясат мектептегі оқу процесінде маңызды рөл атқарады.

«TAMOS Education» Қазақстанның болашағы үшін үш тілді қатар алып жүру, өте маңызды деп есептейді. Осы тілдерді еркін меңгеру мектептің негізгі мақсаты мен міндеті болып табылады. Жоғары деңгейдегі тілдік дағдылар қазақ елінің жоғары білім беру саласында, қалыптасу үшін керек.

Мақсаттары мен міндеттер

Шынайы саясат жоғары сапалы оқытуды қамтамасыз ететін, оқу жоспары мен Cambridge International халықаралық стандарттарына сай ұсынылатын және мектеп оқушылары үшін ұсынған үштілді модельді құруы мен енгізуін бейнелейді.

Жалпы ережелер

«TAMOS Education» тіл саясаты мектептің меншігі және жоғары басшылық, оқытушылар, оқушылар мен мүдделі тұлғалардан тұратын топтардың жалпы әзірлемесі болып табылады. Бұл саясатты Директор мен жоғары басқарушы топ жыл сайын қайта қарастырады.

Стандарттар

«TAMOS Education» тіл саясаты мыналарды сипаттайды:

- Үздік халықаралық және қазақстандық оқыту әдістемесі мен тілді оқыту әдістерімен алмасу;
- Көптілділік туралы идеялар (бір тілден өзге де тілдерді оқытудың оқушылардың жалпы сауаттылығына оң әсері);
- Оқушылардың ана тілін толық қолдау.

Тіл саясатын енгізу

- Үйірмелер, хор, спорттық іс-шаралар мен кітап клубтары сияқты сыныптан тыс шараларда шет тілдерін енгізу;
- Халықаралық шетелдік мұғалімдер әртүрлі тілдік дағдыларды игеруге көмектеседі;
- Мектеп ресурстар орталығының материалдары бойынша тілдерді үйрену кезінде ағылшын тілін шет тілі ретінде емес, керісінше түпнұсқалық мәтіндерді пайдалануға ерекше назар аударылатын тиісті ақпараттық ресурстарды беру;
- Мектеп саясаты мен құжаттарын үш тілде жүргізу;
- Барлық оқушылар мен оқытушыларға ағылшын тілін тәжірибе жүзінде жетік меңгеруге бағытталған әр түрлі дебат, конференция, байқаулар, семинарларға қатысуды қамтамасыз етіп, шет елдік саяхаттарға ынталандыру;
- Ана тілінде сөйлейтін және жетік меңгерген біліктілік әрі куәліктері бар мұғалімдер орыс, қазақ немесе ағылшын тілдерінде оқытушыларға біліктілікті арттыруды ұсынады. Тіл меңгерген оқытушылар - орыс немесе қазақ тілін меңгеруге мүмкіндік алады;
- Біз қазақ тілін ана тілі ретінде оқыту курстарына қатысу үшін оқушылардың жеке қажеттіліктерін қамтамасыз етеміз;
- Оқу жылының басында әртүрлі тілдік қажеттіліктері бар оқушылар анықталады, ал тілдік үйлестіруші жеке қажеттіліктерге сәйкес жоспар жасағанда олармен бірге жұмыс істейді.

Оқытушылар, ата-аналар, қызметкерлер мен өзге де мүдделі тараптардың рөлі

Мектеп тіл үйренуге және тіл үйренудің бастапқы кезеңінде жұмыс істейтін қызметкерлерге жәрдемақы төлеуге міндетті. Мектеп қауымдастығының барлық қызметкерлері, соның ішінде жоғары басшылық құрам, мұғалімдер, студенттер, әкімшілік, көмекші қызметкерлер және ата-аналар мектеп өмірінің барлық деңгейлерінде тіл саясатын жүзеге асыруға және дамытуға қолдау көрсететін болады.

Барлық мектепте орын алатын жағдайлар - тіл үйренуге мүмкіндік беру, барлық мұғалімдер тіл үйрете алады, оған қоса біздің мектепте барлық мұғалімдер өздері де тіл үйренуде. Сондықтан:

- Барлық оқушылар мен мұғалімдер елеулі жетістіктерге қол жеткізіп, оқу жылы ішінде ресми мектеп тілдерін қолдануды білуі керек;
- Мектеп өз қызметкерлеріне тіл үйренуде қолдау көрсетеді және тіл үйренудің бастапқы деңгейіндегі мектеп қауымдастығының мүшелеріне жәрдемақы беріледі;
- Барлық мұғалімдер мектептегі тіл үйрену мүмкіндігін білуі керек. Мектеп жергілікті мұғалімдердің IELTS және KazTEST сертификаттарын алғаны үшін мадақтайды;
- Барлық оқытушылар өз пәндеріндегі белгілер, глоссарийлер, терминдер тізімі үш тілде болуын қадағалауы керек;
- Ата-аналар мектептің тілдік саясатының жүзеге асуын, оқушылардың үш тілді жетік меңгеруге деген ынтасын толығымен қолдау керек;
- Мектеп құжаттары мүмкіндігінше үш тілде болуы шарт.

Балабақшадан кейінгі, негізгі топтардан біршама кейін және ағылшын тілінің меңгеру деңгейі төмен оқушылар қарапайым ағылшын тілінің сабақтарынан босатылып, жеке сабақтар алады. Оған қоса, оқытушының кеңесі бойынша білім деңгейі төмен оқушыларға коррекциялық қосымша сабақтар өткізіледі.

Көптілді оқушылардың ана тілін жоғары бағалап, оны өздерінің артықшылығы деп түсінуі өте маңызды. Қызметкерлер ағылшын тілін қосымша тіл ретінде оқитын оқушылардың қажеттіліктерін біледі және есепке алады; ата-аналармен жұмыс барысында ана тілін орынды қолданады. Оқытушылар да жапсырғыштарды, плакаттарды, фотосуреттер мен сәйкесінше кітаптарды қолданады.

1.11 Қауіпсіздік талаптарына сай кадрлік саясат

КІРІСПЕ

Мектеп қызметкерлерін қауіпсіз түрде қабылдау бұл мектепке қабылданған балаларды қорғау мен қауіпсіздігін қамтамасыз етудің алғашқы қадамы болып табылады. «TAMOS Education» барлық оқушылардың әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етуге тырысады. Жұмыс беруші ретінде Мектеп барлық қызметкерлермен және еріктілермен осы міндетті бөліседі деп күтеміз.

МАҚСАТ ПЕН МІНДЕТТЕР

«TAMOS Education» кадрлық саясатының мақсаты – қызметкерлерді жұмысқа алудың керекті процедуралар арқылы балалармен жұмыс жасай алмайтын немесе олармен тиісті деңгейде қарым-қатынасқа түсе алмайтынын анықтау немесе оларды аулақ ұстау.

«TAMOS Education» кадрлармен жұмыс саласындағы мақсаттары:

- тиісті қызметтегі қажеттілігі, мүмкіншілігі мен жетістіктері негізінде үздік қызметкерлермен қамтамасыз ету;
- барлық жұмыс іздеушілерді тең жағдайда әрі кезекпен қарауға кепілдеме;
- іздеушінің кез-келген сипаты бойынша (нәсілі, терісінің түсі, ұлты, этникалық және ұлттық шығу тегі, діні мен сенімі, жынысы немесе жыныстық бағдарлығы, отбасы немесе азаматтық неке, инвалидтілігі немесе жасы) әділетсіз қарым-қатынастың болмауын қамтамасыз етеді;
- Қазақстан заңнамасына сай, ұсыныстар мен басшылығының барлығы сақталуын қамтамасыз етеді;
- «TAMOS Education» қызметкерді жұмысқа қабылдамас бұрын барлық керекті тексерістерді жүргізу арқылы балалар мен жасөспірімдердің қызығушылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндетін орындауына кепілдеме береді.

Жұмысқа қабылданған қызметкер шынайы саясатпен танысып, оны қатаң ұстануға жауапты.

«TAMOS Education» қызметкерлерді қабылдауда ашық байқау принципін сақтанады, және жұмысқа үздік үміткерлерді қабылдауға тырысады. Жұмысқа қабылдау процесі адамның мүмкіншіліктері, біліктілігі, тәжірибесі мен жетістіктерін ескере отырып, үміткерге қойылатын талаптардың сәйкес келуін салыстырып, шешім қабылдануына кепілдік береді.

Егер жұмысқа қабылдау процесіне қатысатын қызметкер үміткермен жеке немесе отбасылық байланысы болса, онда сол үміткер, тексеріс пен шешім қабылдау процесіне қатыспайды.

МІНДЕТТЕР МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК

Бас директор / құрылтайшы жауапты:

- тиімді саясат пен Қазақстан заңнама талаптарына сәйкес қызметкерлер мен еріктілерді жұмысқа қабылдау рәсімдерін қамтамасыз етуге;
- «TAMOS Education» осы саясатты ұстануын бақылау;
- Директор, жұмысқа қабылдау менеджері мен өзге де қызметкерлердің жауапкершілігіне мыналар жатады;
- «TAMOS Education» барлық қызметкерлері мен еріктілерге қатысты керекті тексерістерді жүргізу және жұмысқа қабылдаудың қауіпсіз рәсімдерін қамтамасыз ету;
- бұл саясатты өзге бөлімдердің ұстануын бақылау;
- рәсімнің әр сатысында балалар мен жасөспірімдердің қызығушылығын ескеру.

Реттелмелік қызметтің және ротацияны анықтау

«TAMOS Education» атынан атқаратын кез-келген лауазым «реттелетін қызмет» деп аталады, егер осы түрлерде жүзеге асса:

- жиі, аптасына бір рет немесе одан да көп;
- түңгі уақытта, 2:00- 6:00 аралығы;
- күнделікті шартты орындайды, 30 күн ішінде төрт немесе одан да көп;
- балалармен байланысын қоса алады.

Еш қараусыз, еркін түрде жүзеге асырылатын міндеттер реттелмелік қызметпен барабар.

«TAMOS Education» немесе оның бөлімі реттелмелік қызметтегі барлық қызметкерлердің биографиялық деректерін тексереді.

ІРІКТЕУ МЕН ЖҰМЫСҚА ҚАБЫЛДАУ РӘСІМДЕРІ

Жариялау :

«TAMOS Education» барлық бос қызмет орындарына көп үміткерлерді жұмылдырып, мүмкіндіктерінің тепе-теңдігін қамтамасыз етеді. Барлық жарнамадағы ақпарат «TAMOS Education» балалардың қызығушылығы мен қауіпсіздігін алға тартатындығының айқын дәлелі. Үміткерлердің барлығының құжаттары Қазақстан Республикасының жеке деректер туралы Заңнамасына сай құпия түрде қаралады.

Өтініш формасы:

«TAMOS Education» барлық үміткерлер өздерінің білімі, толық жұмысқа орналасу тарихы мен бұл қызметке жарамдығы туралы сұрақтары бар өтініш формасын қолданады (оған қоса, барлық өтініш берушілер жұмыспен қамтылуындағы барлық бос жерлерді де көрсетуі керек). Толық емес өтініштер қаралмайды. Өтініш формасына үміткердің сотталғаны және балалармен жұмысы кіреді. Мұндай формасыз өтініштер қабылданбайды.

Лауазымдық нұсқаулар мен үміткерге қойылатын талаптар:

Лауазымдық нұсқаулар жұмысқа қабылдау процесінің алғашқы қадамы болып табылады. Онда қызметтің міндеттері мен қызметтік жауапкершілік толық әрі анық көрсетіледі. Үміткерге қойылатын талаптарда жұмысқа қажет дағды, тәжірибе мен біліктіліктер туралы мәлімет беріледі. Үміткерге қойылатын талаптарға балалармен жұмыс істеуге рұқсат анықтамасы да кіреді.

Алдыңғы жұмыс орындарынан ұсыныстар:

Үміткер туралы ұсыныстар іріктеуден кейін жиналады. Егер үміткер өтінішінде сол кезеңдегі бұрын жұмыс берушісімен ешқандай байланыста болғысы келмейтіндігін көрсетсе ғана бірыңғай жағдай болып есептеледі. Бұл кезде ұсыныстар сұхбаттасудан кейін ғана қаралатын болады.

Барлық жұмысқа қабылдау туралы ұсыныстар «TAMOS Education» үшін кем дегенде екі ұсыныстан аз болмауы шарт. Оның біреу қазіргі немесе бұрынғы жұмыс берушісінен болуы керек. Егер соңғы лауазым балалармен жұмыс істеуге байланысты болмаса, онда екінші ұсыныс балалармен жұмыс туралы болуы керек. Ұсынысты берген тұлға үміткердің туысы бола алмайды. Ұсыныс әрқашан ұсынылатын тұлғадан сұралып, алынады; мақсаты – қызметке алу туралы шешім қабылдау үшін шынайы және нақты мәліметтер алу.
Ұсыныс беруші тұлғаларға үміткердің бұл қызметке лайықты екендігі және балалармен жұмыс істеуге жарамайтындығына негіз болуы сынды сұрақтар қойылады. Сонымен қатар, оларға үміткердің қандай да бір көзқарасты ұстанып, терроризм немесе экстремизмнің кез-келген формасын ұстанбайтындығын дәлелдеу ұсынылады.
Жұмыс туралы ұсынысқа дейін денсаулығы немесе медициналық жарамдылығы туралы ешқандай сұрақ қойылмайтындығына назар аударыңыз. Мүмкіндігінше тікелей байланыс әр ұсыныс беруші тұлғамен телефон арқылы жүзеге асады. «TAMOS Education» үміткердің туысқандарынан ашық түрде сілтемелер, немесе ұсыныстар қабылдамайды.

Сұхбаттасу:

Ашық жұмыс орнына үміткерлермен сұхбаттасуды мүмкіндігінше екі сұхбат алушы қатысады. Сұхбаттасу барысында үміткердің қызметтік нұсқаулықты орындауы мен талаптарға сай болуын зерттейді. Қауіпсіздік критерийлеріне таңдалған үміткердің сай келуі үшін, барлық ауытқулар мен бос орындар ескеріледі (қызметкерлердің қауіпсіз қабылдау нұсқаулығына сай).

Егер өтініште толығымен ашылмаған болса, онда өткен тәртіптік шаралар немесе айыптаулар, ескертулер немесе кәнілаушылықтар әр оқиғаға жекелей талқыланады. Жағдайға байланысты сұхбат алушының бір мүшесі қауіпсіз жұмысқа алу бойынша тренинг өтеді.

Сұхбаттасуға шақырылған барлық үміткерлер жеке куәліктерін, мекен-жайы мен сертификаттарын, оған қоса мектеп талаптары мен Қазақстан Республикасының Заңнамасына сәйкес құжаттарын беруі тиіс. Құжаттардың түпнұсқалары ғана қабылданады, фотокөшірмелері қызметкерлердің жеке істеріне енгізіледі.

ЖҰМЫСҚА ШАҚЫРУ ЖӘНЕ ЖАҢА ҚЫЗМЕТКЕРДІ ҚАБЫЛДАУ РӘСІМІ

Сұхбаттасудан кейін жұмысқа шақырудың келесі шарттары қаралады:

- мектеп жұмысының қалыпты шарттары кіретін өзара тиімді жұмысқа шығу күнін белгілеу және келісімшартқа қол қою;
- өтініш берушінің тұлғасын тексеру;
- кадр бөлімі құптаған екі ұсынысты алу;
- лауазымның «реттелмелік қызмет» екендігін анықтау;
- өтініш берушінің балалармен жұмыс жасауына тыйым салынған «реттелмелік қызметке» сәйкестігін анықтау;
- өтініш берушінің медициналық жарамдылығын тексеру;
- өтініш берушінің Қазақстанда жұмыс істеуіне рұқсатын тексеру;
- тағайындалған қызметке керекті кәсібі біліктілігін тексеру.

Жеке істердің қорытынды тізімі жұмысқа қабылдау қауіпсіздік саясатына сәйкес алынған құжаттарды бақылау мен тексеру үшін қолданылады. Қорытынды тізім жеке құжаттарда сақталады.

Тұлғасын, Қазақстанда жұмыс істеу құқығы мен біліктілік/кәсіби статусын дәлелдеу:

«TAMOS Education» сұхбаттасуға келген барлық үміткерлер мына құжаттарын өткізуі керек: паспорт, туу туралы куәлігі, жүргізуші куәлігі, Қазақстан Республикасының Иммиграциялық саясатында көрсетілген ережелерге сай Қазақстанда жұмыс істеуге рұқсаты / өзінің жеке басын куәландыратын құжаттары. Сонымен қатар, барлық үміткерлер өтініштерінде көрсетілгендей өздерінің академиялық немесе кәсіби біліктіліктерін дәлелдеуі тиіс. Тиісінше елде сотталмағандығы туралы анықтама да алуы керек.

Денсаулық жағдайы:

«TAMOS Education» жұмысқа қабылдамас бұрын, заңды түрде жұмыс ұсынылған қызметкерлердің денсаулығын тексеруге міндетті. Барлық үміткерлер медициналық тексерістен өтуі шарт.

Бағдарлық бағдарламасы:

Барлық жаңа қызметкерлер «TAMOS Education» балаларды қорғау саясаты, Тәртіп кодексі сынды саясаттар мен рәсімдер, қызметкерлердің өз міндеттерін орындауға қатысты күтілетін жайттар толығымен көрсетілетін танысу семинарын өткізуі тиіс.

Қызметкерлердің бірыңғай орталықтандырылған тіркелімі:

«TAMOS Education» кадрлар бөлімі және қызметкерлердің жекелеген есептік жазбаларына қосымша, «TAMOS Education» кадр саясатына сәйкес, қабылдау және сәйкестікті тексерудің бірыңғай орталықтандырылған жазбасы сақталады. Бұл жазбалар оқу ісі жөніндегі Директорында сақталады. Онда мынадай толық мәліметтер болады:

- «TAMOS Education» жұмыс істейтін барлық қызметкерлер туралы;
- «TAMOS Education» күнделікті балалармен жұмыс істеуге іріктеліп алынған қосымша қызметкерлер туралы (еріктілер, жергілікті менеджерлер, әкімгер, үйлестіруші және т.б.).

Жазбаларды сақтау / деректерді қорғау:

Үміткердің өтініші қабылданған кезде, «TAMOS Education» өтініш беру барысында берілген барлық мәліметтерді жеке істе сақтайды. Оған жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмесі, Қазақстан

аймағында жұмыс істеуге рұқсат, медициналық анықтама мен біліктілік құжаттары кіреді. Медициналық ақпараттар Мектептің жұмыс беруші ретіндегі міндетін атқару үшін керек, мысалы егер қызметкер инвалид болса, немесе одан өзге кез келген мәселелер бойынша көмек көрсету үшін. Бұл құжаттар «TAMOS Education» мектебінде жұмыс істеген уақыт аралығында сақталады. Оған қоса, бұл саясат «TAMOS Education» оқыту іс-шараларына қатысатын еріктілер үшін де қолданылады.

Ағымдағы жұмысбастылық:

«TAMOS Education» қауіпсіз іріктеу мен қызметкерлерді жұмысқа қабылдау – бұл жұмыс орнын қамтамасыз ету ғана емес, оған қоса барлық қызметкерлер үшін кең көлемді нормативті база екендігін түсінеді. Осылайша, «TAMOS Education» барлық қызметкерлерді әрдайым оқыту мен қолдауды қамтамасыз етеді.

«TAMOS Education» жұмыстан босату:

Қаншалықты қызметкерлерді қауіпсіз қабылдауға тырыссақ та, құқықсыз әрекеттер немесе балалар мен жасөспірімдерге қатігездікпен қарау сияқты айыптар тағылатын жағдайлар орын алады. Бұл саясат ең алдымен қызметкерлерді барынша қауіпсіз жұмысқа алып, үміткердің жұмысқа шықпас бұрын жүргізілетін тексерістерге қатысты. Мұндай айыптарды қарастыратын саясат туралы толық ақпарат «TAMOS Education» балаларды қорғау саясаты, ата-аналардың шағымдары туралы саясат мпен оқытушылардың тәртіптік саясатында көрсетілген.

Бақылау мен бағалау:

Директор мен құрылтайшылар «TAMOS Education» саясатын бақылау мен бағалауы үшін жауапты және Бас директорға берілетін жыл сайын кадрлық саясатты тексеру жұмыстарын өткізеді.

Балаға қоқан-лоқы көрсету зорлық-зомбылықтың формасы болып табылады. Кейбір тұлғалар балаға қоқан-лоқы көрсетіп немесе балаға зиян келтіре отырып кемсітіп немесе залалды біле тұра, оны болдыртпауға амалдар жасамауы мүмкін. Бала үлкендерден, немесе өзге балалар жағынан жәбір көруі мүмкін. «Keeping children safe in education» кітабының бірінші бөлімінде қоқан-лоқы көрсетудің келесідей түрлерін анықтайды:

Күш көрсету: Бұл жәбірдің формасына ұрып-соғу, тастап кету, уландыру, өрттен немесе тез жанатын заттарға күйдіру, батыру, қылқындыру, немесе одан басқа балаға күш көрсетулер жатады. Кейде ата-ана немесе қамқоршы әдейілеп баладан ауру туғызу мақсатында жасанды ауру белгілерін тудырып, балаға күш көрсетілуі мүмкін.

Эмоциональды зорлық: балаға күнделікті әрі тұрақты эмоциональды зорлық көрсетілсе, оның арты баланың эмоциональды дамуына жайсыз жағдайлар туғызатыны анық. Ол өзі туралы ешкімге керексіз немесе оны ешкім сүймейтіндей пікір қалыптастырады. Бұл баланың өз ойын жеткізуден бас тарту, қасақана сөйлемеу немесе басқа адамдармен қарым-қатынасқа түсу барысында орынсыз күлу сынды жағдайларға әкеліп соғуы әбден мүмкін. Бұл жас ерекшелік немесе балаға қатысты орынсыз дәмелену, оның ішінде бала дамуының мүмкіндіктерінен тыс өзара әрекеттесу, шамадан тыс қорғаштау мен қалыпты әлеуметтік ортада оқу мен қарым-қатынасқа түсуге шектеу қоюын білдіруі мүмкін. Бұған тағы да зорлық-зомбылық туралы куәлік немесе өзгелерден естіген өсек-аяң әңгімелер де кіреді. Бұл баланың әрдайым қорқыныш немесе қауіп-қатерді, сонымен бірге баланы қанау мен азғындық жағдайларды сезуі қатты үрейлендірудің салдары екені анық. Кейбір эмоциональды зорлықтың деңгейі балаға деген барлық зорлық-зомбылықтың түрімен байланысты, бірақ ол ойда болмауы да мүмкін.

Сексуалдық зорлық: баланы немесе жасөспірімді жыныстық қатынаспен айналысуға мәжбүрлеуі немесе жігерлендіруі, баланың не болып жатқанын толық түсінбегеніне қарамастан жоғарғы зорлық деңгейіне жатпайды. Іс-әрекет физикалық байланыс арқылы, оған қоса кіру жолы (мысалы, зорлау) немесе мастурбация, сүю, ұстау мен сыртқы киімге тигізу сынды кіру қимылдарынсыз зорлық-зомбылық болу мүмкін. Сондай-ақ, ол балаларды сексуалдық бейнелерді қарауға немесе жасауға, жыныстық қатынасқа түсуге, балаларды сексуалдық жағымсыз жолмен жүргізуге ынталандыруға немесе балаға жыныстық қатынасқа түсуге мәжбүрлеу үшін қамқорлыққа тарту сияқты байланыссыз әрекеттерді қамтуы мүмкін (интернет желісі арқылы). Сексуалды зорлықты тек қана үлкен еркектер ғана жасамайды. Әйелдер де балалар сияқты сексуалды зорлыққа баруы мүмкін.

Кемсіту: баланың физикалық немесе психологиялық қажеттіліктерін тұрақты түрде орындай алмау бала дамуы мен денсаулығына елеулі бұзушылықтар әкеледі. Бұл процесс әйелдің жүктілік кезінде психобелсенді заттарды шамадан тыс қолдануы себепті пайда болуы мүмкін. Оған қоса, бала дүниеге келгеннен кейін, ата-аналардың немесе қамқоршысының балаға күнделікті тамақ, киім-кешек пен баспанамен қамтамасыз ете алмауы, физикалық және эмоционалды қауіпсіздік пен зиян келтіруден қорғай алмауы, тиісті қадағалауды қамтамасыз ете алмауы (оның ішінде жеткіліксіз күтім жасаулар) немесе тиісті медициналық көмекке немесе емделуге қол жеткізе алмауы сынды кемсітулерге ұшырауы мүмкін. Сонымен бірге, баланың негізгі эмоционалды қажеттіліктерін елемеу немесе қабылдамау да жатады.

«Keeping children safe in education» кітабы бала қауіпсіздігіне қатысты келесі нақты сұрақтарды қояды:

Балаларды жыныстық қатынаста пайдалану: жыныстық қатынаспен айналысу нәтижесінде, жастар бір нәрсеге қол жеткізу мақсатында қарым-қатынасқа түседі (тамақ, баспана, есірткі, алкоголь, сыйлықтар, ақшалар немесе кейбір жағдайларда жай ғана махаббат). Жыныстық қатынаста пайдалануды әр түрлі формада қабылдауы мүмкін, мәселен, махаббат немесе сыйлықтармен алмасатын «келісілген қарым-қатынастан» бастап, бандалар мен топтар жасаған ауыр ұйымдасқан қылмысқа ұшырағанға дейін болуы мүмкін. Бұл жерде тараптардың теп-теңдігі атап өтіледі. Орындаушы адам әрқашан жәбірленушіге қатысты қандай да бір билікке ие. Сексуалды пайдалануға мәжбірлеу, қорқыту мен азғырту, өзімен жастылар арасында жыныстық қатынаспен айналысуға мәжбірлеуге, жыныстық кемсіту, азғындық әрекет жасау мақсатындағы баланың сеніміне кіру сияқты сан алуан жағдайлар жатады. Алайда, кейбір жыныстық пайдалануға ұшыраған жастар, бұл жағдай туралы хабар бермей жүре береді.

Әйелдерді сүндеттеу: Барлық мекемелердегі қызметкерлер, сондай-ақ, өздерінің қауымдастықтарындағы жеке тұлғалар мен топтар қыздың әйел жыныс мүшелеріне зиян келтіру қаупі бар немесе онымен

ауыратындығын аңғаруы керек. Қыздың немесе әйелдің жыныс мүшелеріне зиян келтіру қаупі бар екендігін білдіретін көптеген белгілер бар. Егер олар екі немесе одан да көп көрсеткіштерге тап болса, онда ол қызға/балаға қауіп-қатер төніп тұрғандығын білдіреді. Бұндай зәбір көруші жандар көбінесе сондай жағдайларды тәжірибелейтін қоғамнан шығады. Кәсіби қызметкерлер жыныстық сүндеттеу қаупі бар қыздардың толық тәжірибе жүзінде хабарсыз болуын ескере отырып, олармен барынша мейірімді сөйлесуі тиіс. Қызметкерлер полиция мен балаларға арналған қызметтермен ведомствоаралық өзара іс-қимыл үшін қолданыстағы ұлттық және жергілікті хаттамаларды қолданумен жергілікті қауіпсіздік ережелерін күшейтуі керек.

Қатыгездікпен қараудың белгілері

Қатыгездікпен қараудың келесідей белгілері бар, бірақ бұл тізіммен ғана шектелмейді:

- оқушы зорлық-зомбылыққа ұшырағанын айтуы немесе жағдай туралы түсініктеме беруі;
- оқушының жарақатына қатысты ұтымды немесе дәйекті түсінігі жоқ, жарақат өз бетімен ерекше, немесе сол жарақаттар бірнеше рет анықталуы;
- оқушының мінез-құлқы топтан ерекше немесе өте күрделі болып көзге түсуі, немесе оқушының мінез-құлқы кенеттен болуы, елеулі өзгерістер алуы;
- оқушы оқу жоспарынан белгілі бір мұғалімді алып тастауын өтінуі, оның себебін түсіндіруден бас тартуы;
- оқушы дамуы бәсеңдейді, оқушы салмағын жоғалтады немесе жинайды, немесе оқушының хал-жағдайының нашарлауы;
- оқушы тастанды сияқты болып көрінеді, мысалы, лас, қарны аш, жағдайға байланысты ұсқынсыз киінеді;
- оқушы үйіне қайтқысы келмейді немесе оның ата-анасы/қамқоршысы одан бас тартқан;
- баламен жұмыс істейтін өзге қызметкерлердің немесе басқа тұлғалардың орынсыз мінез-құлқы, мысалы орынсыз жыныстық қатынас туралы әңгімелер; күнделікті жұмысына немесе міндетіне аса мән берушілік; орынсыз фотосуреттермен алмасу.

Қызметкерлер мен еріктілерге қатыгез қарым-қатынас туралы шағымдарды күдіктену немесе қарау бойынша басшылық

Қатерлі іс-әрекеттерге күдіктену немесе шағым алған қызметкер немесе еріктілер:

- Баланы мұқият тыңдап, асығыс қорытынды шығармау керек. Қызметкер қатігез қарым-қатынас туралы өзіндік шешім қабылдамау керек;
- Жетекші сұрақтар қоюға болмайды, яғни, нақты жауапты білдіретін сұрақтар;
- Баланы тыныштандыру керек, бірақ толық құпиялыққа кепілдеме бермеу керек. Қызметкер балаға алынған мәліметтерді қауіпсіздікті қамтамасыз ететін қызметкерлерге тиісті шаралар қолдану үшін жеткізу керектігін ақырындап түсіндіру керек.

Әңгімені жазба түрінде түсіру керек. Жазбада болу керек:

- әңгіменің күні мен уақыты;
- әңгіменің орны;
- ол айтылған және жасалып жатқандардың кімнің қатысуымен жүзеге асқандығын.

Жазба оны жасаған адаммен, толық аты-жөнімен жазылуы тиіс. Жазба құпия сақталады және тез арада бас кеңесшіге жеткізіледі.

Жазбалар мен хабарламалар бар ұялы телефон, киім-кешек, компьютер сынды дәлелдемелердің барлығы сақталып, кеңесшіге өткізіледі.

Барлық қауіп-қатерлер мен қатыгездікке қатысты шағымдарды бекітілген қауіпсіздік қызметкеріне хабарлау керек. Егер айып сол қызметкерге қарсы болса, үстемеде көрсетілген рәсімдерді жүргізу керек. Егер балаға тікелей ауыр зиян келтіру қаупі бар болса және мұны бас кеңесшісіне хабарлау мүмкін болмаса, онда сіз дереу Директорға хабарлауыңыз керек.

Қызметкерге, Директорға, оның орынбасарлары мен еріктілерге қарсы айыппен жұмыс

Мектеп рәсімдері

Мектептегі қызметкерлерге қарсы айыптарды тексеру рәсімдері жүргізіледі, егер қызметкер, Директор, орынбасарлар немесе еріктілер:

- балаға зиян келтіруі мүмкін немесе балаға зиян келтірген болуы мүмкін;
- балаға қатысты немесе оған байланысты қылмыстық іс қозғауы мүмкін;
- егер балалармен тығыз әрі күнделікті жұмыс істесе, олардың денсаулығына қауіп төндіретіндей балаға немесе балаларға қатысты өзін ұстаса.

Бұл критерийлерге жатпайтын кез-келген айыптар «TAMOS Education» балаларды қорғау саясаты, мұғалімдердің тәртіптік саясаты мен 2002 жылдың 8 тамызындағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қаралатын болады.

Қызметкерге, Директорға, оның орынбасарларына немесе еріктілерге қатысты айып туралы хабарлама

Кез-келген қызметкерге, Директорға немесе еріктілерге қатысты өтініш пен шағымдар дереу бас кеңесшіге немесе кеңесшілердің біреуіне жіберіледі. Егер кеңесші растау алса, онда ол Директормен ақылдасып, одан кейінгі шараларды қолдану алдында бас кеңсемен жағдайды талқылайды.

Егер шағым немесе өтініші бас кеңесшіге жазылса, онда бұл сұрақты Директорға жеткізіп, одан кейінгі шараларды қолданудан бұрын бас кеңсемен талқылайды.

Жұмыскер қызметін тоқтату

Егер мектеп қызметкерлері немесе еріктілердің қызметінен балалармен жұмыс істей алмағандығы үшін тоқтатылса, келісімге/ымырыға келу қолданылмайды және белгілі критерийлерге іс сай болса, іс тез арада тиісті органдарға жіберіледі. Кез-келген осындай жағдайларда мектептің қауіпсіздікті қамтамасыз ету рәсімдері қайта қаралып, тез арада Директор есеп беруі тиіс.

Егер қызметкер немесе ерікті жұмыстан кету туралы өтініш білдіріп, жұмысын тоқтатса, бала қауіпсіздігіне қатысты барлық өтініштер баяғыша қарала береді және белгілі критерийлерге іс сай болса, іс тез арада тиісті органдарға жіберіледі.

Егер оқытушы жұмыстан босатылса немесе босатылатын болса, онда бұл сұрақтың тиісті органдарға берілу/берілмеуін жеке қарастырады.

Ақылға сыймайтын, жалған немесе зиянды айыптау

Егер оқушыға қатігездікпен қарауы әдейі немесе қасақана ойдан шығарылған болса, Директор тәртіптік іс-қимылдарды мектеп мінез-құлық кодексіне және тәртіптік саясатына сәйкес қарастырады.

Егер ата-ана жалған немесе ойдан шығарған айып таққан болса, Директор ата-анадан мектепке немесе қызметкерге зиян келтіру негізінде баласын немесе балаларын мектептен алып кетуін қарастырады.

Айып тағушы оқушы немесе ата-ана (өзге де қоғам мүшесі) болуына қарамастан, тиісті келесі шараларды анықтау үшін полицияға хабарлауға құқығы бар.

Құжат жүргізу

Жалған немесе ойдан шығарылған айыптардың егжей-тегжейі кадрлық құжаттан өшіріледі.

Барлық басқа айыптар туралы толық ақпарат айыпталушы қызметкердің жеке файлында жазылады. Жазба ең аз дегенде қызметкердің қалыпты зейнеткерлік жасына жеткенінше немесе айып тағылған күннен бастап он жыл бойы сақталады.

Жалған, негізсіз немесе ойдан шығарылған айыптар жұмыс берушінің ұсыныстары мен кері байланысында көрсетілмейді.

1.13 Тәртіп бұзушылықтар туралы ақпараттандыру саясаты

Кіріспе

Мәлімдеуші – бұл балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне қатысты сұрақтарға, «TAMOS Education», оқушылар немесе қызметкерлерінің атына іскери тұрғыда зиян келтіруі мүмкін сұрақтарға асқан жауаптылықпен қарайтын тұлға. «TAMOS Education» ата-аналар, оқушылар мен қызметкерлер үшін оң нәтиже беретін талқылау мен кері байланыстары бар ашық мәдениетті ынталандырады.

Білім беру мекемесі ретінде, «TAMOS Education» жекелей және кәсіптік тәртіптің жоғарғы стандарттарын ұстанады және де басшылық ашық түрде талқылау мен өзіндік талдауды алға қояды, алайда біз құпиялық талап етілетін құпиялық пен жағдайлық концепцияларын да құрметтейміз.

Тамос мекемесі әрбір адам мен «TAMOS Education» қызыққан тұлға басшылықпен құпия түрде талқылай алуы үшін тәртіп бұзушылықтарды ақпараттандыру саясатын енгізеді. Бұған ата-аналар, оқушылар, қызметкерлер, еріктілер, жұмысшылар мен келуші қонақтар жатады. Мұндай мәселелерге әріптестер тарапынан болған этикаға жатпайтын қылықтар, оқыту процестерін бұзу, түзетуге тиісті денсаулық пен қауіпсіздікке қатысты бұзушылықтар кіреді. «TAMOS Education» осындай сұрақтарды көтеретін қызметкерлерді әрдайым ынталандырады.

Егер баланың қауіпсіздігіне қатысты қандай да бір қаупі болса, онда осы мәселені шешу рәсімдері көрсетілген балаларды қорғау саясатына жүгіне алады.

Шартты түрде ақпаратты ашу

Шартты ашу – бұл қызметкердің әлеуметтік қызығушылықтары негізінде болуы мүмкін немесе болған заңды қатерді көтеретін ақпараттарды ашу. Осындай әрекеттердің мысалы:

- Қазақстан Республикасы Заңнамасын бұзатын әрекеттер;
- адамдардың қауіпсіздігі мен денсаулығына қауіп төндіретін әрекеттер;
- Мектеп мүлкіне немесе қоршаған ортаға зиян келтіру;
- Мектептің заңды міндеттерін, физикалық тұлғаның бұзуы;
- Қазақстан Республикасының ақпаратты қорғау заңын бұзу;
- оқушыларға қатысты негізсіз әрекеттер және олар эмоциональды немесе физикалық зиян келтіруі мүмкін;
- басқа адамдарға қауіп төндіретін кез келген әрекеттер;
- жоғарыда аталған фактілердің кез- келгенін жасыру.

Қызметкерге әрекеттерді дәлелдейтін толықтай дәлелдемелер керек емес, бастысы ойға қонымды пікір болса жеткілікті, себебі ол әдейі емес, жай қателік болуы да ықтимал. Қызметкер тек қана әрекет туралы хабарлағаны үшін ғана жауапты, ал мәселені тексерудегі жауапкершілік басшылықтан құрылған комиссия мен Бас директорға жүктеледі. Ешбір жағдайда ақпараттандырушы жақ қауіптенген адамына қарсы тікелей жүгінуіне немесе адамды айыптауына жол берілмейді.

Ақпаратты хабарлаған қызметкер жұмыстан босатылудан қорғалады және қандай да бір жазаға, қорлауға, немесе өзіне деген теріс қатынасқа ұшырамайды. Тәртіп бұзушылық саясаты дұрыс іске асқан уақытта, ешбір қызметкер дұрыс емес әрекеттерді хабарлағаны үшін зардап шекпеуі тиіс. Саясатты ұстанбау ақпаратты ашуды негізсіз етіп, қызметкердің осы рәсім төңірегіндегі қорғанысына нұқсан келтіруі мүмкін.

Негізсіз немесе жеңілтек өтірік айып тағатын адамдар, оқушылар немесе ата-аналар «TAMOS Education» тәртіптік рәсімдеріне сәйкес қаралатын болады.

Егер адам ақпаратты ашу керектігіне сенімді болмаса, ресми ақпаратты ашу туралы шешім қабылдамас бұрын, ол Бас директорға сұрақ қойып, мәселені басшылық мүшелерімен немесе Бас директормен ресми емес орында талқылай алады.

Мұндай өтініштердің жазбасы Бас директорда сақталып, құрылтайшымен жыл соңында тексеріледі.

Принциптер

Тәртіп бұзушылықты ақпараттандыру саясатына сай әрекет ететін негізгі принциптер:

- «TAMOS Education» қызметтік жағдайды асыра пайдалануды құптамайды;
- Барлық қызметкерлер теріс пайдаланғандары үшін жауап береді;
- Қызметкерлер заңсыз, этикаға жатпайтын қылықтарды бақылап, тиісінше хабарлауы керек;
- Біз барлық қызметкерлердің құпиялығын құрметтейміз;
- Осы саясатқа байланысты тексерістер «TAMOS Education» тәртіптік ережелеріне сай қаралады;
- Басқа бірлестіктің іске қатысуы тек қана Бас директордың шешімімен болады;
- Жетекшілер алынған ақпарат туралы үндемей қалмауы керек, әйтпесе үндемеу де қылмыс болып есептеледі.

Саясатты тарату

Барлық қызметкерлерге саясат іске қосылғаннан кейін, тәртіп бұзушылықты ақпараттандыру саясатының көшірмесі беріледі. Оған қоса олар мектептің веб-сайтында, ата-аналарға арналған анықтамада жарияланады және оны сұраныс бойынша да алуға болады.

Заңсыз әрекеттер

Дұрыс пайдаланбауды білу әрқашан оңай бола бермейді, оған мыналар жатады:

- қауіпсіздік үшін қауіптену;
- алаяқтық үшін айыптар;
- қаржылай бұзушылықтар;
- ұқыпсыздық;
- пара алу мен коррупция;
- әділетсіздік;
- салақтық;
- қызметкерлерді немесе студенттерді қорлау;
- қызметкерлер мен мектеп этика кодексіне қарсы әрекеттер;
- қылмыстық әрекеттер;
- заңды міндеттерін орындамау;
- денсаулыққа ауыр зардап туғызу немесе елемеу;
- жеке ақпаратты рұқсатсыз жариялау;
- айыпсызды сөгу;
- қауіпсіздікпен мәселелер;
- мектеп атына нұқсан келтіретін әрекеттер.

Ақпаратты барынша ашу

Тәртіп бұзушылықты ақпараттандыру саясаты қызметкерлер шағымдарын қарастыру саясатынан тәуелсіз. Қызметкер шағымдарында шағымды қарастыру саясаты қолданады, ақпараттандыру саясаты емес.

Кездейсоқ немесе формальды емес мәселелерді ауызша үлгіде талқылауға болады, бірақ қызметкерге өз күдіктерін құжаттандыру кеңес етіледі. Есепке мыналар кіреді:

- Алғышарт пен оқиға тарихы;
- Тиісті аттар мен күні;
- Күні;
- Қауіптену себебі.

Тәртіп бұзушылықты хабарлаған адамдар тексеріс барысы туралы хабарлама алады, мүмкіндігінше құпиялық, ақпаратты қорғау заңы мен үшінші тұлға құқығы шарттарын орындаған кезде, шешімі туралы хабар алады. Хабарлаушы өз өтінішін басқа кезеңге ауыстыруға немесе басқа сыртқы органдармен келісімге келуге құқылы, егер:

- өтінішін тексеру барысына көңілі толмаса;
- жауапты жеті күн ішінде алмаса;
- төтенше жағдайлар орын алса.

Өтініш берушіден пікірінің шынайылығын дәлелдеу талап етілмейді, алайда қауіптенуге жеткілікті негіз бар екендігін көрсетуі керек. Кез келген көтерілген мәселе қатаң әрі уақытылы қаралады.

Рәсімдер

1 қадам

Алғашқы мәселенінің ресми сипаттамасы келесі тұлғалардың біріне беріледі:

- Мектеп директорына;
- Кеңесшілерге;
- Директордың орынбасарына;
- Бас директорға;
- Құрылтайшыларға.

Өтініш беруші жеті күн ішінде жауап алуы керек. Егер шағым жоғары аталған тұлғалардың біріне қатысты болса, өтініш беруші Бас директорға немесе құрылтайшыға жүгіне алады.

2 қадам

Егер жеті күн көлемінде жауап алынбаса, өтініш беруші шағымының қарастырылып жатқандығына сенімді болмаса, ол кезегімен келесі жетекшіге хабарлайды. Және қайта жауабы жеті күн ішінде берілуі керек.

3 қадам

Егер жауап жоқ болса, онда Бас директорға немесе құрылтайшыға жүгінгені жөн.

4 қадам

Егер саясатта көрсетілген барлық ішкі рәсімдерді аяқтаған соң, шағым бұрынғыша қаралмаса, онда жағдай «төтенше жағдай» деп танылып, өтініш беруші тиісті сырқы басқарушы органға көмек үшін жүгіне алады.

Төтенше жағдай

Экстремалды жағдайларды барлық ішкі ресурстарды қолданған кезде және:

- заңсыз әрекеттер іске асқан немесе енді іске асатын кезде;
- заңсыз әрекеттерді жасырып отырғаны сезілгенде;
- оқушылар, қызметкерлер немесе колледжге қатысы бар кез-келген адамға қатер төну қаупі барда;
- қандай да бір дәлелді біреу жою мүмкін болуында;
- біреу зардап шегіп немесе жәбірленуі мүмкін болуында.

БАҚ немесе коммерциялық органдар

Өтініш беруші Бұқаралық Ақпарат Құралдары мен коммерциялық органдарға тәртіп бұзушылық туралы ақпаратымен жүгінбеуі керек. Егер өтініш беруші аталмыш органға күдіктенген мәселені хабарлау өтініші бойынша жүгінсе, бұл дөрекі бұзушылық деп танылып, мұндай қызметкерге қатысты дереу түрде тәртіптік шаралар қолданылады.

2.1 «TAMOS Education» мектебінің күн тәртібі

Мектептің күн тәртібі

Мектепте оқу күні ресми түрде 8:15-те басталады. Кабинеттер, анықтама телефондары, сынып жетекшісімен байланыс 8:30-17:00 аралығында, сенбі және жексенбіден басқа күндері қолжетімді болып табылады.

Балалар мектепке таңғы 7:30-дан бастап келе алады. Сабақ басталғанға дейінгі уақыт балалар сабаққа дайындалу үшін қолданады.

Қауіпсіздік пен мектепке кіру

«TAMOS Education» біз оқушыларымыздың қамқорлығы мен қауіпсіздігіне жауапкершілікті өзімізге аламыз. Осыған байланысты ата-аналардан өз балаларын мектепті күзету мен қауіпсіздік бөлімшесі арқылы әкеліп, алып кетуін сұраймыз.

Оқу мерзімі бойынша мектепке кез-келген келуші қонақтарға, белгіленген уақыттағы кездесулер немесе мектеп шараларына шақырылған жағдайлардан басқасына тыйым салынады. Егер бастауыш сынып оқушыларында таңертең оқуға бейімделу мәселелері туындаса, онда оларды тәрбиешілері немесе сынып жетекшілері қарсы алып, сыныпқа кіргізеді.

«TAMOS Education» оқушылары өздерін оқу барысында қауіпсіздікте сезінетіндей жылы, қауіпсіз, әрі ыңғайлы орта құруға тырысады. Мектеп аумағындағы оқу уақытында таныс емес келушілердің, өзге адамдардың жүруіне рұқсат берілмейді.

Мұғалімдер мен әкімшілік қызметкерлерінің қабылдауына сайттағы көрсетілген телефондар арқылы жазылуға болады. Келушілерді қауіпсіздік бөлімшесінде қарсы алып, тіркеп, келуші қонақ белгілерін беріп, мұғалімдерге немесе әкімшілікке дейін апарып, қайта қауіпсіздік бөлімшесіне дейін шығарып салады.

Кесте

- **Таңғы ас** **8.30 – 8.45**
- 1 сабақ 8.45 – 9.25
- 2 сабақ 9.30 – 10.10
- 3 сабақ 10.15 – 10.55
- 4 сабақ 11.05 – 11.45
- 5 сабақ 11.50 – 12.30
- **Түскі ас** **12.30 – 13.05**
- 6 сабақ 13.05 – 13.45
- 7 сабақ 13.50 – 14.30
- 8 сабақ 14.30 – 15.15
- 9 сабақ 15.20 – 16.00
- **Бесіндік** **16.00**

Асханада және үзіліс кезіндегі серуендерде сыныптар сынып жетекшілерінің және тәрбиешілерінің назарында болады. Бұлтты немесе өте ыстық кезде оқушылар түскі үзілісті кабинетте немесе кітапханада өткізеді.

Егер балалар спорт секцияларына, клубтарға, сабақтан тыс басқа шараларға қатыспаса, сағат 17:00 мектептен қайтады.

Сабақ уақытында мектептен шығу / келмеу

Егер оқушы кешіксе, онда ол сынып жетекшісіне немесе тәрбиешісіне хабарлауы тиіс.

Егер оқушы ауырғанына байланысты болмаса немесе жарты күн келмесе, мектеп таңғы 8:30 дейін сынып жетекшісі немесе тәрбиешісіне қоңырау шалу арқылы хабарлауы керек.

Егер таңғы 8:30 мектеп оқушының кешігуі немесе мүлдем келмеуі туралы хабарланбаса, тәрбиеші баланың жағдайын сұрау үшін отбасымен байланысады. Бала мектепке оралғаннан кейін оған дәрігерден анықтама көрсетуі қажет.

Егер сіз балаңыздың ұзақ уақыт болмайтындығы туралы білсеңіз, онда оны мектепке жазбаша түрде алдын-ала хабарлауыңыз керек (себебі, мерзімі көрсетіліп, кейін Директормен құпталады).

Мектеп барлық оқушылардың сабаққа қатысуы үшін жауап беретіндіктен, Мектеп директоры сабаққа келмеу мәселесін ата-аналармен бірге қарастырады.

Ескертулер

Егер сіз балаңызды мектептен оқу үрдісі уақытында алып қайтсаңыз, онда мұғалімдер мен тәрбиешілерді ескерту керектігіне назар аударыңыз. Бұл өрт немесе жер сілкінісі сияқты төтенше жағдайлар кезінде барлық оқушылардың санын есептеуге кепілдік береді.

Сонымен қатар, балалардың қауіпсіздік қызметтерінің бөлімшесі арқылы өткені де маңызды. Әкімшілік баланы алып қайтуға дайындап, алдын-ала уақыты ескертілсе, бақылау-өткізу орнына алып келуін қамтамасыз етеді.

Жиналыстар

Қысқа жиналыстар дүйсенбі таңғы сағат 8:30 өткізіледі, онда әнұран айтылып, марапаттамалар таратылады және алдыңғы аптадағы оқиғалар хабарланады.

Тасымалдау

Мектеп біздің мектеп пен Алматы бойынша аялдамалардың арасында автобуспен тасымалдауды қамтамасыз етеді. Бұл қызмет мектептің автобус бірлестігімен бақыланады.

2.2 «TAMOS Education» сабақтарына қатысу саясаты

Қатысу

Біздің сабақ кестеміз өте тығыз, сол себепті оқушылардың мектепке күнделікті және кешікпей келуі маңызды. Сабақтарды себепсіз ұзақ уақытқа қалдырмауын өтінеміз.

Сабақтан қалу

Кенеттен (мысалы, ауырып қалса) сабақтан қалатын болсаңыздар, бірінші күні мектепке сағат таңғы 8:30-ға дейін хабарласып, оқушының сабақтан қалу себебін түсіндірген жөн. Оқушы сабаққа оралған кезде, ата-аналармен сөйлеспес бұрын, оқушы сабақтан қалуының себебі жазылған хатты және керек болған жағдайда тиісті медициналық анықтаманы әкелуі тиіс.

Мектеп Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігі алдында оқушылардың сабаққа келуі мен сабақтан қалуы есебі үшін заңды түрде жауап береді, сондықтан сабаққа келу есебін күнделікті жүргізген жөн.

Кешігу

Сабаққа кешігу оқушының, оның сыныбы мен оқытудың үздіксіздігіне кедергі келтіреді. Кейде кешігудің Алматы қаласының транспорттық қозғалыс жағдайларына байланысты алдын алу мүмкін емес. Алайда күнделікті кешігуге жол берілмейді және ол тәртіптік жазалауға әкеп соқтырады.

Кешіккен оқушылар кезекші мұғалімге, Директордың орынбасарына немесе Мектеп директорына келіп, кешігу кітабында тіркелуі керек. Оқушыға кешігу нұсқасы беріледі және оның сабаққа кешігуі мектеп жазбасына енгізіледі. Он бес минут немесе одан да ұзақ кешіккен барлық оқушыларды сабақта жоқ деп белгілеп, олар келесі сабақтың басталуына дейін айыппұл бөлмесінде күтеді.

Үш рет сабаққа кешіккен соң оқушыны сабақтан кейін қалдырады, алты кешігуден соң сабақтан кейін қалдырып, ата-аналарына хат жіберіледі, ал тоғыз кешігу болса, оқушыны ата-анасымен бірге тәртіптік комиссияға шақыртылады.

Мектептен ерте кету

Қауіпсіздік шаралары аясында барлық балаларға сабақтың аяқталғанына дейін мектептен шығуға тыйым салынады. Егер 7 сыныптан төмен оқушыларға ерте кету керек болса, оны ата-анасының бірі алып кетуі керек. 7-11 сынып оқушылары үшін мектепке хабарласып, сабақтан ерте кету себебі жазылған хат жіберуі шарт. Директордың кеңсесі хатты тексергеннен кейін оқушыға мектептен шығу үшін рұқсат қағазын береді.

Үзілістер

Үзіліс кезінде оқушылар үлкендердің қатаң қадағалауында болып, ол уақытты дәретханаға баруға жұмсауы тиіс. Оқушыларға жеңіл тағамдар мен сусындар сатып алуға, жаттығу бөлмесінде ойнауға және қолайлы ауа-райы кезінде далаға шығуға рұқсат етіледі. Үшінші сыныптан жоғары оқушыларға сабақ уақытында дәретханаға шығуға рұқсат етілмейді.

Оқу күнінің аяғы

Егер ауа-райы қолайлы болса, біз ата-аналарды автотұрақта күтуін өтінеміз. Балалар ата-аналар немесе қамқоршысы келіп, журналға қол қойып, баланы алып кеткенге дейін қызметкерлердің қарауында өз сыныптарында болады.

Егер сіздің балаңызды сізден басқа біреу алып кету керек болса, оны алдын-ала сол адам туралы деректерді беріп, мектепті хабардар етуіңіз шарт. Баланы алуға келген барлық адамдар келушілер кітабында қол қоюы тиіс.

Орта буын оқушылары (6-12 сынып) мектептен өздері шыға алады.

Сағат 16:30 кейін бастауыш сынып оқушылары ата-аталарын арнайы бекітілген орында күтеді. Егер балаңыз сағат 16:30 кейін күнделікті қалатын болса, онда қосымша уақыт үшін қосымша ақы төленуі мүмкін.

2.3 Тәртіп ережелері

Барлық қызметкерлер мен оқушылар мектеп мақсатына сай болу керек. Ондай тәртіпті қолдау мен ынталандыру үшін біз нақты болжам жасаймыз, сонымен қатар «TAMOS Education» мектебіне сай немесе сай емес, тәртіпті қолдау мен хабарлау жүйесі, басшылық принциптері, ережелер мен комитеттерді жүзеге асырады.

Тәртіп

«TAMOS Education» қызметкерлері мен оқушылары оқушылар, оқытушылар, әкімшілік пен қосымша қызметкерлер, ата-аналар және барлық мектеп қонақтары арасында көрініс табатын бір-біріне құрметпен қарайтын қызықты, қауіпсіз, тыныш орта құруға тырысады.

«TAMOS Education» ұжымының барлығы өз әрекеттері мен тәртібіне жауапты болып, есеп береді және барлық әрекеттері әкелетін зардаптарының назарға алынатыны туралы хабардар.

Қызметкерлер мен оқушылар әрдайым өзара құрметпен қарайтын ортаны қолдауы керек. Оқушылар ережелерде көрсетілген барлық нұсқаулықтарды ұстанады деп күтіледі. Әр оқушы өз мектебін мақтан тұтып, мектеп аумағында және одан тыс тиісті тәртібін көрсету арқылы оны құрметтеуі керек.

Білім беру мекемесінің аумағындағы, мектеп ғимараттары мен басқа да жерлерде әр адам мектеп мүлігіне мұқият қарауы үшін жауапты. Вандализм мен мектеп мүлігін және объектілерді бұзу туралы дереу хабарлауы тиіс. Күнделікті қолдану барысындағы ескіруімен байланыссыз, әрекеттері нәтижесінде болған зардапқа кінәлі тұлға жоғалған немесе бұзылған мектеп мүлігін ауыстыру немесе жөндеуге жауапты болады.

Мектеп аумағынан тыс оқушылар өздерін тиісті деңгейде ұстап, қоғамдық орындар мен қоршаған ортаның жағдайы үшін жауапкершілікті сезінеді деп күтіледі. Бұған мектепке немесе мектептен кез-келген жол көлігінде сыпайы болу, ережелерді сақтау, тиісті тәртіп пен әдептілікті сақтау да жатады. Барлық оқушылар мен мектеп қызметкерлері «TAMOS Education» елшісі болып табылады және әрдайым мектеп абыройына сай болуы шарт.

Өзіне және басқаларға деген құрмет

Оқушылар әрдайым:

- Басқа адамдармен мейірімді сөйлеседі (кіші және жоғары сынып оқушылар, келушілер, хатшылар мен барлық қызметкерлермен);
- Өзгенің мүлігін құрметтейді (ұрламайды, сындырмайды, суреттер салмайды, кірлетпейді және рұқсатсыз ештеңе алмайды);
- Басқа адамдардың эмоциялары мен жеке кеңістігін құрметтейді (қорқытпайды, тіл тигізбейді, тиіспейді және өзгеге зиян келтірмейді);
- Білім алу құқығын құрметтейді (басқаларға білім алуға кедергі келтірмейді);
- Білім алу құқығын құрметтейді және сақтайды (әрдайым және барлық жерде білім алуға бағдарлы, сабақты жібермейді, тырысады);
- Таза және қауіпсіз оқу ортасына құқылы (өзіне және басқаларға зиян келтіретін әрекеттерден аулақ болады).

Жетістікке ұмтылу

- Басқаларды тәртіп сақтауға мен жетістіктерге жетуге ынталандыру;
- Өз уақытын барынша тиімді әрі білім алуға бағытты қолдану;
- Басқаларды тыңдау және көмектесу, қолдау, позитивті сөйлесу мен қолдау көрсету;
- Қоршаған орта, қондырғылар, жеке мүліктеріне қамқорлық таныту, өзінің артынан жинау, мектепке қамқор болу;
- Денсаулығы мен қауіпсіздігіне, физикалық жағдайына қамқор болу, дене жаттығуларын жасау, тиісті тамақтану мен ұйықтау, ренжіген немесе қапаланған адамдарға көмектесу;

- Ережелерді ұстану, оқушы нұсқауларын орындау мен әрдайым және барлық жерде қауіпсіз тәртіпті сақтау.

Тәжірибелілерді үлгі ету

Барлық тәртіп ережелерін нақты, әрі толық суреттеу мүмкін емес, сондықтан біз оқушылардың әрдайым оқытушылар, ата-аналар немесе үлкендердің нұсқауын сақтауын талап етеміз. Оқытушылар мектепте қауіпсіздік пен барлық оқушылардың қызығушылықтарын қорғау үшін қолдан келгеннің бәрін жасайды және әрдайым нақты талаптар немесе тиісті нұсқаулар береді. «TAMOS Education» қызметкерлері біздің оқушыларымыздың амандығы үшін барынша тырысады.

3-сынып пен жоғары сынып оқушылары тек қана үзіліс уақытында дәретханаға шығады, ата-аналарына хабарласады және мектеп басшылығымен сұрақтарды сабақтан тыс талқылайды. Бұл оқушыларға ыңғайсыз болуы мүмкін, бірақ бұл тәртіп оқушылардың сыныптағы тәртіпсіздіктерін азайту мен уақытын білім алуға, үзіліссіз оқуға және тиімді уақытты пайдалануға жауап береді.

Егер оқушы оқытушының талаптары немесе нұсқаулықтары әділетсіз немесе негізсіз деп ойласа, алдымен барлық талаптарды орындап, содан кейін тиісті нұсқаулыққа сәйкес шағым беру рәсімдерін ұстану керек. Әрине, егер оқушы өз қауіпсіздігіне қауіп төнгенін немесе жедел медициналық көмек керек екендігін сезінсе, немесе оқытушы талаптары этикаға сай емес болса , оқушыны өзін жайсыз сезінуге мәжбүрлесе, онда жағдайға байланысты дұрыс шешім қабылдау керек. Әкімшілік сізді түсінеді.

Әлемнің жақсы азаматы болу

Әр оқушы келесідей адам болуға талпынуы тиіс:

- басқа адамдардың, мектептің, жергілікті бірлестіктер мен жалпы қоғамның жақсаруына септігін тигізу;
- мектеп, қоршаған орта, планета мен оны мекендейтін барлық адамдар үшін жауапкершілікті бөлісуді сезіну;
- сөйлесу қабілеттері мен технологияларды тиісінше қолданады, бейнелеу мен қолданбалы өнерде өзін көрсете алу;
- проблеманы шешу, сын тұрғысынан ойлау және шынайы жағдайда барлық ресурстарды қолдана отырып, негізді шешім қабылдау;
- ақпаратты қабылдап, жауапты, әрі тиімді басқару;
- өзі тәуелсіз және ұжымда өз таңдауы және жасаған әрекеті үшін жауапкершілікті алу;
- Белсенді, үйлестірілген әрі салауатты өмір салтын ұстану.

Ата-аналардан күтілетін жайттар

Біз ата-аналардан:

- «TAMOS Education» барлық қызметкерлеріне құрметпен қарауды;
- Егер сіздің сұрақтарыңыз немесе шағымыңыз болса, онда тиісті адаммен хабарласуды;
- Ата-аналардың, оқушылар немесе оқытушылардың бір-бірімен мәселе туындаған кезде оны шағым беру рәсіміне сәйкес тиісті қызметкерге хабарласуды;
- Балаға үй тапсырмасы мен басқа мектеп міндеттерін атқаруға көмектесуді;
- Мектепке оқушылардың уақытылы келуін қадағалауды;
- Мектеп ережелерін тиісті деңгейде сақтау құрметтеуді;
- Әрдайым сабырлық танытып, ашуға бой бермеу немесе зомбылыққа жол бермеуді;
- Сабақ уақытында мектепті араламауды;
- Сабақты үзбеуді;
- «TAMOS Education» қызметкерлерін, оқушыларын, ата-аналары мен келушілерін әрдайым құрметтеуді сұрайды.

2.4 «TAMOS Education» мектебіне қабылдау саясаты

«TAMOS Education» қабылдау саясаты

Жалпы ережелер:

Бұл саясат «TAMOS Education» қабылдау рәсімдері мен оны ұйымдастыруын қамтиды. Мұнда «TAMOS Education» білім беру мекемесіне түскісі келетін оқушыларды қабылдау, ауыстыру мен баланы шығару шарттары толық сипатталған. Ережелер Қазақстан Республикасының Заңнамасының бастауыш және орта білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына түсу ережелері көрсетілген 26 бабының 2 тармағына сәйкес құрылған (Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің 25 желтоқсан №651 бұйрығымен бекітілген).

«TAMOS Education» оқушылардың ұлты, этникалық тегі, діни сенімі немесе нәсіліне қарамастан барлығын үміткер ретінде қабылдайды. Біз теңдік пен әртүрлілік саясатын барлығына қолданамыз. «TAMOS Education» саясаты бала құқығының білім беруде қауіпсіз, қамқор, әрі жайлы ортада сақтауды қамтамасыз етеді. Біз олардың ерекшеліктеріне қарамастан, барлық балаларымыз үшін жауапкершілік аламыз.

Мектепке қабылдау барысында оқушы мен оның ата-анасының ұлты, этникалық тобы, діни сенімі, әлеуметтік ортасы немесе тұрғылықты мекен-жайы ескерілмейді.

«TAMOS Education» қабылдау саясаты:

- барлық өтініш берушілер үшін әділетті таңдау мен кезекті рәсімдерді орнатуға;
- «TAMOS Education» сеніміне сәйкес келетін үміткерлерді таңдауға;
- жеке қасиеттері мектеп дамуына үлес қосатын үміткерлерді таңдауға;
- мектеп ұсынған мүмкіндіктерден өзіне пайдасын ала білетін үміткерлерді таңдауға бағытталған.

Оқу саясаты «TAMOS Education» ережелері, шарттары мен талаптары, қабылдау шарттары, ата-аналар арасындағы келісімге сәйкес міндеттемелерді қабылдау шарттарымен дербес түрде тұжырымдалады.

Түсу деңгейлері

«TAMOS Education» мектебіне түсудің негізгі төрт деңгейі бар: балабақша (0 сынып), бастауыш мектеп (1 сынып), кіші мектеп (5 сынып) және жоғары мектеп (9 сынып). Бұған қосымша егер сыныптарда бос орын болса және тиісті құжаттарды көрсетіп, түсу сынағынан өтсе, басқа да сыныптарға (2–4 сыныптар, 6–8 сыныптар, 10–12 сыныптар) оқушылар қабылданады.

Бұл түсу деңгейлері орыс бөліміне, қазақ бөліміне және Cambridge бөліміне таралады.

Тіркелу

Балалы отбасылар - әрқашан біздің мектебіміздің сыйлы қонақтары. TAMOS оқушыларының күнделікті өмірі туралы айтуға әрқашан дайынбыз. Балаларды кез-келген жаста тіркеуге болады, бастысы - тиісті құжаттардың болуы. TAMOS бос орын болған кезде балаларды қабылдай береді. Болашақ оқушыны тіркеу орынға кепілдік бермейді, бірақ оны мектепке қабылдауда қарастыруға кепілдік береді.

Түсушілерге жалпы талаптар

Мектепке қабылдау келесі шарттарда жүзеге асады:

- TAMOS саясатында, ата-аналарға арналған анықтамада көрсетілген барлық саясатты, келісімшарттық міндеттер мен ережелерді ұстануға келісім беру.
- «TAMOS Education» оқыту әдістерін, оқу жүктемесі мен жеке жұмыстарға қойылатын талаптарды қабылдау.
- «TAMOS Education» оқыту бағдарламасының мазмұнын түсіну мен қабылдау.

Жыл бойына оқушылар келесідей шарттарда қабылданады:

- Баланың жасы сыныптың жас ерекшеліктеріне қыркүйекпен қыркүйекке дейін сәйкес келсе;
- Тиісті бөлім мен деңгей үшін үміткер емтихан тапсыра алса;
- Үміткердің бұрынғы мектебінен оқу үлгерімі мен тәртібі туралы жақсы пікірлер берілсе;

- Сыныпта бос орындар болған жағдайда («TAMOS Education» сыныпта оқушы саны мүмкін болар шектен асса, баланы мектепке қабылдамайды).

Іріктеу процесі

Қабылдау 1 сәуірден басталады.

Қазақ, орыс және Cambridge International бөлімдеріне түсу шарттары:

Келесідей құжаттарды көрсету керек:

- Ата-анадан немесе қамқоршыдан хат немесе өтініш;
- Баланың медициналық картасы немесе паспорты;
- Ата-аналардың резидент лауазымы туралы анықтама және мекен-жай анықтамасы;
- 2-ші сынып және одан жоғарғы сыныптар болса, онда оқушы ісі мен бұрынғы мектептен жазбалары;
- Бұрынғы мектептен қабылдау/шығару туралы тиісті құжаттар;
- Баланың туу туралы куәлігі;
- Бұрынғы мектептеріндегі оқу үлгерімі, озаттылығы туралы кез-келген сертификаттар немесе мақтау қағаздары;
- 3 х 4 см 3 фотосурет.

Сұхбаттасу таңдалған бөлім тілінде өткізіледі (қазақ, орыс немесе ағылшын).

«TAMOS Education» құрастырған кіру байқау сынағы таңдалған бөлім мен сыныпқа байланысты ағылшын, қазақ, орыс тілдерінен, математика мен жаратылыстанудан өтеді.

Сыныптағы бар орын саны

Егер қабылданған оқушылар санына байланысты қабылдау кейінге қалдырылса, үміткер мен ата-анасының аты-жөндері жазылып, күту тізіміне енгізіледі. Орын пайда болғанда, үміткер мен ата-аналары сұхбаттасу мен тестілеуге шақырылады.

Арнайы сыныптар

Қосымша физика мен математиканы тереңдете оқытатын арнайы сыныптарға қабылдау барысында оқушының қызығушылығы мен мүмкіндігі, тапсырылған кіру сынағындағы математика мен физикадан қорытындысы ескеріледі.

10, 11 және 12 сыныптар

10-12 сыныптарға түсу кезінде ата-ананың өтініші, берілген құжаттар негізінде оқушының қызығушылығы мен мүмкіндіктері, орта білім беру деңгейін көрсететін 9 сыныптан кейінгі мемлекеттік емтихан қорытындысы мен куәлігі ескерілетін болады.

Мектепке қабылдаудың жалпы ақпараты

Саясаттың мазмұнында көрсетілген барлық қабылдау ережелерінің сақталуына Директор, қабылдау комиссиясының жетекшісі мен қабылдау комиссиясының барлық мүшелері жауапты.

Оқу жылын аяқтау үшін академиялық деңгейі жеткілікті болып, сынып жетекшісі кеңес берген оқушылар келесі сыныпқа көшуі үшін қосымша тестілеуден өтпейді.

Жаңа оқушыларға мектепке үйренуге, мұғалімдер, сынып жетекшілер, кеңесшілер мен психологтан қолдау алу мақсатында екі ай көлемінде сынақ мерзімі тағайындалады және мектепке орналасу мүмкіндігіндегі туындаған мәселелер ата-анасымен талқыланатын болады.

Бірінші тоқсаннан кейін оқушылар келесі критерийлер бойынша қабылданады:

- ата-аналар мектепке түсудің жалпы ережелерімен келіссе;
- тиісті құжаттар өткізілсе;
- жоғары академиялық көрсеткіштер мен тәртіп бойынша есеп өткізсе;
- таңдалған сыныпта бос орын болса.

«TAMOS Education» мектебінен ауысу

TAMOS мектебінен оқушылар басқа мектептерге келесі жағдайларда ауыса алады:

- «TAMOS Education» мектебі жоқ жерге көшу немесе мектепке қатынау қиындайтындай аралық болған кезде;
- Басқа оқу бағдарламаларды жүзеге асыратын білім беру мекемесіне ауысқан кезде;
- Денсаулық жағдайына байланысты;
- Психологиялық, педагогикалық немесе медициналық эксперттердің кәсіби нұсқауы бойынша оқушы ата-анасының келісімімен оқушы жалпы білім беретін түзету мекемесіне немесе оқыту, тәрбиелеу, әлеуметтік бейімделу мен қоғамға бірлесудің жалғастыруға мүмкіндік беретін компенсаторлық оқытуға ауыстырылуы мүмкін кезде;
- Ата-аналардың қалауымен өтініштеріне сәйкес ауысса.

Ата-аналардың ауыстыру мақсатында:

- Оқушы ісі;
- Оқу үлгерімі табелі немесе жазбасы;
- Медициналық паспорт;
- Мектептен шығуға қажет басқа да құжаттар беріледі.

«TAMOS Education» мектебінен шығару

Оқушылар «TAMOS Education» мектебінен ата-аналарға арналған анықтамада көрсетілгендей Тәртіптік саясатқа сай шығарылуы мүмкін. Оған мыналар жатады, бірақ мұнымен шектелмейді:

- ережелерді күнделікті бұзу немесе нашар тәртіп;
- «TAMOS Education» анықтаған нұсқаулықтар мен тәртіп ережелерін, ескертулерге қарамастан, сақтамау;
- қорлау;
- ата-аналары немесе қамқоршыларының негізсіз мінез-құлқы;
- қажет академиялық деңгейден артта қалу;
- оқу бағдарламасынан қатты артта қалуға әкелетін және оны толығымен меңгере алмайтындай бірнеше рет сабақтан қалу;
- теріс мінез-құлықтан болған дөрекі жағдайлар;
- есірткі, ішімдік, қару немесе пышақ сияқты заңсыз заттарды алып жүру немесе қолдану.

Барлық тәртіпке байланысты мәселелер TAMOS оқушылар тәртібіне қатысты саясатымен қаралып, мектептен шығару туралы кез-келген шешімді Бас директор қабылдайды.

Ақпаратты ашу

Ата-аналар немесе қамқоршылары баланың денсаулығына, мүгедектігіне, оқуына немесе тәртібіне қатысты анық немесе күдікті жағдайларды тез арада хабарлауы керек. Егер үміткердің оқытуға байланысты айқын қиындықтары болса (мысалы, дислекция немесе диспраксия), ата-ана тіркелуге дейін баланың қажеттілігін сұхбаттасу кезінде талқылау үшін алдын-ала ескерту керек. Психолог баланы қарап, баланың мектепке қабылдану талаптары мен тиісінше бала қажеттіліктерін қамтамасыз етуге қандай қолдау көрсету керектігін талқылайды.

Басқа елдерден үміткерлер

«TAMOS Education» басқа елдердің азаматтарын қабылдайды, бірақ Қазақстан Республикасында оқу визасына керекті құжаттарды алу ата-аналарға жүктеледі. Тіркелуден кейін ата-аналар мектепті виза рәсімдеу процесі туралы хабарлап тұруы керек. TAMOS виза алуға қажетті барлық орынды құжаттарды беруге дайын. Шетелдік оқушыларды жетектейтін ата-анасы немесе 25 жастан асқан, Қазақстанда тұратын, бала үшін жауапкершілікті өзіне толығымен алып, тұрғылықты мекен-жай беріп, төтенше жағдайлар кезінде мектеппен байланыса алатындай қамқоршысы болуы тиіс. Қамқоршыны балаға қатысты оның міндетін анықтайтын өтінішке қол қоюын талап етеді.

«TAMOS Education» өзінің саясаты мен ережелеріне сай келмейтін оқушыны мектепке қабылдамауға құқылы.

Келісімшарт:

Балаға мектептен орын бергеннен кейін ата-анасы әр жыл соңында созылатын жылдық келісімшартқа қол қоюы керек.

2.5 Академиялық саясат

Академиялық саясат әділеттілік пен мейірімділікке негізделген TAMOS қатынастарының бір бөлігі болғандықтан, «TAMOS Education» физико-математикалық мектебіне түсуші барлық оқушыдан күтіледі. Академиялық әділдіктің концепциясы оқу үрдісі басыбайлы, бірегей күшімізді талап еткендіктен, барлық оқушылар өз оқуы үшін жауапты болуы керек. TAMOS академиялық саясаты оқушылар алдамай, өтірік айтпай, плагиатпен айналыспай немесе академиялық жеңілтектіктің басқа актілерін орындамайды деген үміт артады.

Академиялық әділ оқушы бар күш-жігері мен мүмкіндіктерін жұмсап, өз жеке жұмысын жүргізеді. Алайда оқушы мұғалімнен, отбасы мүшелерінен немесе құрдастарынан тапсырманы орындауда көмек алуы мүмкін, сондықтан соңғы нәтиже ретінде көрсетілген жұмыс оның жеке адал туындысы болуын талап етеді.

«TAMOS Education» мектебінде академиялық адалдықты ынталандыру барлық мектеп бірлестігінің міндеті болып табылады. Барлық қызығушы тараптар жағынан бейімділік болса ғана академиялық мектеп ортасы оқушылар арасында құрметке ие болуына септігін тигізеді.

Мұндай ортада оқушылар мұғалімдерді елемей немесе айлакерлік, плагиат немесе академиялық опасыздықтың басқа актілерін құптамайтындығын білетін болады. Оған қоса, оқушылар өздерін мұғалімдер, әкімшілік пен ата-аналарды кез келген академиялық опасыздық үшін жауапкершілікке тартатынын білетін болады.

Плагиат – оқушы басқаның шығармасын, жұмысын немесе идеясын өзінікі ретінде көрсетуі. Басқаның идеялары, ешбір дәйексөзсіз өз сөзі ретінде берген сөздері де академиялық адалдықты бұзушылық деп танылады. Бұл анықтамаға коммерциялық көзден алынған жазбалар (мысалы, ғаламтордан), үзінділер, түпкі көзді еш мойындамай сөзбе-сөз көшірілген сөздер, дәйексөзсіз басқа ресурстардан алынған фразалар, немесе басқа оқушының жұмысын көшіру жатады. Плагиат – эксперттердің идеялары немесе зерттеулерін дәйексөзсіз немесе сілтемесіз қолдану да болып табылады. Алаяқтық – плагиаттың жалғасы, әрі оның жеке қылмысы. Бұл деңгейді көтеру немесе ынталандыруға ие болу мақсатында алаяқтық немесе әбестік әрекеттер тәжірибесі. Дегенмен, «алаяқтық» тесттер/викторина/емтихан кезінде орын алғанмен, бұл анықтама тест жағдаяттарымен шектелмейді, керісінше келесідей жағдайларда таралады:

- «шпаргалка» қолдану;
- еш салым болмаған кезде топтық жобаға қатысу туралы өтініш;
- тесттің алдында тест сұрақтарын алу;
- басқа адамның жұмысын/бағасын өзінікі ретінде өткізу;
- тест жағдайында мәтіндік хабарламалар;
- рұқсат етілмеген уақытта калькулятор ретінде ұялы телефондарды қолдану;
- алдында орындалған жұмысты басқа сынып үшін көрсету, бірақ қарастыратын тапсырма үшін түпнұсқа ретінде бекіту;
- басқа оқушының жұмысын көшіру (плагиат бөлімін қар.);
- егер кімде-кім хаттың үзіндісін көп қараса/өңдесе, онда ол басқа оқушының жұмысы ретінде қабылдана алмайды;
- ұрлық немесе тестті\тапсырманы бағалау үшін «кілт» алу.

Сынып тапсырмалары үшін басқа оқушының жұмысын көшіру тапсырмаға қатысқан барлық оқушыларға сәтсіздік әкеледі. Оқушыға басқа оқушылардың алдында әділетсіз басымдылық беру үшін кез-келген электронды қондырғыны қолданады. Егер оқушы басқа оқушының рұқсатымен оның жұмысын көшірсе, онда екі оқушы да «TAMOS Education» тәртіптік саясатына сәйкес жазаланады.

Бағалау саясаты

Бағалаудан жалпы болжамдар

«TAMOS Education» бағалары мұғалімге оқушының ағымдық түсінігін анықтап, оқу үшін келесі қадамдарға көшуге мүмкіндік беретін кез-келген қызмет ретінде анықталады. Бағалар, емтихандар, эссе мен жобалар сияқты ресми және тікелей сұрақтарға жауап беру, сыныпта талқылау, сауалнама және т.б. болады.

«TAMOS Education» бағалау оқушылардың өз оқу бағдарламалары мен дағдыларының мазмұнын меңгеріп, өз білімін жаңа мәтіндерде қолдана алу, пәндер арасындағы байланысты дамытып, білімін шынайы тәжірибеге бағыттап, өзінің мықты жақтары мен өрлеуін бағалай білуде қолданылады.

Біз оқушыларды бағалау мен іріктеу үшін бағаламаймыз, керісінше оқу қажеттіліктерінің көрсеткішін қалыптастыру үшін бағалаймыз. Бағалардың көмегімен оқушылардың қажеттіліктеріне негізделген оқыту дамытылады. Одан басқа, оқушылар өз дағдыларын жетілдіруде бағаларын қолданып, өз түсінігін қалыптастырып, өзіндік оқуын пәндік салаларда кеңейтуде қолданады.

Бұл мақсаттарға жету, курстың жетістігін анықтау үшін қалыптастырушы және жинақтаушы бағалар, шектік айдарлар мен оқушылардың күш-жігерін қолданатын болады. Бұл үрдістің маңызды бөлігін оқушылардың жеке ойлары құрайды. Мұғалімдер мен оқушылар өрлеудің нақты көрінісін қөру үшін бірлесе жұмыс істейтін болады.

Бағалау бұл жаттап алу немесе басқа міндеттер емес, ол оқудың жоғары деңгейлі ойлау қабілеттерін қолдану екендігі туралы басты пайым болып табылады. Ішкі, Кембридж ережелерін қолданудың арқасында мұғалімдер пән меңгеруге қажет білім мазмұны мен сол білімді көрсету үшін дағдыларды теңгереді. Осылайша, біз барлық мұғалімдерді сауатты мұғалімдер ретінде мойындаймыз.

Барлық курстарда оқушылардың жетістігін қамтамасыз етуде топтық бағалау жұмыс нәтижесіне негізделген ресми бағалаудың немесе типтік тапсырмалардың тәжірибесі мен принциптерін көрсетеді. Аталған тәжірибе пәндер бойынша серіктестік шегінде келісілген критерий, мақсаттар мен міндеттердің қолданумен нығаятын болады.

Есеп және бағалар есебі

Оқушыларды бағалау мен бағаларды тіркеу үрдісі бағалаудың тұрақты бөлігі ретінде аса мұқияттылық пен назармен жүзеге асады. Жоғары нәтижелерге жету мүмкіндіктері бар екендігіне қорытынды бағалар барлық оқушылар оқытылатын жалпы мектептік сенімді айқындайды. Курс бойынша қорытынды бағалар оқуының бірнеше көрсеткіштеріне негізделіп, пән бойынша жалпы жетістіктерін көрсетеді. Мұғалімдер пәндер бойынша балдарды Кембридж жүйесінің әріптік балына(А-дан Е-ге дейін), американдық жүйе бойынша орташа балға (орташа балл 0-ден 4-ке дейін) және қазақстандық бағалауға (5-тен 1-ге дейін) сәйкес болатын транскрипт құрастыру үшін қолданылатын балл мен пайызға айналдырады.

Баға қою кестесі

«TAMOS Education» оқушылары әр тоқсанның аяғында берілетін стенограммалық есеп алады. Оқушыларға бұл есепті үйлеріне апарып, ата-аналары немесе қамқоршылары қол қоюы үшін беріледі. Қорытынды стенограмма оқушы есебінің соңғы, тұрақты есебі ретінде сақталады.

Бағалар шкаласы, Кембридж және бағаның орташа балы

Жалпы оқушылар шектік бағалаумен байланысты сыныбындағы өз балына сүйене отырып, стандартты шкаланы есептей алады.

	пайыз				GPA			Қаз	
А сыныбы	90%	дейін	100%		3.45	to	4.00	5 (80% - 100%	P
В сыныбы	80%	дейін	90%		3.00	to	3.45	4 (60% - 80%)	P
С сыныбы	70%	дейін	80%		2.50	to	2.95	3 (40% - 60%)	P
D сыныбы	60%	дейін	70%		2.00	to	2.45	2 (20% - 40%)	F
Е сыныбы	1%	дейін	60%		0.00	to	1.95	1 (0% - 20%)	F

Емтиханды уақытылы тапсырмаған жағдайдағы ереже

Емтиханды тапсырмаған немесе қандай да бір академиялық тапсырманы орындамаған немесе белгілі себепті жағдайларға, діни көзқарастар, отбасындағы төтенше жағдайлар, ауруға байланысты ұзақ уақыт сабақта болмаған кез-келген оқушы өз сынып жетекшісіне дереу хабар беріп, егер мүмкіндік болса босату туралы өтінішпен хабарласуы керек. Ауырған жағдайда дәрігерден немесе медицина қызметкерінен анықтаманы көрсетуі қажет. Оқушыға емтиханды немесе басқа да академиялық тапсырмаларды тапсыруға

мүмкіншілік және ыңғайлы шарттар дайындалуы тиіс. Емтиханды өткізіп алған, оны тапсыруға уақытылы рұқсат алмаған оқушы емтиханнан құлатылады.

Сыныптан сыныпқа көшу

Оқушыны қабылдау үрдісі мұғалімдердің оқушыны белгілі сыныпқа қабылдау туралы құжаттарға қол қоюын талап етеді. Егер мұғалім немесе ата-аналар оқушының сынып деңгейіне сәйкес емес деп санаса, сабақ басталмастан бұрын дұрыс шешім қабылдау мақсатында оқушы, мұғалім, ата-ана (ата-аналармен) және кеңесшілер кездесу өткізуі қажет. Оқушылар егер логикалық, академиялық немесе ақылға қонымды әлеуметтік себеп болған кезде ғана көшіретін болады. Барлық қызығушы тараптардың қатысуынсыз оқушыларды сыныптан шығарып, басқа деңгейге ауыстырмайды. Оқушыны көшірудің расталуы кезінде шешуші сөз Директорда қалады.

Тоқсанға жаңа оқушыларды қабылдау

«TAMOS Education» қабылдау саясаты барлық оқушыларды қабылдауды анықтайды. Оқушылар алдымен қабылданып, туған жылына қарай сыныптар бойынша үлестіріледі. TAMOS мектебіне түскен оқушылар бастапқыда немесе басқа мектептен ауысу кезінде туған жылы және оқушының бұрынғы мектептегі қабылдауға дейінгі бар жазбалары негізінде сыныптарға үлестіріледі. Егер Директор оқу тарапынан сәйкес сыныпқа байланысты оқушыны басқа сыныпқа көшіру дұрыс деп тапса, соңғы шешімді өзі қабылдайды.

2.6 Ата-аналардың шағым беруі мен оны қарастыру рәсімдері

«TAMOS Education» Директоры мен оның орынбасарлары мектептің бағытын анықтап, ата-аналармен балаларының білім туралы қызығушылықтары жолында барынша біріге жұмыс істеуге тырысады. Бұл рәсімнің басты мақсаты – мектеп оқушыларының ата-аналары, қамқоршыларының шағым беруі мен оны қарастыру.

Рәсім Мектептегі қызметкерлердің әрекеттеріне байланысты барлық сұрақтарды қамтиды. Алайда, Директор, орынбасарлар, мұғалімдер мен ата-аналар орын алған мәселе мен шағым арасындағы айырмашылықты дұрыс түсінгені абзал. Мәселені басында қалыпты емес формада шешу шағымдардың санын барынша азайтады.

Егер ең басынан мәселе бекітілген рәсімдерге сай қаралса, онда шағымды қарастыру шынайы рәсімі Қазақстан Республикасының балаларды қорғау заңы, Білім беру саласындағы арнайы саясат, Жалпы қабылдау ережелері, тәртіптік босатылу мен шығару, немесе Директордың/өзге де қызметкерлердің тәртіп үшін жауапты кез келген шешімдеріне сай келісілген рәсімнің жағына ауытқиды.

РӘСІМДЕР

Мектеп анонимді шағымдарды (баланың қауіпсіздігіне қатысты сұрақтардан басқа) қарастырмайды, сондықтан бұл рәсімде анонимдік шағымдар бойынша шешім қабылдау көзделмеген.

МАҚСАТТАР

Біз шағымдарды қарастыру рәсімдері кезінде:

- әрқашан мүмкіндігінше барлық мәселелерді формалды емес түрде шешуге;
- шағымдарды дереу қарастырып, қабылданған шешім туралы адамдарға хабарлауға;
- толық,әрі әділетті тексеріс жүргізуге;
- барлық қатысты жақтардың құқықтары мен міндеттерін ескеруге;
- құпиялықты құрметтеуге;
- барлық даулы сұрақтарды қарастырып, керекті жауап қайтаруға (керек жағдайда өтеуге);
- жоғары басшылық пен Мектеп директорына көрсетілетін қызмет сапасын көтеру мақсатында толық мәліметті беруге тырысамыз.

Рәсімдер қолжетімділік пен жариялау мүмкіндігіне сай құрастырылған. Бұл рәсімдердің көшірмесі мектеп сайтына, ата-аналар мен балаларға арналған анықтамада орналастырылып, сұранысқа қолжетімді болып табылады.

Рәсімдер:

- түсіну мен қолданудың қарапайымдылығын;
- бейтараптылықты;
- тайталастың жоқтығын түсіндіреді.

АТА-АНАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫ

Біз шағымды қарастыру барысында:

- әділетті қарауға;
- сыпайылық танытуға;
- уақытылы жауап беруге;
- нақты кеңес беруге;
- сіздің жеке өміріңізді құрметтеуге – шағымдар мүмкіндігінше құпия түрде қаратырылады (сіздің шағымыңызға қатысты өзге де тиісті жақтармен кеңес алуды есепке алғанда);
- біздің шешіміздің нақты негізі болуына кепілдік береміз.

Егер шағым дәлелді болса, онда біз оны лайықты түрде қарастырамыз. Егер тексерістен кейін шағым беруге негіз болмағандығы анықталса, біз сізге хабар береміз.

АТА-АНАЛАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Шағым берер кезде біз сізден:

- өз сұрақтарыңызды уақытылы қоюыңызды;
- біздің қызметкерлерге құрметпен және сыпайылықпен қарауыңызды;
- қойылған сұрақтар бойынша нақты, әрі қысқа жауап қайтаруыңызды;
- рәсімдерді толық қолданып, онда тиісті деңгейде қатысуыңызды күтеміз.

БАСҚА ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫ

Бұл процесс тайталас болып табылмайды, сондықтан өзге де органдардың қатысуын талап етпейді.

Шағым берушімен бірге шағымды қарастыру мен шешуге көмегін тигізетін мүмкін болар жерлерде өзге тұлға немесе Директор мен орынбасарлары ілесіп баруы мүмкін.

ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ ҚҰҚЫҒЫ

Қызметкер кеңес пен қолдау үшін кәсіби органға жүгіне алады, сонымен қатар Директор немесе оның орынбасарының рұқсатымен шағымды қарастыру мен шешуге көмегін тигізетін өзге тұлғаны бірге алып жүре алады.

Шағым түскен қызметкер қойылған сұрақтарға жауап бермес бұрын шағымның жазба түрін және ол туралы ата-ана/қамқоршысы берген толық мәліметке ие болады.

ЗАҢ БОЙЫНША ӨКІЛДІК

Заң бойынша өкілдік немесе кәсіби сапада қызмет көрсететін тұлға бұл рәсімде қарастырылмаған. Бұл рәсім оған қатысушылардың ешқайсынын заңды құқықтарына бұзбайды.

СІЗДІҢ ШАҒЫМЫҢЫЗБЕН КІМ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ?

Ресми емес кезеңде сіздің шағымыңызды оқытушы қабылдайды, қарастырады. Егер сіз процесстің ресми жағына көшсеңіз, процесс үшін толық жауапкершілікті (егер ол өзі шағым бағытталған тұлға болмаса) Директор алады. Директор керек болған жағдайда шағымды қарастыру, тексеру мен сұрақты шешу үшін кіші комитет құруға жауапты.

ШАҒЫМ БЕРУ

Бейресми кезең

1 қадам – шағым түскен оқытушымен әңгімелесу

Ең алдымен, шағым мәселені өздігінше шешуге мүмкіндігі болуы үшін тиісті оқытушыға (сынып жетекшісіне, Директорға немесе орынбасарға) ауызша түрде жеткізіледі. Мұндай кездесулерді ұйымдастыру мен өткізудің мектепте бекітілген протоколдарын, мұғалімдерге қатысты мектеп саясатын қатаң ұстануларыңызды сұраймыз.

Егер сіз шағымыңыздың ресмиленуі керек деп шешсеңіз, бұл кезеңде еш кедергі болмайды. Егер шағым мұғалімге қатысты болмаса, онда шағым Директорға жеткізіледі.

2 қадам – Директормен байланыс

Егер сіздің шағымыңыз 1 қадам кезінде шешілмесе, онда осы мәселені талқылау үшін Директормен кездесуге келіскеніңіз абзал. Сіз кездесуге дейін шағымыңызды уақытылы шешу үшін, шағымыңыз туралы жазба түрде Директорға хабарлауыңыз шарт. Кейбір жағдайда Директордың мәселені дереу түрде шешуге мүмкіндігі болмайды, оған тексеріс жүргізіп, жауап беру үшін уақыт керек болады. Мұндай жағдайда сізге қашан және қай күні жауап берілетіні туралы сізге хабар беріледі.

3 қадам – Директор.

Егер сіздің шағымыңыз 1 және 2 қадам кезінде де шешілмесе, Директорға жазба түрде хабарлауыңыз керек. Онда да шешім таппаса, Директор ресми түрде тексерісті бастайды.

Ресми кезең

Кейде мәселе бейресми кезеңде 1 және 2 қадам кезінде де немесе 3 қадам кезінде де шешілмейді. Шағымға негіз болған жайттарды, сізді мазалаған нақты сұрақтарды қысқа түрде суреттеп жазып, хатты Директорға жөнелту керек.

Сіз 10 жұмыс күні ішінде хатыңыздың қабылданғаны туралы жазба растау хатын аласыз немесе сіз қойған сұрақтарға жауап немесе сіздің шағымыңыз қаралу үстінде екендігін, нақты қаралу мерзімі көрсетілген хабарлама аласыз. Тексеріс барысында сізді Директор кездесуге шақыруы мүмкін, бұл туралы да алдын-ала хабарланады. Директор сонымен қатар екі жақпен де мәселені талқылау үшін кездесу ұйымдастыруы мүмкін.

АПЕЛЛЯЦИЯ БЕРУ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАРАСТЫРУ ПРОЦЕССІ

Егер сіз Директордың шешімімен қанағаттанбасаңыз, мектеп әкімшілігінің шағымыңыз көрсетілген хатты жауап алған күннен кейін 10 жұмыс күні ішінде жіберуіңіз керек. Сіздің жазбаша сұранымыңыз мүмкіндігінше қысқа, әрі апелляция беруге нақты негіздеріңіз көрсетілуі тиіс. Бас кеңсе Апелляциялық кіші комитет шақырады. Сіздің апелляция қаралатын Апелляциялық кіші комитеттің кездесуіне шақырады. Сіздің хатыңыздың қабылданғаны, Апелляциялық кіші комитет кездесуінің нақты күні, уақыты туралы жазбаша ресми жауапты 10 жұмыс күні ішінде аласыз. Бұл кездесу сұраныс түскеннен кейін 30 жұмыс күн ішінде ұйымдастырылады. Кездесуден кейін 10 жұмыс күні ішінде мектеп әкімшілігінің қорытындысы, нұсқаулықтары мен шешімнің қабылдану себептері баяндалған жазбаша жауап аласыз.

Бас кеңсенің шешімі шешуші болып табылады. Процесстің соңында әкімшілік сізге шағымның жойылғаны, мәселенің шешілгені туралы хабарлайды.

ҚҰЖАТ АЙНАЛЫМЫ

Директор мен оның орынбасарлары шағымға қатысты барлық жазбаларды, әңгімелесулер мен кездесулердің есебін жүргізуі тиіс. Бұл жазбалар мектепте құпия, өзге оқушылар құжаттарынан жеке сақталады. Жазба соңғы жазбадан үш жыл өткеннен кейін жойылады.

АРАМ НИЕТТІ НЕМЕСЕ ОРЫНСЫЗ ШАҒЫМДАР

Бас кеңсе немесе Директор ата-аналар/ата-аналар топтарының шағымдарын арам ниетте немесе орынсыз деп таныса, онда олар қызметкерлерді мұндай әрекеттерден қорғау мақсатында тиісті мемлекеттік мекемеге жүгінеді.

2.7 Мектеп автобусын қолдану саясаты

Жалпы ақпарат

Бұл ережелер оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін құрылған. Ата-аналарды балалармен бірге автобусты қолдану ережелерін зерттеуді сұрайды. Ережелерді сақтамау автобусты қолдану бағдарламасынан шығарылуға әкелуі мүмкін.

Бұл саясат оқушылар, ата-аналар мен жүргізушілерді қоса алғанда, автобус қызметінің қолданушыларының қызметтері, құқығы, міндеттері мен жауапкершіліктерін анықтайды.

Мақсат

Автобус қызметінің мақсаты:

- оқушылар, мұғалімдер мен қызметкерлерді жинап, мектепке әкелу;
- оқушылар, мұғалімдер мен қызметкерлерді үйлеріне жеткізу;
- оқушылар, мұғалімдер мен қызметкерлерді жинап, мектептік және сыныптан тыс іс-шараларға апару болып табылады.

Жетекші тұлға

Оқушысы бар әрбір автобус бағыты Директор тағайындаған жетекші мұғалім немесе мектеп қызметкерінің болуын талап етеді. Ол жетекші қызметкер автобустағы балалар үшін сапардың соңына дейін жауапты. Жетекші қызметкер Директордың алдында есеп беріп, осы саясатты, денсаулық пен қауіпсіздікті қорғаудың барлық ережелерімен Қазақстан Республикасының балаларды тасымалдаудағы қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау саласындағы саясатын ұстанады.

Жетекші тұлға автобустағы барлық отырғандардың әрекеттері мен тәртібі және «TAMOS Education» жалпы қауіпсіздік саясаты немесе осы саясатқа сай өз міндеттерін дұрыс атқармағандығы үшін жауапты. «TAMOS Education» саясатын, денсаулық пен қауіпсіздікті сақтау саясатын, балаларды қауіпсіз тасымалдауының Қазақстан Республикасының заңдары мен нормативті актілеріне сәйкестігін кез-келген елемеушілік тәртіптік жазалауға әкелуі мүмкін.
Жетекші тұлға:

- автобусқа отырғызу мен шығару ережелеріін;
- автобус жүргізушісінің жауапкершілігіне қатысты ережелерін;
- балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету саясатын;
- төтенше жағдайлардағы әрекеттер тәртібін:
  - өрт;
  - жол-көлік оқиғасы;
  - автобустың сынуы;
  - жазатайым оқиға;
  - ауру;
  - автобустан апаттық шығару;
  - автобустың апаттық шығу есіктерін қолдану;
  - өртсөндіргішті қолдану;
  - террористік акт кезіндегі іс-әрекеттер ретін білуі шарт.

Жетекші тұлғаның жауапкершілігі

Жетекші тұлғаның міндеттері:

- тиісті автобуста жүруге рұқсаты бар оқушылар тізімінің болуы;
- автобус қозғалмас бұрын балаларды түгендеу;
- оқушылардың тәртібін бақылау:
  - оқушыларды отырғызу кезінде;
  - жиналу орнында;
  - автобусқа отыру кезінде;
  - автобустан шығу кезінде;

- сапар уақытындағы тәртіп.
- Сапарға шығуға:
  - жүргізуші есірткі немесе ішімдіктің әсерінде болса;
  - автобустың механикалық бұзылуы кезінде;
  - мұндай жағдайларды Директорға хабарлаған кезде тыйым салынады.
- балаларға орын жеткілікті екендігіне көз жеткізу;
- ешқандай сөмкелердің өту мен шығу жолдарын бөгемейтінін тексеру;
- оқушылардың қауіпсіздік белбеуін таққандығына көз жеткізу;
- автобус терезелерінің жабықтығын тексеру;
- автобус қозғалысы кезінде оқушылардың тұрып тұрмауын, орын ауыстырмауын қамтамасыз ету;
- автобусқа балалар отырып немесе шыққан кезде жүргізушінің өз орнында болуын тексеру;
- ауа-райы жағдайлары мен жол белгілеріне сай рұқсат етілген жылдамдық шектеуін (60 км/ч) жүргізушінің есіне салу;
- апаттық жағдайда жүргізушінің жылдамдықты азайтуын қадағалау;
- жолаушылардың жүрегі айну, ауыруы немесе жарақаттануы кезінде алғашқы медициналық көмек көрсету;
- тұтқынға алыну кезінде – сабырлық сақтау, оқушылардың барлық талаптарды орындауын қадағалау;
- автобустан шығу кезінде оқушыларды ата-анасына табыстау;
- автобустан шығарда оқушылар немесе олардың заттарының қалмауын тексеру.

Қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау саясаты

Мектеп тоқсанына бір рет оқушыларды автобусты қолдану ережелерімен таныстыруы керек:
- жиналу орындарына дұрыс әрі қауіпсіз мінез-құлық;
- автобусқа кіру мен шығу ережелері;
- сапар кезіндегі және автобус аялдамасында күту тәртібі;
- апаттық шығару рәсімдері;

Егер:
  - өрт;
  - жол-көлік апаты;
  - автобус сынуы;
  - жазатайым жағдай;
  - ауру;
  - автобустан апаттық шығару;
  - автобустан шығуда апаттық есіктерді қолдану;
  - өртсөндіргішті қолдану;
  - террористік акт болған жағдайларда қауіпсіздікті қамтамасыз ету рәсімдері өткізілуі қажет.

Тоқсанына бір рет мектеп автобустарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін барлық қондырғылар тексеріледі:
- өртсөндіргіштер;
- алғашқы көмек қорабы;
- автобуста баланың бар екендігін білдіретін белгілер.

Жүргізушінің жауапкершілігі

Жүргізушілер жауапты :
- өз міндеттерін орындауға қажет саясат пен барлық басқа да құжаттармен танысу;
- жұмыс орнының сипаттамасына сай автобус жүргізушісінің міндетін атқару;
- автобусты есірткі немесе ішімдік әсерімен жүргізбеу;
- қауіпсіз жүргізуге кедергі келтіретін механикалық ақаулар туралы ақпарат болса, автобус бағытына шықпау;

Келесі жағдайларда:
  - автобустың сынуы немесе кез-келген техникалық қиындықтар болса;
  - тізімдегі оқушылардың бірінің себепсіз жоқ болуы;
  - жетекші тұлға мен Директорға дереу хабарлау;

    - оқушының нашар тәртібі туралы жетекші тұлға мен Директорға хабарлау шартында сапардан бас тартуы тиіс.
- Саясат пен автобус жүргізушілерінің қызметтік сипаттамасына сай Директордың жұмысты жақсартуға қатысты ұсыныстарын енгізу.

2.8 Оқушылардың тәртіп кодексі

ЖАЛПЫ ТӘРТІП

«TAMOS Education» тәртіп кодексінің ережесі мен анықтамасы мектеп қауымдастығының барлық мүшелеріне, қызметкерлеріне, оқушылар мен еріктілер тобына қатысты. Кодекс қауіпсіз және қолайлы оқу ортасын қамтамасыз етуге, жаһандық, басшылық, теңдік, әртүрлілік пен бір-бірін құрметтеу принциптеріне сай мектеп қауымдастығының барлық мүшелерінің жақсы, әрі жылы қарым-қатынас орнатып, дамытуға арналған.

Сынып жетекшілері құжатта көрсетілген мектептің жалпы ережелерін, оған қоса оқу ортасының тиімді, әрі қауіпсіз болуын қамтамасыз ететін өзге де ережелерді қарастырады. Кез-келген нұсқаулық немесе ережелер жиынтығы барлық мүмкін жағдайларды қамтуы мүмкін емес, кейде көптеген себептер бойынша мінез-құлық пен тәртіптегі қиындықтар болады. Мұндай жағдайларда оларға құрметпен қарау және мүмкін болса, мәселелерді бетпе-бет шешу маңызды деп санаймыз. Сынып жетекшілері мен пән мұғалімдері тәртіпке қатысты туындаған мәселелерді шешеді (біздің нұсқаулығымызға сай) деп күтеміз. Егер нашар тәртіп пен мінез-құлық жақсармай, одан сайын нашарласа, онда мұғалім бұл туралы ата-аналар арқылы мәселені шешуге септігін тигізетін Директордың орынбасарларына хабарлау керек. Оқушылардың маңызды теріс қылықтары жағдайды қарастыратын тәртіп комитетіндегі Директорға жіберіледі, ол жағдайды қарап, Директорға ұсыныстар береді.

Төменде тәртіпке байланысты емес жағдайлардағы мұғалімнің тез арада ескертуі арқылы тәртіптік нұсқаулар келтірілген.

Мұғалімнің өкілеттілігі

- оқушылармен олардың тәртіптері туралы әңгімелесу;
- нашар тәртіптің себептерін анықтау;
- әрекеттің қайта қайталану кезіндегі салдарын түсіндіру;
- мектеп пен мұғалімнің оқу үрдісі болжамдарын түсіндіру;
- оқушылардың жазалануы (қосымша жұмыстар, сабақтан соң сыныпта қалу, жинау т.б.);
- мұғалім мен оқушылар оқушының тәртібін өзгертуге деген ниетін келістірілуі;
- оқушылар өз тәртібін өзгертуі туралы мазмұндама жазуы (көшірмесі жеке істе сақталады);
- егер нашар тәртіп сақталса, оқушы тәртіпке жауапты қызметкерге, психологқа немесе Директорға жіберіледі.

Мектеп директоры/орынбасарының өкілеттілігі

- Оқушылармен нашар тәртіп себептері мен салдары туралы әңгімелеседі.
- Оқушылар өз тәртібін өзгерту туралы мазмұндама жазады (көшірмесі жеке істе сақталады).
- Оқушылар жазаланады (қосымша жұмыстар, сабақтан соң сыныпта қалу, жинау т.б.).
- Жағдайды және қолданылатын шараларды талқылау үшін ата-аналарына хабарлайды немесе мектепке шақырады.
- Егер нашар тәртіп сақталса, оқушы тәртіпке жауапты қызметкерге, психологқа немесе Директорға жіберіледі.

Оқушыларға қатысты әділетсіздік

Егер оқушы немесе ата-анасы мұғалімі әділетсіз болды деп есептесе, онда ол оқушы немесе ата-анасы алдымен мұғаліммен жеке сөйлесіп, шешім табуға тырысуы керек. Егер оқушының тәртібі туралы шешім немесе пікірін өзгертпесе, мұғалім мәселе туралы ата-анаға және әкімшілікке хабар беруі тиіс. Егер оқушы немесе ата-анасы қабылданған шешім немесе оның қорытындысына қанағаттанбаса, олар бұл туралы әкімшілікке хабарлауы керек. Егер ата-ана ресми түрде шағым білдіргісі келсе, ол ата-аналардың шағым рәсімдері бойынша қаралады.

ТӘРТІП СҰРАҚТАРЫНА ЖАУАПТЫ ҚЫЗМЕТКЕР

Тәртіптік бюроға жағдайды Директор немесе психолог бюроға жіберген кезде, төтенше заңсыздық жағдайында ғана шақыру қажет. Тәртіпке жауапты қызметкер мәселені шешу туралы нұсқаулықтарды тек қана соңғы шешім қабылдайтын Директорға береді. Ұсынымдар мұрағатта сақталған бұзушылықтар туралы жазбаша хабарламаларға, куәландырылған мәлімдемелерге және басқа да фактілерге негізделуі керек.

Тәртіптік комитет келесідей нұсқаларды ұсынады, бірақ соңғы шешімді Директор қабылдайды:

- жазбаша ескерту;
- сабақтан соң қалдыру;
- сынақ мерзімі;
- сабақтан шеттету (1-14 күн аралығында);
- мектептен шығару.

Алайда, барлық оқушылар білім алып, өздерін мектепте жақсы ұстауына үміттенсек те, тәртіптің балалар үшін маңызды екенін, оны олар жақсы түсініп, әрқашан жүректері мейірімділік пен қайырымдылыққа, сабырлылық пен әділеттілікке толы, тәртіпті, жағымды тұлға болуға ұмтылуды алға қоямыз. Біздің тәртіптік рәсімдер оқушыларды мейірімділік жолына түсіруге бағытталған, сондықтан сабақтан шеттету немесе шығару тек қана басқа мүмкіндіктердің барлығын қолданып, нәтижеге келмеген кезде ғана қолданамыз.

Рәсімдердің жазбалары ата-аналар мен мүдделі тұлғалар үшін қолжетімді. Тексеріс аяқталғаннан кейін құжаттардың бір көшірмесі сенімді жерде сақталады, қалғаны құпиялық принципіне сай жойылады.

Кейбір әрекеттердің формалары алдыңғы қадамдардан озып, мектептен босатуға әкеледі. Оқушылар үш рет сабақтан шеттетілгеннен кейін мектептен автоматты түрде шығарылады. Әсіресе, қауіпті мінез-құлықтар дереу мектептен шығарылуға әкеліп соқтырады.

ЕРЕКШЕ ТӘРТІПТІК ЕРЕЖЕЛЕР МЕН РЕГЛАМЕНТТЕР

Әр жағдайды алдын-ала жоспарлау мүмкін еместігіне қарамастан, оқыту ортасы – біздің ең үздік қол жеткізуіміз екендігіне кепілдік беретін нақты ережелер бар. Төменде мысалдар келтірілген, бірақ бұл тізім толық болып табылмайды.

Сынып жетекшісі мен пән мұғалімдерінің шешетін сұрақтары:

- кешігу;
- үй тапсырмасының болмауы немесе кеш орындауы;
- сабақта оқушының болмауы;
- сабаққа келмеу;
- дөрекілік;
- жаман мінез-құлық;
- мектеп формасын бұзу;
- алаяқтық;
- плагиат;
- сағыз шайнау;
- жаман сөздер;
- романтикалық сезімдер білдіру;
- iPad, iPhone және т.б. қымбат заттарды мектепке әкелу;
- қоқыс тастау;
- қорқыту;
- агрессивті әрекет;
- орынсыз қылық.

Мектеп директоры шешетін сұрақтар:

- мұғалім мен оқушы арасында жанжал;
- сынып жетекшісі мен пән мұғалімдері бағыттаған сұрақтар;
- төбелес;
- ұрлық;

- құмар ойындары;
- вандализм;
- өртеу;
- мектеп мүлкін бұзу;
- қару;
- мектеп атына зиян келтіру;
- сабаққа қатыспау/келмеу.

Тәртіптік қызметкер/Директордың орынбасары айналысатын сұрақтар:

- есірткі қабылдау;
- агрессивті/қауіпті әрекеттер;
- мектепке қару әкелу;
- мектепте шылым шегу;
- қызметкерлерге қоқан-лоқы көрсету, қорқыту;
- қызметкерлерге қарсыласу;
- әдепсіз материалдар қарау;
- мектеп мүлігін жою;
- ішімдік ішу;
- сексуалды зорлық немесе алымсақтық;
- қорқыту.

Сабақтан шеттету

Нақты себептер бойынша сабақтан шетететін жағдайлар:

I. 1 күн: сабаққа келмеу/қатыспау, қауіпті іс-әрекет.
II. 2 күн: мектепке қауіпті заттарды енгізу (мысалы, от шашу), шылым шегу, карта ойындары, құмар ойындары, әдепсіз материалдар.
III. 3 күн: сөзбен қорлау, қорқыту, мектеп мүлігін құрту немесе жою.
IV. 5 күн: төбелес.
V. 7 күн: ішімдік немесе есірткі қолдану.

Мектептен шығару

Төменде бірнеше мысал келтірілген, бірақ бұл толық тізім болып табылмайды: ұрлық, мектепке қару әкелу, қызметкерді қорқыту, қызметкермен төбелесу, есірткі сату, сексуалды әрекеттер.

Тыйым салынатын заттар

Қауіпсіздікті, денсаулық пен достық ортаны сақтап қалу үшін мектеп аумағында келесі заттарға тыйым салынады.

Бұл заттар алдымен алынады, кейін жойылады:

Шылым, сіріңке, темекі тұтандырғыш, ішімдік, есірткі, сағыз, от шашу, қауіпті азық-түліктер, пышақ немесе басқа да қару, әдепсіз суреттер мен мәтіндер, ойыншық қарулар.

Бұл заттар алынып, кейін ата-аналарына қайтарылып беріледі:

Дербес стереожүйелер, электронды ойындар, жеке DVD-дисктер, ұялы телефондар, электронды шылым, зергерлік әшекейлер сияқты мектеп ережесіне сай емес заттар және одан басқа қауіпті деп саналатын заттар мектеп әкімшілігінің қаралуында болады.

Жауапкершіліктен бас тарту

Мектеп барлық алынған заттарды қауіпсіздікте сақтауға тырысады, бірақ олар жоғалса, оған жауап бермейді.

Барлық алынған заттар тәртіптік қызметкер орнатқан уақытта ата-аналарына қайтарылады.

2.9 «TAMOS Education» дресс-коды

Оқушылар Мектепте бекітілген мектеп формасында болуға міндетті. Барлық оқушылар мектеп формасын міндетті түрде кию тиіс, оны сынып жетекшісі, мектеп дүкені немесе әкімшілік арқылы алуға болады. Барлық оқушылар мектеп формасында мектепке келіп, мектеп формасында үйлеріне қайтады. Оқушылар мектепке еркін киімде келіп, кейін мектеп формасына киініп алуға тыйым салынады. Сондай-ақ, мектеп формасын үйге қайтар кезде ауыстыруға тыйым салынады.

Оқушылар мектепте күні бойы мектеп формасында болуға тиіс, тек дене шынықтыру сабағында ғана тиісінше спорттық формаға ауыстырады. Оқушыларға мектеп формасын жоғалтып алған жағдайда, оны табу үшін киімнің ішіне өз есімдерін жазуға кеңес береді. Оқушыларға мектеп ғимараттары мен кабинеттерден тыс пальто, бас киім киіп, шарфтар тағуға рұқсат етіледі.

Талас кезінде «TAMOS Education» басшылығы мен әкімшілігі мектеп тәртібіне қай киім сай, ал қайсысы сай емес екендігін анықтауға құқылы.

Формаға анықтама

- Ер балаға арналған салтанатты киім – костюм: қара көк түсті пиджак пен шалбар, ұзын немесе қысқа жеңді жейде, ақ поло жейдесі.
- Ер балаларға арналған күнделікті киім – пиджактың орнына қара көк түсті кардиган немесе көкірекше, поло, ұзын немесе қысқа жеңді жейде (ақ, көк, сұр, қара көк түсті), қара көк түсті шалбар.
- Қыз балаға арналған салтанатты киім – қара көк түсті белдемше мен пиджак, ұзын немесе қысқа жеңді ақ түсті жейде.
- Қыз балаға арналған күнделікті киім – пиджактің орнына қара көк түсті кардиган немесе көкірекше, тор сызықты белдемше, құрама сарафан (үсті қара көк, асты тор сызықты), тобықты жабатын классикалық үлгідегі шалбар, ұзын немесе қысқа жеңді жейде (ақ, көк, сұр, қара көк түсті) немесе водолазка.
- Классикалық үлгідегі қара немесе қоңыр түсті іскери аяқ киім, өкшесі қалыпты биіктікте болуы тиіс.
- Суретсіз қарапайым шұлық (қара, қоңыр, қара көк немесе ақ түсті) немесе колготка (қыз бала) міндетті.
- Белбеу міндетті. Жұмсақ тік белбеу, қара немесе қоңыр түсті, ені 4 см аспайды, иірілген, декоративті жіптерсіз болу керек.
- «TAMOS Education» қалыпты спорттық формасы және спорттық немесе спортзал еденінде із қалдырмайтын өзге де аяқ киім.

Қыздар

Оқушы қыздарға тыйым салынады:

- опа-далаптың барлық түрлерін қолдануға;
- иықтан ұзын шаштарды жайып жүруге;
- мектеп формасына қандай да өзгерістер енгізуге;
- шашты бояуға, ұқыпсыз шашпен жүруге;
- үлкен қымбат тастарсыз, үлкен көлемді салпаншақтарсыз т.б., тек қарапайым әшекейлік бұйымдармен шектеледі.

Ұлдар

Оқушы ұлдарға:

- Шаш ұқыпты кесілген және табиғи түсті болуы шарт.
- Оқушылар таза қырылған болуы керек, жақ сақалы құлақ ортасынан төмен қалдырылмауы керек.
- Сырға, денеге арналған түрлі бұйымдарға тыйым салынады.
- Далада жайсыз ауа-райы кезінде бас киім киюге рұқсат етіледі, бірақ ғимаратта киюге болмайды.

Барлық оқушыларға:

- Тіл, бет пен денелеріне пирсинг жасатуға тыйым салынады.
- Көзге көрінетін аймақтарда татуировка жасатуға тыйым салынады.
- Денеге кез келген суреттер салдыруға тыйым салынады.
- Жарқыраған немесе жаман сөздері бар футболкаларды киюге тыйым салынады.
- Тырнақ таза, тиісінше кесілген, бояусыз және әшекейсіз болуы шарт.

2.10 Өзіндік жұмыс саясаты

Балабақша және 1 сынып оқушылары

Бұл деңгейдегі балалар ата-аналарының қолдауына зәру, мысалы оқылым мен сөздік қор/танымдық ойындардың саны, үйде ата-аналармен қайталау үшін үй тапсырмалары және т.б.

Егер мүмкін болса, ата-аналар өз баласына «ілгері басуға» мүмкіндік беріп, оқылым үрдісіне еліктіруді ұсынады. Бұл жаста ата-аналардың баламен ойнап немесе оларды маңызды қандай да бір үрдіске қызықтыру өте маңызды, мысалы бірге ас әзірлеу (бәліш пісіру).

Бала есейген сайын оның оқуынан өрлеуді күтеміз.

Бұл жастағы балалардан мектептің барлық жұмысын орындауы күтілмейді.

2 – 9 сыныптар

Оқушылардың мақсаты:

- Өз оқу әдеттерінде тәртіпті болатын бірбеткей және нысаналы оқушыларды дамыту.
- Мектеп өмірінің кейбір аспектілерін үйге ендіру және бөлісуге ата-аналарға мүмкіндік беру және өз балаларын оқу процесінде қолдау.

«TAMOS Education» үйдегі оқудың басқа отбасылық шараларға сәйкес болуы үшін кесте құрастыру мен үйлестіруде ата-аналардың қолдауына мұқтаж. Оқушының өзіндік жұмысын бақылау күйзеліске әкелмеуі керек, себебі өзіндік жұмысты орындауда кішкене немесе ешқандай ата-аналық көмектің болмауын талап етеді. Яғни, жұмысқа қойылатын барлық талаптарды оқушылар өздері сезінуі шарт, сондықтан оқушылар ештеңені уайымдамауы керек.

Егер сіздің балаңыз үйге берілген өзіндік тапсырманы зауықсыз орындаса немесе белгілі оқу бағытына тым көп уақыт жұмсаса, ол туралы мұғалімге хабарлауыңызды өтінеміз. Бұл оқудағы қиындықтарды анықтау мен дұрыстауға алғашқы қадам болып табылады. Аталмыш жағдай туралы мұғалімге хабарлаңыз, себебі бізге кейбір коррекциялық сабақтарды жоспарлауға қажет болуы мүмкін.

Оқу күні бойынша сіз балаңыздың өз үй тапсырмасын аяқтағанына көз жеткізіңіз.

Өзіндік жұмысы жұманың кешіне берілмейді.

Пәндер бойынша үй тапсырмасын орындауға ұсынылатын максималды уақыт:

- 2 сынып : 10-20 минут
- 3 сынып: 10-20 минут
- 4 сынып: 20-30 минут
- 5 сынып: 20-30 минут
- 6 сынып: 30-40 минут
- 7 сынып: 30-40 минут
- 8 сынып: 40-50 минут
- 9 сынып: 60-90 минут

Бұл уақыт шеңберіне оқылым (берілген уақыттың жартысы) кіреді. Әр бала әр күні 24 сағатқа берілген жұмысты жоспарлауы тиіс.

Егер балаңыз кейбір сабақтарға шамадан тыс уақыт бөлсе, мұғалімге хабарлаңыз. Бұл оқудағы қиындықтарды анықтау мен дұрыстауға алғашқы қадам болып табылады.

Балаңыздың өз жұмысын орындауы үшін жарық, әрі ыңғайлы орынның болуы өте маңызды. Бала алаңдатпа факторлардан аулақ болуы керек. Сондай-ақ, отбасыдағы ахуал да баланың жағдайы мен оқуына әсер етеді.

Ас үйіндегі үстел кез-келген уақытта ыңғайлы жұмыс орны болуы мүмкін. Кейбір балалар өз жеке жазу үстелінде жақсы жұмыс істейді. Тәулік уақыты (күндіз\кешке) да өнімділікке әсер етеді.

Режимді ұстанып көру өте маңызды. Үйдегі оқыту үрдісінде оң нәтижелі жетістіктерге жету үшін барлық тараптар бірлесе жұмыс істеу керектігін есте сақтау керек.

Үй тапсырмаларының күнделігі

Ата-аналардың балаларының үй тапсырмалары жазылған күнделігін қадағалап, онда уақытылы қол қою керектігін өтінеміз.

2.11 Тәртіптік жаза саясаты

ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

Бұл «TAMOS Education» міндетті саясаты болып табылады. Мектептің тәртіптік саясатын жүзеге асыру үшін мектеп қызметкерлеріне кеңестер мен нұсқаулықтар беріліп, қызметкерлердің оқушылар тәртібіне қатысты өкілеттіктері түсіндіріледі.

Оқыту процесіне тиімді септігін тигізу мақсатында барлық қызметкерлер біздің мектептегі тәртіп саясатын әділетті әрі дәйекті қолданады деген ойдамыз. Мектеп қызметкерлері, оқушылар мен ата-аналар барлық оқушылардан күтілетін жоғары мінез-құлық стандарттарын дұрыс түсінуі тиіс. Тәртіп саясатын барлық қызметкерлер, орынбасарлар мен Директор да әрдайым ұстанып, қолдау көрсетуі тиіс.

Біздің саясат нақты саясат пен этикаға негізделген, ол өз кезегінде оқушылар, қызметкерлер, мұғалімдер мен ата-аналар арасындағы тәртіп пен құрметті сақтауға көмектеседі. Нашар мінез-құлық кезіндегі қызметкер қолдануы тиіс шараларды саясат мына тармақтарды орнатады:

- жақсы тәртіп, өзін-өзі ұстай білу мен құрметті қолдау;
- қорқыту мен қорлаудың алдын алу;
- оқушылардың барлық тапсырмаларды орындауын қамтамасыз ету;
- оқушылар тәртібін орнықтыру.

«TAMOS Education» саясатына қатысты барлық құжаттар сайтта үш тілде (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде) көшіріп алуға қолжетімді сақталған.

Түйінді сәттер:

- Мектепте, кейде мектептен тыс жерде де мұғалімдер оқушыларды нашар тәртіп үшін жазалауға құқылы.
- Тәртіпті орнатуға барлық штаттағы бар, балаларға жауапты қызметкерлердің құқығы бар. Мысалы, мұғалімнің көмекшілері.

Нашар мінез-құлық үшін орынды жауап беру үшін қызметкерлер мен мұғалімдер «TAMOS Education» саясатының принциптерін қатаң ұстануы керек.

- оқушыларды тексеру;
- орынды күш пен өзге де физикалық байланысты қолдануға құқығы;
- мектептен тыс тәртіпке байланысты ескертулер жасауға құқық;
- әрдайым агрессивті мінез көрсететін оқушылардың қажеттіліктеріне баға беру үшін басқа жергілікті агенттіктермен жұмыс істеу;
- теріс қылық үшін айыпталушы қызметкерлерге қамқор болу.

Мұғалімдердің өкілеттілігі

Түйінді сәттер:

- Мұғалім әрекеттері ойға қонымсыз, мектеп ережелерін жиі бұзатын немесе қарапайым талаптарды орындамайтын оқушыларды жазалауға құқылы.
- Өкілеттілік балаларға жауап беретін мұғалімнің көмекшісі сияқты штаттағы барлық қызметкерлерге де таралады.
- Мұғалім оқушыларды өз басшылығында болған кезде мектепте, мектептен тыс, тіпті мектепке келе жатқан жолда да жазалауға құқылы.
- Оқушы мектептен тыс жаман мінез-құлық көрсеткен жағдайда да, оны мұғалім жазалауға құқылы.
- Мұғалім сабақ аяқталғаннан кейін оқушыларды сабақтан кейін қалдыруға да құқылы.
- Мұғалім оқушының мүлкін алуға да құқылы.

Нашар тәртіп үшін жазалау

«TAMOS Education» саясаты қабылданған жалпы нормаларға сай емес тәртіп үшін оқушыларды жазалауға мүмкіндік береді. Оқушы өзін жаман ұстап, мектеп ережелерін бұзса, бекітілген міндеттерін орындамаса, онда мұғалім оған жаза қолдана алады. Кез-келген жаза келесідей бес шартқа сай болуы шарт:

- Шешімді мектептің штатындағы қызметкер немесе Бас директор бекіткен қызметкер қабылдайды;
- Жаза мектеп аумағында, оқушы мектеп қамқорлығында болған кезде қабылданады да жүзеге асырылады;
- Жаза ешбір заңды бұзбауы шарт (мысалы, мүгедектер, ерекше оқыту қажеттіліктері бар оқушылар, теңдік пен әртүрлілік, Қазақстан Республикасы заңы мен адам құқығы);
- Физикалық түрде жазалауға тыйым салынады, себебі физикалық жаза заңға қайшы келеді;
- Жазалауға міндетті түрде түрткі болған негіз болуы керек.

Мұғалімнің жазалауы міндетті түрде себепті әрекет болуы шарт. Оның себебін анықтау барысында жазалауға түрткі болған кез келген жағдаят болғаны жөн, оған қоса жазалау кезінде оқушылардың жас ерекшіліктері, мүгедектігі, ерекше оқыту қажеттіліктері ескерілуі шарт.

Мұғалім мен қызметкерлер қарастырылып отырған мінез-құлық оқушыға қандай да бір залал келтіруі мүмкін немесе келтіргендігін анықталуы керек. Мүмкіндігінше мектептің қауіпсіздік саясатын ұстанған абзал. Сонымен қатар, көрсетіліп отырған агрессивті мінез-құлқы оқушының оқытудағы қанағаттанбауы немесе өзге де себепті болуы мүмкіндігін де қарастырған жөн. Бұл кезеңде мектеп қауіпсіздікке жауапты қызметкерді, психологты және өзге де бірлестіктерді іске араластыруға болады.

